



К.Д. Асанов

**Е.А. БӨКЕТОВ  
ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ  
ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қарағанды, 2025

«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

К.Д. Асанов

**Е.А. БӨКЕТОВ  
ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ  
ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Монография*

Қарағанды  
2025

**ӘОЖ 070**  
**КБЖ 76.01**  
**A87**

*Пікір жазғандар:*

**С.Н. Негимов**, филол. ғыл. д-ры, проф.,  
Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті;  
**М.Х. Хамзин**, филол. ғыл. д-ры, проф., ҚР Журналистер  
одағының мүшесі, Қарағанды «Bolashaq» академиясы;  
**Б.С. Рақымов**, филол. ғыл. д-ры, проф.,  
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті;  
**Г.С. Амангелдиева**, PhD, ҚР Журналистер одағының мүшесі,  
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*  
*Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды*  
*(30.05.2025 ж. № 14 хаттама)*

**A87** **Асанов К.Д.** Е.А. Бөкетов публицистикасының идеялық-эстетикалық мәселелері :  
монография / К.Д. Асанов. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов  
атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2025. — 173 б.

**ISBN 978-601-362-341-2**

Монографияда Е.А. Бөкетовтің аса бай публицистикалық мұрасы  
идеялық-эстетикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелген. Зерттеудің теориялық  
және тәжірибелік негізі ретінде ғалым-публицист Евней Арыстанұлы  
Бөкетовтің қаламгерлік қырын танытатын ғылыми-танымдық мақалаларына,  
кітаптарына сараптама жүргізілген, олардың библиографиялық тізбесі  
берілген.

Сонымен қатар, автор монографияда Е.А. Бөкетов шығармашылығының  
тілдік қуаты мен сөз қолданыстарын кеңінен саралап, жүйелі зерттеу  
жүргізген. Ғылыми еңбекте Е.А. Бөкетов публицистикасындағы уақыт бедері  
мен сол кездегі қоғамның саяси-әлеуметтік келбеті ғылыми тұрғыдан кеңінен  
талданған. Ұсынылып отырған монография ғылыммен айналысушы  
магистранттар мен докторанттарға, көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 070**  
**КБЖ 76.01**

**ISBN 978-601-362-341-2**

© Академик Е. А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті, 2025  
© Асанов К.Д., 2025

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ публицистикасының өсіп-өркендеу тарихына зер салар болсақ, зерттеушілеріміздің тек тікелей баспасөзде қызмет істеген немесе сол арқылы шығармаларын кеңірек насихаттаған халқымыздың бірегей қаламгерлерінің (ақын-жазушы, журналистерінің) мұраларын негізгі объекті ретінде қарастырып, ғылыми тұрғыдан баға беріп келген.

Рас, кейінгі жылдары халқымыздың зиялы қауымы, оның ішінде белгілі қоғам қайраткерлерінің әдеби-публицистикалық шығармаларын зерттеп, оған бүгінгі күн талабынан қарап, тарихи-әділ бағаларын беру үрдісі өріс алып келеді.

XX ғасырдағы қазақ зиялыларының рухани дүниетанымы мен азаматтық келбеті — ұлттық мәдениеттің дамуындағы ерекше құбылыс. Бұл тұрғыда Е.А. Бөкетовтің публицистикалық мұрасы — ғылым, эстетика және руханияттың тоғысқан көрінісі ретінде үлкен мәнге ие. Ол — химик ғалым ғана емес, терең ойлы публицист, рухани қайраткер. Оның публицистикасы арқылы біз тек идеялық тұғырнама емес, сонымен қатар интеллектуалдық, көркемдік, этикалық парадигманы да танимыз.

«Қашанда болсын заман, дәуір, саяси-әлеуметтік жағдай әдебиетке енін салып, таңбасын басады. Дәуіріне, дәуіріндегі әлеуметтік-саяси жағдайға лайық әдебиеттің тақырып-идеялық, тіл, стильдік түр, жанрлық ерекшеліктері болмақ. Бұл ақиқат» [1, 320].

Публицистикалық шығармалардың барлығын дәуір үні, замана ақиқаты деп қарастырсақ, сол ақиқат пен шындық үшін тер төгіп еңбек етіп, саналы ғұмырын сарп еткен халқымыздың біртуар ұлы перзенттері емес пе?! Мейлі олар қоғамның басқа салаларында еңбек етсін, бәрібір әдебиет пен мәдениеттен алшақ кеткен жоқ. Ғылым мен әдебиеттің тамыры бір деп, «селен мен өленді» [2, 3] жүрегіне жақын тұтқан, оны шығармашылық мұратына айналдырған қазақтың біртуар перзенті ғалым-академик, жазушы-публицист Евней Арыстанұлы Бөкетов еді.

«Қазіргі ғылымда, жалпы творчестволық еңбектің бәрі де жемісті болу үшін орасан зор информацияны игеруді, бұрынғыдан анағұрлым көп, анағұрлым терең ізденуді тілейді. Сондықтан, осы жағдайды ескере келе, әрине екі кемеңіз басын ұстап, босқа суға кетуге, яғни босқа жеміссіз қалуға болмайды. Бірақ, мен әдебиетті білмеген ғалым шын мәнінде ғалым болады деп айта алмас едім. Үлкен ғалымдар қашан да мәдениеті жоғары, әдебиетке жетік болған. Тимирязевтің ғылыми шығармаларын оқып көрсеңіз, әрбір сөйлемі сырбаз көркемдікке толы екенін байқаймыз. Өзіміздің Шоқан Уәлиханов тарихи-этнографиялық еңбектерін Добролюбов пен Писаревке тән әдеби шеберлікпен жазған. Ал академик Сәтбаевтің әрі әнші, әрі домбырашы, әрі әдебиетші болғаны есімізде. Демек, адамзат баласы жасаған рухани асыл қазыналарды игеру, соның негізінде парасат биігіне көтерілу ғылым жүзінде өзіндік ізін қалдыруға еш қайшы келмейді деп айта аламыз», – деген екен Е.А. Бөкетов 1975 жылы «Лениншіл жас» газетіне берген сұхбатында [3].

Сондай-ақ, жазушы Ахат Жақсыбаев «Бүгінгі талап — біліп жазу» атты мақаласында мынадай пікір келтіреді: «Жазушылар, журналистер ғана емес, қоғам қайраткерлері, ғалымдар да публицистикаға араласа бастады. Тіпті «докторлар публицистикасы» деген жаңа термин пайда болды. Оның себебі А. Аганбегян, Т. Заславская, Н. Шмелев, Г. Попов, Ю. Афанасьев сияқты академиктер, ғылым докторлары экономика, шаруашылық тақырыптарына арнап бір емес, бірнеше мақалалар жазды және әртүрлі басылымдарда жариялады. Белгілі очеркист-жазушы Ю. Черниченко өзінің бір сөзінде “докторлар мықтап жұмыс істеді” дегені бар» [4, 17].

Автор бұл пікірін қайта құру жағдайымен сабақтастыра айтқанымен бұл жағдай кейбір ғалымдар өмірінде ертеден байқалған құбылыс болатын. Біздің бұл уәжімізге Е.А. Бөкетовтің публицистикалық мұрасы толық дәлел бола алады.

Кәсіби публицистермен салыстырғанда Е.А. Бөкетов публицистикасының өзіндік айырмашылығы мол. Публицистиканың негізгі объектісі ғылыми-техникалық прогрестің қоғамда алар орны мен ықпалы болғанымен, сол

жолдағы ұрпақ қаракеті мен қимылы публицист көзқарасында соны пайымдауларға бастайды. Ғылыми-техникалық прогресс тақырыбы тәлім-тәрбие, адамгершілік — ар-ұждан, парасат-білім сияқты ізгі қасиеттермен ұштасып, бірге өріліп, бірге сабақтасып жатады.

1952-1983 жылдар аралығында баспасөзде үзбей жарияланып келген Е.А. Бөкетовтің публицистикалық мұрасы, өзінің бірегей ерекшелігімен, көркемдік шеберлігімен, публицистика саласында айшықты орын алады. Көпшілік Евней Бөкетовті ғылым докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО жазушылар одағының мүшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі деп таниды. Бірақ біз оның публицистік қырын ғылыми тұрғыда толық танып-білдік деп айта алмаймыз. Оның да өзіндік себептері бар.

Біріншіден, Е.А. Бөкетов жаратылыстану ғылымы жолында еңбек етіп, сол жолға саналы ғұмырын бағыштаған ғалым.

Екіншіден, қаламгерлік қызмет Е.А. Бөкетовтің табиғи болмысынан дарыған қасиет. Яғни, тек өзіндік ынта-ықылас, мақсат-мүдде тудырған құбылыс. Сондықтан да көзі тірісінде Бөкетовтің жазушылық-публицистік еңбегіне ғылыми тұрғыдан аса мән беріле қойған жоқ. Сондай-ақ, әр жылдары түрлі газет-журналдарда, баспаларда жарияланған ірілі-ұсақты публицистикалық мақала-очерктері, эссе-хикаяттары топтастырылып, жиналмаған. Жалпы Бөкетовтану ғылымы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары ғана қолға алына бастады. Оның ішінде Е.А. Бөкетовті публицист ретінде танып, шығармашылығына сол тұрғыдан баға беретін бірде-бір ғылыми мақалалар немесе зерттеулер жарық көрген жоқ.

Зерттеліп отырған тақырыптың зәрулігі ғалым-публицистің көптеген журналист-публицистерге ұқсай бермейтін өзіне тән ерекшелігінен туындап отыр. Бұған оның өз тақырыбының білікті кейіпкері болуы, азаматтық позициясы, қоғамның әр түрлі салаларынан мол хабардар көрегенділігі, көкейкесті мәселелерді көтере білуі және одан шығудың ғылыми негіздерін көрсете білетін білімдарлығы, қоғамдық-саяси, мәдени-таным парасат жолындағы шыншылдығы, турашылдығы алғышарттар бола алады.

Әр дәуірдің ақиқаты мен шындығын бүгінгі күн талабы тұрғысынан таразылау — ұрпақ парызы. Ақиқат пен шындықты біз уақыт жылнамасы: баспасөзден немесе әдебиет пен өнерден, дәстүр мен тағылымнан сыр шертер рухани құндылықтардан іздейтіміз табиғи құбылыс. Соларды ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы, әр дәуірдің болмыс-бітіміне, тарихи бедеріне өлшем жасаймыз.

1998 жылы Қарағандыдан академик Е.А. Бөкетовтің көзін көріп, тіршілігінде онымен сырлас-сыйлас, шығармашылық қарым-қатынаста болған азаматтардың естеліктерінен тұратын «Біртуар» атты кітап жарық көрді [5]. Белгілі қоғам қайраткерлері мен ғылым докторлары, ақын-жазушылар мен ұстаз, тәлімгерлердің Бөкетов туралы жазған сыр-толғам, естелік-эсселері Бөкетовтің адамгершілігі, парасаты, өнегелі істері жайлы ғибратты әңгіме қозғайды. Естелік жазушылар Бөкетов талантты публицист, аудармашы-журналист, әдебиетші еді деп ілітипатпен еске алғаны болмаса, публицистігін танытатын тың пайымдауларға бара қоймайды. Сондықтанда біз, Бөкетовтің публицистігін нақтылап, ғылыми тұрғыдан дәлелдеу үшін, осы тақылеттес жазылған өзге де ғылыми зерттеулерге шолу жасап өттік.

Қазақ публицистерінің шығармашылығын зерттеген Т. Қожақеевтің, О. Сұлтанаевтің, Н. Омашев, Қ. Ергөбековтің, Б. Жақыповтың, С. Кенжебекұлының, Б. Майтановтың т.б. еңбектері ізденіс барысында игі әсерлерін тигізді. Е.А. Бөкетовпен творчестволық қарым-қатынаста болған Ә. Тәжібаев, М. Қаратаев, Ж. Бектұров, З. Қабдолов, И. Қарақұлов, М. Әлімбаев, Ә. Әлімжанов, Р. Сыздықова, К. Салықов, М. Сәрсекеев, А. Сейдімбеков, Ғ. Құлқыбаев, С. Никитин, А.И. Брагин сияқты көптеген ақын-жазушы, ғалымдардың естеліктері мен шығармашылығына қатысты әдеби-сын пікірлері де пайдаланылды.

Е.А. Бөкетов публицистикасының ғылым — өнер — әдебиет, тәлім-тәрбие — ағартушылық, өндіріс — өнеркәсіп — экология жайлы толғаныстарының, мақала-эсселерінің ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастыратын мәселелері көп. Бөкетов шығармаларын зерттеу негізінен екі бағытта өрбиді.

Бірінші тарауда Бөкетов публицистикалық шығармаларының проблемалық сипатын ашып, ерекшелігі мен тақырыптық ауқымын көрсету болса, екінші тарауда публицистің шеберлігін, ой мен тіл үйлесімі төңірегінен қарастырып, психололизм негіздерінің мәнін ашып көрсету мақсат болған.

Уақыт шындығын, замана сырын публицистика тілімен жазып жеткізген ғалым-публицист Е.А. Бөкетов мұрасын зерттеу - қазақ публицистикасына тың тарау болып қосылатын дүние деп қараған жөн.

Бұл зерттеу жұмысының негізгі өзегі Е.А. Бөкетов публицистикасына тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан талдау жасалып, зерттеу объектісіне айналуы Бөкетовтану ғылымындағы алғашқы қадам болып саналды. Зерттеуде Евней Арыстанұлының публицистикалық мұрасына тұтас шығармашылық жүйеде бүгінгі тәуелсіз ел көзқарасы тұрғысында баға беріліп, ғылыми зерттеу еңбегінің арқауына айналып отыр.

Біріншіден, Е.А. Бөкетовтің публицистикалық мұрасы толық күйінде тұңғыш рет қарастырылады.

Екіншіден, бұрын жарық көрмеген қолжазбалары мен баяндамалары, хаттары ғылыми негізде талданып, сараланды.

Үшіншіден, Е.А. Бөкетов шығармаларындағы жаратылыстану ғылымын әдеби тілде образдап сөйлетудің тәсілі тұңғыш рет нақты мысалдармен дәлелденіп қарастырылды.

Төртіншіден, Е.А. Бөкетовтің публицистикалық мұрасын зерттеу Жоғарғы оқу орындарында журналистерді даярлау барысындағы БАҚ-тағы «Ғылым мен техника тақырыбын игеру» курсына теориялық және методологиялық оқулық негізін жасауға бағыт болады.

Бесіншіден, халқымыздың белгілі ғалым-ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан сияқты біртуар перзенттері шоғырында Е.А. Бөкетовтің өмірі мен қызметі, шығармашылық мұрасы болашақ ұрпақты тәлім-тәрбиеге, парасат білімге бастайтын пән ретінде орта мектеп оқу бағдарламаларына енгізілуін меңзейді.

Алтыншыдан, публицистикалық шығармаларын зерттеу арқылы автордың азаматтық болмыс-бітімі айқындалып, оның

қоғам қайраткері, жазушы-публицист ретіндегі адамгершілік ізгі қасиеттері, гуманистік ой-пікірлері жан-жақты ашылды. Бөкетовтану ғылымын басқа салада қарастырушыларға бұл айқын бағдар болмақ.

Жетіншіден, Е.А. Бөкетовтің публицистикалық шығармалары тақырып мазмұн жағынан жіктеліп, толық тізімі жасалды.

Е.А. Бөкетовтің публицистикалық мұрасының ерекшеліктері мен даму жолдарын айқындау үшін, біз алдымызға мынадай міндеттер қойдық: жалпы, «Публицистика – жазушы мен журналистің элеуметтік пікір айтуы, күнделікті өмірге, әр қилы қоғамдық құбылысқа кемел талантпен үн қосуы, көркемдік шабытпен терең ой тастап, жұртшылықты белгілі бір оқиғаға, құбылысқа ерте, еліктіре білуі. Екінші сөзбен айтқанда, публицистика дегеніміз — саяси-көркем проза, қаламгердің-элеуметтік мәселелерді толғауы» [6, б]. Осы тұжырымға орай біз публицистиканы зерттеуші ғалымдардың пайымдары мен ғылыми негіздеріне сүйене отырып, дарынды публицист-ғалым Евней Бөкетов шығармашылығын негізге алып, публицист шығармашылығының заңдылығы және шығармашылық еңбекте қалай көрініс табатынын мақсат еттік.

Ғалым-публицист Евней Бөкетов қазақ көркем публицистикасына қосқан үлесі мен сол жолдағы өзіне тән кейбір ерекшеліктері, цитата мен деректерді сөйлетудегі шеберлігі, публицистік образдар жасаудағы әдісі, азаматтық көзқарас-пайымын танытудағы жоғарғы интеллектуалдық қасиеті, эрудициялық қабілеті зерттеу барысында жан-жақты ашылады. Публицистің азаматтық көзқарастары, парасат-білімі мен тағы басқа ізгі қасиеттеріне тоқталып, көкейкесті мәселелерді көтерген өміршең шығармаларына талдау жасамақпыз.

Зерттеу барысында Евней Бөкетовтің публицистік қарым-қабілетін, қаламгерлік жолдағы өзіндік орнын танытуды көздегендіктен, оның осы салаға қатыстылығын өмірбаян жолдарымен, тағдыр-талайы, табиғи болмысымен астастыра өріп, қарастырғанды жөн көрдік. Біздің бұл мақсатымыздың мәніне зерттеуді толық оқи отырып көз жеткізуге әбден болады. Сондықтанда Е.А. Бөкетов туралы естеліктерге, ой-пікір, алғыс-

сезімдерге орын беріп отыруымыз ғылыми зерттеудің құндылығын арттыра түсетіндігіне кәміл сенеміз.

Осы мақсатқа жету үшін автор алдына мынадай міндет қойды:

– Е.А. Бөкетов өмір сүрген қоғамдық болмыстың ахуалын көрсету арқылы автор көзқарасының қалыптасуына әсер еткен алғышарттарды айқындау;

– Е.А. Бөкетов публицистикалық шығармаларының қоғамдық-саяси маңызын ашып, композициялық ерекшеліктерін зерттеу;

– Е.А. Бөкетов публицистикасының проблемалық сипатын аша отырып, тақырып аясының ауқымдылығын көрсету;

– уақыт шындығын көрсетудегі публицистің көрегендігі мен кемеңгерлігін дәлелдеу;

– автордың ғылыми көзқарас, пайымының публицистикасында көрініс табуының өзіндік ерекшеліктері;

– Е.А. Бөкетов публицистикасының құндылығы неде? Ұлт ұғымынан бастап Адамзаттың ұлы мұраттарына дейін сөз студегі автордың даралық ой-пікірі, ғылыми-тұжырымы шығармаларында қалай көтеріледі? Бөкетов көтерген проблемалар қуатының өміршендігі қандай дәрежеде? Міне, осы сияқты мәселелерді объективті көзқарас сипатында ашып көрсету;

– Публицист шығармаларының поэтикасын: тіл мен ой үйлесімінің ерекшелігі, психологиялық иірімдер, шығармадағы эпиграф, цитата, афоризмдердің мәнісін зерделеу.

Публицистің баспасөз беттерінде әр жылдары жарық көрген мақала, очерктері баспадан басылып шыққан жинақтары, мемлекеттік архивтердегі материалдарымен қатар, Е.А. Бөкетов жайында жазылған естеліктер, сондай-ақ журналистиканың тарихы, теориясы мен тәжірибесі мәселелерін зерттеуші ғалымдар Қ. Бекқожиннің, Т. Қожакеевтің, Т. Амандосовтың, Ш. Елеуқеновтің, М. Барманқұловтың, Т. Ыдырысовтың, Н. Омашевтің, С. Қозыбаевтың, Б. Жақыповтың, орыс зерттеушілері М. Пенкин, М. Стюфляева т.б. еңбектері құраса, әдебиетті зерттеуші ғалымдар М. Дулатұлы, А. Байтұрсын, М. Қаратаев, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Р. Сыздықова,

Р. Бердібаев, Р. Нұрғалиев, А. Егеубаев, С. Әшімбаев, т.б. еңбектеріне сүйендік.

Зерттеу кезінде Е. Бөкетовтің 1953 жылдардан «Ленинская смена», «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда», «Қарағанды университеті» газеттерінде, сондай-ақ «Жұлдыз», «Простор», «Қазақстан коммунисті», «Білім және еңбек», «Мәдениет және тұрмыс», «Народное хозяйство Казахстана», «Знамя», «Жалын» журналдарында жарық көрген публицистикалық мақала-очерктері, эссе-естеліктері мен сын рецензиялары пайдаланылды. Елу сегіз жыл ғұмырының отыз жылдан астамын ғылым мен шығармашылық жолға арнаған публицист-ғалымның қаламгерлік еңбегінің хронологиялық ауқымы 1953-1983 жылдар аралығын қамтиды. Сондай-ақ бұрын жарық көрмеген, баспаларда, редакцияларда жатып қалған кейбір публицистикалық шығармалары да зерттеу барысында назарда болды.

Бұл зерттеудің басты ерекшелігі Е.А. Бөкетовтің басқа саланың маманы екендігімен байланысты болмақ. Қаламгерлік қасиет өзінің ынта-ықылас, арман-мақсатынан яғни өмірдегі рухани қажеттілігінен туындаған ізгі мұраты болып саналады. Сондықтанда дәл қазіргі таңда, публицистика саласын зерттеушілерге, оның жаңа қырларын танып-білуге талап етушілерге бұл зерттеу маңызды. Өйткені Бөкетов публицистикасында теориялық талаптарда кездесе бермейтін кейбір ерекшеліктерді кездестіруге болады. Бөкетов публицистикасының шеберлік қырларын, эстетикалық, тәлім-тәрбие сырлары мен ғылыми-техникалық прогресске, оқу білімге, ғылымға құштарлығы секілді проблемаларын талдап саралағанда: жоғарғы оқу орындарында журналист шеберлігі, Баспасөздегі күрделі тақырыптарды игеру, немесе журналист және этика сияқты арнайы курстарда бұл зерттеуімізді практика жүзінде көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Сондай-ақ автор әзірлеген Е.А. Бөкетов публицистикасының библиографиясы оның қаламгерлік еңбегі мен тақырыптық бағыттары мен мазмұны жөнінде белгілі дәрежеде толық мағлұмат беріп, Е.А. Бөкетовтің ғылыми-

публицистикалық мұрасын одан әрі тереңдей зерттеуде ғылыми библиографиялық негіз бола алады.

Евней Бөкетовтің публицистік мұрасын зерттей отырып, қорғауға ұсынылатын қорытындыларды төмендегіше көрсетуге болады:

1. Біз Е.А. Бөкетовті қазақ баспасөз тарихында өзін публицист-жазушы ретінде танытқан қарымды қаламгер ретінде бағалаймыз. Бөкетов публицистикасында тұтас бір қоғамдық жүйенің отыз жылға жуық (1953-1983 жж.) бет-бедері, тарихы реалистік тұрғыда көрініс береді.

2. Е.А. Бөкетов публицистикасы азамат игілігі үшін атқарылар қоғамдық болмыстың шешілмес кейбір түйіндерін тарқатуымен құнды. Шығармашылық мұрасының дені өзінің өміршендігін, проблемалық қуатының жоғалмайтындығын көрсетіп отыр. Мәселен жастар тәрбиесі мен адамгершілік-моральдық тұрғыдағы мақалалары мен экологиялық ахуал төңірегіндегі жазған мақалаларының өміршендік сипаты басым болып отыр.

3. Е.А. Бөкетов өмірінің кредосы: «Өзім туралы емес, адамдарға қажет аса мәндірек оқиғаларға көбірек орын беруім керек» [7, 213]; «Біздің міндет болашақ ұрпаққа берік іргетас қалап беріп кету» [5, 124] сияқты ізгілікті ойлардан тұратынын біз зерттеу барысында жаздық. Е.А. Бөкетов адамзаттық, қайраткерлік, қаламгерлік тұрғыдан осы айқан мақсаттарына жетті деп айтуға толық негіз бар. Оған артында қалған аса мәнді де мағыналы шығармашылық мұрасы куә.

4. Публицистика — дәуір үні, замана айнасы деп бағалайтын болсақ, Е.А. Бөкетов өз уақытының кейбір болмысын ғылыми негізде, ой елегінен өткізе отырып, шындықты шынайы шебер жеткізе білді.

Тек осы факторлар ғана публицист шеберлігін айқындап тұрған жоқ, Е.А. Бөкетов сондай-ақ ағартушы-ғалым, саяси-қайраткер, әдебиетші-өнертанушы ретінде өзінің қаламгерлік қасиетін барынша ашып көрсете білді.

Публицистік факт жасау — өзара сабақтас үш міндетті (танымдық, идеологиялық және коммуникативтік) шешуге бағытталған күрделі процесс болса, Е.А. Бөкетов публицистикасында осы міндеттердің барлығы да үйлесім

тауып, шебер шендестіріле жазылды. Мұның өзі Е.А. Бөкетовтің шебер, талантты публицист екендігін танытады.

Зерттеудің қайнар көздері ретінде ғалым-публицистің әр жылдары баспадан жарық көрген кітаптары, мемлекеттік архивтерде сақталған қаламгердің қолжазбалары, хаттар мен әртүрлі деректер, газет қиындылары, көптеген материалдардың түпнұсқалары қарастырылды.

Монографиялық жұмыс салыстырмалы түрде типологиялық материалдарды талдау, фактілер мен деректерді жүйелеп тексеру әдісіне негізделді.

Зерттеудің негізгі мазмұнын ашып беретін мақалалар арнайы ғылыми жинақтарда, мерзімді басылымдарда жарық көрді. Монография материалдарының негізінде «Е.А. Бөкетов публицистикасы» [8] атты академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті журналистика бөлімінің студенттеріне арнаулы курс оқытылады.

Монография Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті журналистика кафедрасы мен филология факультетінің Ғылыми кеңесінде талқылаудан өтті.

# 1. Е.А. БӨКЕТОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

## 1.1 Е.А. Бөкетов публицистикасындағы уақыт бедері

Е.А. Бөкетовтің публицистикасы — қазақ қоғамының рухани-мәдени дамуына үлес қосқан мазмұны терең, идеясы кемел дүниелер. Оның мақалаларында ғылым мен өнердің, рационалдық пен эмоцияның синтезі көрініс табады. Бөкетов өз заманының ғылыми-интеллектуалдық ізденістерін көркем тілмен, философиялық пайыммен жеткізе отырып, публицистиканың эстетикалық формасын жаңа сатыға көтерді.

Мәселен, оның «Өндіріс пен ғылым егіз» атты мақаласында ол ғылым мен өнерді адам болмысының тұтас көрінісі ретінде қарастырады: «Ғылым — ақиқатқа жетелейтін сана жолы болса, өнер – сол ақиқатты жүрекпен сезіну жолы» дейді. Бұл ой ғылыми білім мен көркемдік қабылдаудың үндестігін дәл сипаттайды.

Бөкетов публицистикасындағы басты идея — адамзат болмысының тұтастығы, тұлғаның рухани кемелденуі. Ол ғылымды да, өнерді де адамгершілік пен ізгілікке бастайтын жол ретінде көреді. Оның мақалаларында гуманизм, парасат, әсемдік идеялары әрдайым алдыңғы қатарда тұрады. Бұл оны эстетик публицист ретінде тануға толық негіз береді.

Қазақстанның дербес тәуелсіз ел болғанына да отыз төрт жылдың жүзі болыпты. Кешегі совет кезеңіндегі жетпіс жылға жуық тоталитарлық жүйенің құрсауында болған бодан мемлекеттер өз алдына отау құрып, егемен ел ретінде әлемге танылды. Жетпіс жылға жуық коммунистік жүйенің ықпалында болып, дәстүрі мен мәдениеті, тілі мен әдебиеті өгейлікке ұшыраған ұлттар қатарында қазақ елі де болғаны белгілі. Әсіресе, осынау қоғамдық салалар ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының көрген құқайын тілмен айтып жеткізу қиын. Цензура атты темір ноқта киген ақпарат құралдары тек қана жалғыз идеяның шылауында өмір сүрді. Ол идея «ұлы» Ленин есімін бетперде еткен коммунистік партияның сұрқия саясаты еді. 1917 жылдан 1987 жылға дейін ақпараттар шежіресінде сол

жылдардың шерменде үні жатыр. Коммунистік партияның саясатын, Лениндік идеяны өз шығармаларына арқау етпеген, кеңестік ақын-жазушы, публицист-қаламгерлер жоққа тән, немесе болған жоқ деп айтсақ артық айтқандығымыз бола қоймас. Дей тұрсақта осынау шерлі жылдар шежіресінде заман ағымын аңдап, әліптің артын бағып, түбінде бір ақиқаттың боларын сезген сұңғыла адамдар әрине біздің халқымызда да болды. 1979 жылы академик-ғалым, жазушы-публицист Евней Арыстанұлы Бөкетовке жазған хатында халқымыздың ардагер ақыны Әбділда Тәжібаев үлкен тебіреніспен осынау замананың боларын тұспалдағандай былай депті: «Жуас жұрт тынып жатқан тереңдерге тең. Ол әріден күтеді беріде жүргендерді. Беріде жүргендер әрінің алдында жауап беруге міндетті. Тарих бәрімізге де билік айтушы. Ол омыраудағы асылдарға, қалтаңдағы мүшелік қағаздарға пысқырмайды да.

– Кім болдың? Қалай өмір сүрдің? Кімдер үшін өмір сүрдің? -дейді, бәріміздің жағамыздан алып. Кейін өтетін «сынақ көпіріміз» сол тарихтың тергеуі. Маған біреу:

– Оған сенбеніз, қазақта тарих болмайды, оның қолынан түк те келмейді, – дейді.

Әжептәуір ақылды адам айтты осылай деп. «Жаны күйген соң сүйдеген шығар, байғұс» деп үндемей құтылдым. Әйтпесе, мәдениеті өскен, елдігін сезінген, ертең бұдан да ірілене, сұлулана түсетін халықта тарих болмаушы ма еді? [8]. Ә. Тәжібаевтың Евней Арыстанұлын іш тарта сыр бөлісуінде үлкен мән жатса керек. Ұлы адамдар қашанда бірін-бірі тани білген ғой. Мәселен, Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовтың кездесуінің өзін кездейсоқтыққа жатқызуға бола ма?

Ол адамның ішкі жан-дүниесі мен рухани ой-әлемінің ерекше қасиетімен ғана түсіндірілетін жағдай. Евней Бөкетовтің прозалық туындылары мен публицистикалық еңбектерінде идеялық тереңдік ерекше орын алады. Оның шығармаларында адамгершілік, әділеттілік, ақиқат, ұлттық сана, рухани тазалық секілді ұғымдар басты мәселеге айналады. Қаламгер ғалым кеңестік идеология шеңберінде отырып-ақ, ұлттық болмысты, қазақтың мүддесін, тарихи жадыны ұмыттырмауға тырысты.

Біз Евней Бөкетовті көбіне үлкен ғалым ретінде танимыз, солай бағалаймыз. Бірақ Бөкетов өмірімен етене таныс, онымен

қарым-қатынаста болған адамдар оны ғалым деп қана емес, үлкен әдебиетші, журналист-публицист ретінде құрметтейді. Сөзіміз дәлелді болу үшін халқымыздың көрнекті ақын-жазушылары мен ғалым-академиктерінің Евней Арыстанұлы туралы айтқан ой-пікірлерін келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз.

Медицина ғылымдарының докторы, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, профессор Ишанбай Қарақұлов: «Евнейдің талантты ақын, әдебиет зерттеушісі, аудармашы, әрі журналист, әрі жазушы екенін жұрттың бәрі біледі. Бірақ жұртшылық оның бойындағыны тұтас алып үлгерген жоқ. Таланты жаңа ашылған кезде оның алдынан алынуы қиын асудай кедергі шықты. Ол — талант пен әділеттің, шындықтың жауы — мансапқорлық, ағайыншылық дейтін қырсық еді десе» [5, 11], Сырбай Мәуленов өз естелігінде Евней Арыстанұлы туралы былай деп жазады: «1970 жылы емханаға түскенімде Қаныш ағаның зайыбы Таисия Алексеевнаны кездестірдім. Ол кісі:

– Қаныш жайында кітап жазылуы керек еді. Соның реті қалай келер екен? – деп сұрады менен. Мен іркілместен:

– Оны Евней Бөкетовпен сөйлесіңіз. Бір келсе сол кісінің орайы келіп қалар, – дедім. Евней кейінірек белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевке жазған хатында: «Сіз Қанекен жөнінде жазғанымды ескерткен екенсіз. Соған кәдімгі өз бастығыңыз Сыраған кінәлі. Ол кісі Қанекеннің бәйбішесі Таисия Алексеевнамен емханада жатады да, үлкен кісінің өмірбаянын тек Евней жаза алады деп дәріптепті. 1971 жылы Қанекеннің бәйбішесі бұрын бейтаныс мені шақырып, өтініш айтуы осыдан басталды», – дейді [5, 15].

Уақытында Евней Арыстанұлымен үлкен қарым-қатынаста болып, жиі араласқан қарағандылық қарт қаламгер Жайық Бектұров өз естелігінде ғалым інісі жайлы терең тебіреніспен: «Көбіне ғалым жолы да, ақын жолы да тақтайдай тегіс бола бермейтіні белгілі. Тасы өрге домалап, атағы шығып, жұртшылық аузына қарап келе жатқан оқымысты, әдебиетші-сыншы, аудармашы, публицист Е.А. Бөкетовті көре алмай етектен тартқан, аяқтан шалған қу-сұмдарда болмай қалған жоқ. Еңбегі жемісті, бойындағы мол қабілет-күшін, қайрат жігерін Отанымыздың мәдени өмірін мерейлендіре түсуге жұмсаған ақ

көңіл, адал кісілікті Е. Бөкетовке жала жапқан эзезіл, өсекші бүркеншектер Қарағандыдан да, пәлекор пасық пасквильшілер Алматыдан да табылды. Бірақ шындық, ақиқат жеңбей, көкті қалың бұлт қанша торласа да, сол бұлт серпілмей күннің көзі жарқ етпей қоймайтындай, өтірік-өсектің құйрығы бір тұтам дегендей, бұл күнде жалақор, пәлекор, эзезіл арамзалардың беттері ашылып, қара жүзділердің еңсесі басылды [5, 37].

Сондай-ақ медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ғабдолла Құлқыбаев өзінің Евней Арыстанұлы туралы жазған «Әдебиетші» атты естелігінде: «Академик-жазушының эпистолярлық мұрасы да аса бай. Еліміздің көптеген белгілі қайраткер, ғалым, жазушылармен жазысқан хаттар соның куәсі. Ол кісі Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Ә. Нұрпейісов, К. Салықов, Ж. Бектұров тәрізді қазақтың ақын-жазушыларына, В. Кожевников, С. Никитин, А. Брагин сынды орыстың ақын-жазушыларымен тығыз шығармашылық байланыста болды. Зерттеген, зерделеген кісі осы кісілермен жазысқан хаттарының ішінен қаншама ой, пікір маржандарын теріп алар еді», – деп жазады [5, 168].

Әрине, Евней Арыстанұлының публицист-қаламгерлігі мен оның шығармалары тұрғысында айтылған мұндай ой-пікірлерді көптеп келтіруге болады. Бірақ бұл зерттеудің діттеген мақсаты ол емес. Жоғарыда сөз еткендегіміздей, замана ағымын аңдап, түбінде тарих ақиқаты ашыларын сезген сұңғыла адамдардың бірі Евней Бөкетов еді.

Евней Арыстанұлының қоғамдық көзқарасы мен парасат пайымының қандай екендігін оның публицистикалық мұрасын оқып, зерделеген адам жақсы аңғарады.

Е. Бөкетов мұрасының басты байламдары ұрпақты парасаттылық, адамдыққа тәрбиелеу, білім мен ғылымды меңгеріп, туған еліне қалтқысыз қызмет етуге баулу, сондай-ақ қоршаған орта мен рухани құндылықтардың қасиетін бағалау болып табылады. Содан кейінгі жиі еске салатыны және оны өз шығармаларында үнемі қолданып, қисынды дәлелдермен тұжырымдап жүретін пікірі ғылым мен әдебиеттің творчестволық туыстығы жайындағы көзқарасы.

Осы жерде журналистика саласының қыр-сырын зерттеуші белгілі ғалым Н. Омашевтің мына бір пікірлері көкейге қонымды болып көрінеді: «Біз кейде журналистикадағы ғылыми мінбелерді мойындай да, қабылдай да бермейміз. Өйткені, «ғылыми стиль» дегенді жалаң фактілер мен нақпа-нақ айтылған тұжырымдар тізбегі деп білеміз. Солай жазсақ, солай сөйлесек, ғылым тілі деп бағалаймыз. Бірақ, ғылым тек диссертациялар мен салалық зерттеу кітаптар арқылы қалыптаспайды. Ғылым — тек ғылым үшін жеткізе білу емес олардың санасына саңылау, ойына қозғау салу арқылы толығады, дамиды. Мұндай ғалымға журналистика, яғни бұқаралық ақпарат құралдары — газет, журнал, радио, телевизия, баспасөз көмекке келеді» [9, 165].

Е.А. Бөкетов кәсіби журналист емес. Бірақ кез келген қаламы жүйрік, эрудициясы мықты қаламгерден жазу шеберлігі мен стилі әсте кем де емес.

Е.А. Бөкетов публицистикасының ерекшелігі де осы әуесқойлығында, турасын айтқанда басқа сала маманы екендігінде жатса керек. Өйткені академик-ғалымның ойлау қабілеті қағаз бетіне өзіндік байлам-түйсікпен сол қалпында түседі. Бұл тұрғыдан алып қарағанда Бөкетовтің публицистикалық мұрасы Ш. Уәлиханов пен Қ. Сәтбаевтың шығармашылық мұрасын еске түсіреді.

Ғылым докторы, СССР Мемлекеттік сыйлығы лауреаты, СССР жазушылар одағының мүшесі, Қазақ ССР ғылым академиясының академигі, бірнеше жыл Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болған Евней Арыстанұлы Бөкетов есімі өз кезеңінде одаққа, қала берді, көптеген шет елдерге мемлекет қайраткері ретінде жақсы танымал болды.

Оның үстіне қаламгерлік қасиеті Бөкетов болмысын бұқара халыққа одан сайын айшықтай түсті.

Сондықтан сол кездің бұқаралық ақпарат құралдары Бөкетовпен жақсы қарым-қатынаста болды. Одан газет-журнал журналистері интервью алып, ол туралы мақала-очерктер жазса, телерадиода Бөкетов жайлы хабарлар жиі түсіріліп тұрды.

1975 жылғы «Лениншіл жас» газетінің 22-мартындағы санында аталмыш газет тілшісі Ақселеу Сейдімбековтің Е.А. Бөкетовпен «Жиырма деген жасында...» атты интервьюю

жарияланды. Бұл көлемді интервьюде Е.А. Бөкетовтің азаматтық болмысы мен қоғамдық көзқарасы, ғалымдық зерде, зейіні барынша ашылып көрсетілген.

Әсіресе, сол кезеңнің жастары туралы айтқан келелі пікірі, бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоя қоймағандай.

«Ата-бабадан “ақылгөй шал” деген сөз қалған. Адам есейген сайын жобасы ақылгөй келеді де, сол ақылгөйлігімен жастардың құлағын кеміреді. Меніңше, мұндай ақылгөйліктің керегі жоқ. Өйткені біздің жастар белгілі бір айқын-аян қағидаларды құлағына құя берерліктей ойсыз, пікірсіз, тұрлаусыз жастар емес қой», – дейді [10].

Жалпы, Евней Арыстанұлы өскелең ұрпақ, жастар туралы, олардың қоғамдағы алар орны, үлесі, мақсат-мүддесінің ерекшелігі жайлы келелі пікірлерін үнемі жазып жүрген.

Публицистикалық шығармаларының дені жастарды парасаттылық пен білімге, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерге баулуға арналған. Мүмкін бұл қасиет ұзақ жылдар іргелі оқу орнына басшылық қызмет еткендіктен немесе, өзінің өмірден көрген, бастан кешкен «соқтықпалы, соқпақты» тағдырынан туындаса керек.

Қалай десек те жастарға, жас деп қарамай, өзімен тең адамша тілдесіп, сырласқан. Архивтегі кейбір қолжазбаларын оқығанда, жастар мәселесіне соншалықты көңіл бөлгендігі ерекше аңғарылады. Әсіресе, «Жоғары оқу орнына түскендерге есік ашар лекция» деп аталатын қолжазбасы үлкен жүректі ғалымның азаматтық кішпейілдігін танытқандай. Бірнеше жерін сызып, үстінен түзей отырып жазған, осынау қолжазба ғалым-публицистің творчестволық табандылығын, тазалығын, әрі жазуға үлкен жауапкершілікпен қарайтын еңбекқорлығын көрсетеді. Әрі өзінің әдебиетке жақын екендігін, оны сүйегіндігін паш етеді. Мәселен: «Сіздер өмірдің шешімін өздеріңіз шешуге жаңа ғана қадам басқан балдырғансыздар. Бұл кезең ең қызық кезең, ізденіс, толғаныс кезеңі, арман кезеңі, құлаштап талпыну кезеңі, мұның бәрі поэзия. Олай болса, мен лекциямды поэзиядан, Тұманбай ақынның бір әдемі өлеңінен бастағым келіп тұр», – деп, ақынның бес шумақтан тұратын жастар туралы өлеңін келтірген [11]. Е.А. Бөкетовтің баспасөздегі қозғаған көкейкесті мәселелерінің бірі әрине

ғылым мен техника, өндіріс проблемасы. Осы өзекті тақырып төңірегінде жазған ғалымның публицистикалық мұраларын зерделей отырып, немесе әр түрлі газет-журналдардағы интервью диалогтарынан, ой-пікірлерінен түйгеніміз Бөкетовтің қоғамдық көзқарасы мен ғылыми ой пікірінің сонылығы және дәйектілігі болып табылмақ. Өйткені «ғылыми-техникалық революция және адам» деген аса күрделі проблема сол уақыттың көкейкесті мәселелерінің бірі болып саналатын. Бүгінгі күрделі өмірімізді де онсыз елестету қиын. Озық ойлы адамзатты қатты толғандырып отырған осы проблемаға қатысты қазақ қаламгерлері әлі толымды сөз, толғамды жауап айтқан жоқ. Осынау күрделі тақырып кей шығармаларда ұшқын беріп өткенмен, арнайы зерттеу объектісіне айналмауы, айтыла қалғанда да ғасырымыз алға тартқан жоғары деңгейде сөз етілмеуі қынжылтады. Жазылып жүрген қай тақырыпты алсаңыз да, бәрінен де зымыран заман өзгерісін бүкіл сана-сезіммен сезінген, басынан кешіп жатқан күрделі бейнелерді аз көреміз. Әлде біздің замандастарымызға ғылыми-техникалық революция әлі толық әсер етіп, тереңдей бойлап сіңісе қойған жоқ па?

Бүгінгі гүлденген өмірімізді көре отырып, прогресс жемісін мойындамай, мұндай қорытынды жасау ағаттық болар еді.

«Ғылыми-техникалық революция және адам дегенді ғылым мен техника өкілдерінің бейнесін жасау ғана деп түсіну тайыздыққа соғады. Бұл — аясы кең ұғым. Қоғам өмірінің барлық саласындағы адамдар — ғылыми-техникалық революция заманының адамдары. Ендеше, солардың барлығының да бейнелерінен осы проблема жауабын іздейміз. Тақырыпты игеру — ғылыми-техникалық революция “тілімен” сөйлеу де емес. Әдебиеттен бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін арқалауға лайықты, сан-сала өмірлік, адамдық сауалдар төңірегінде ет-жүрегі езіле толғанатын, терең сезімді, интеллектуалды күрделі кейіпкерлерді іздейміз. Өкінішке орай, бұл мәселеге қазақ жазушылары батыл бойлай алмай жүр» [12, 236-237].

Уақыт проблемасын көтерген Б. Әлімжановтың осынау пікірі Евней Арыстанұлының кезінде О. Бөкеевпен болған сұхбат-диалогында айрықша назар аудартады: «Қазір жаға жырттысып жатар, жабайы тартыс, қызыл кеңірдек, қызыл сөз

айтыстың заманы емес. қазір психологиялық күрес майданы, яғни ғылым да, ғылымның иесі адамда анағұрлым күрделеніліп, қиындап бара жатқан уақытта өмір сүрудеміз. Ендеше бастағы, мидағы екі ұдай талас, тартыс, ғылым адамның ішкі сарайындағы шым-шытырық ойлар көркем туындыда сәуленсе ғана бүгінгі ғылыми-техникалық революция заманына лайық образдар жасай аламыз. Әрине, ол үшін ең әуелі қабілет, содан соң талмайтын ізденіс және творчестволық климат керек» [13, 126].

Осылай деп пікір айта білген Е.А. Бөкетов өзінің ғылыми-публицистикалық мақала-очерктерінде осы ойын шығармашылық тәжірибесінде қолдана білген. Мысалы, «Алып адам», «Қара металлургия алыбы», «Өндіріс пен ғалым егіз», «Қарағанды химиясы және оның болашағы», «Щедрость земли», «Институт и опытная база», «Облик нашего дня», т.б. сияқты мақала-очерктерінде техника ғылымының докторы ретінде бұл саланы еркін білетіндігін және проблемалық түйінді қалай шешуге болатындығын нақты айғақтар келтіре отырып, ғылыми дәлелмен жазған.

Осы тұрғыдан алып қарар болсақ, жазушы Ахат Жақсыбаевтың «Бүгінгі талап — біліп жазу» деген мақаласы еріксіз ойға оралады [14, 20]. Онда қазіргі қаламгерлер көтерер проблема көп. Проблемалар айтылып, көтеріліп те жүр. «Жер тозып барады» делінеді. Бірақ көпке белгілі жайды қайталап айтудан әрі аса алмайды. Әрекет болмаған жерде құр сөзбен проблема шешіле ме?

Міне, сондықтан да Е.А. Бөкетовтің ғылыми-публицистикалық очерктерінің басқалардан ерекшелігі мен құндылығының өзі тақырып проблемасының білгірі және оны шешуді нұсқай алатын ғылымдығында жатса керек.

Жалпы Е.А. Бөкетовтің публицистикалық мұрасын тым ұсақтамай, күрделі үш топқа бөліп қарастырған дұрыс:

- Біріншісі — оқу, білім-ғылым саласы,
- Екіншісі — әдебиет, өнер, тағылым хақында,
- Үшіншісі — өнеркәсіп, өндіріс, экология.

Осы ауқымды үш тақырыптың қай саласы болмасын Е. Бөкетов үшін ешқайсысының жаттығы болған емес. Сегіз қырлы, бір сырлы бірегей талант иесі Евней Арыстанұлының

бойынан осы қасиеттердің барлығы жарқырай көрінеді. Ол өзінің публицистикалық шығармалары мен деректі хикаяттары мен естелік эсселерінде, түрлі зерттеу мақалаларында осының бәрін жетік білетіндігін көрсетті.

Ахат Жақсыбаев айтқандайын, біліп жазудың басты қасиеті Е.А. Бөкетов шығармаларының ең негізгі ерекшелігі болып табылатындығы да сондықтан.

Ғасырлар бойы отарлау саясатының қанды сойылы қазақтың тілі мен дәстүріне айрықша соққы болып тиді.

Соның зардабы ХХІ ғасыр таңы атса да әлі жойыла қойған жоқ. Қылышынан қан тамған, қызыл империяның нағыз кәріне мінген шағы жетпісінші жылдар тұсы еді. Қазақ тілінің тағдыры тұрмақ, халық өзінің тәуелсіз ел болуын ойлау ол кезде өңі түгілі, түсіне де кірмейтін. 37-інші жылдың ойранынан кейін қазақ зиялылары да әр сөзіне, әр ісіне сақтықпен қарайтын үркеншек халде еді. Екі сөзінің бірі ұлы Ленин, ұлы орыс халқы, коммунистік партияның арқасында деген сөздермен тұздықтап отыру қазақ зиялыларының әдетіне айналды. Сол жылдардың баспасөзі мен әдебиетін парақтап отырсақ, мұны кез келген жанның аңғарары сөзсіз. 1974 жылдың 20-қазаны күні шыққан «Правда» газетінің «Простор» атты бас мақаласы академик-жазушы Евней Бөкетовпен интервью негізінде беріліпті. Белгілі публицист-жазушы Сергей Никитиннің қандай оймен екендігі белгісіз:

– Евней Арыстанұлы, қай тілде ойланасыз, – деген сұрағына Евекең, терең ойға бата отырып былай деген екен: «Ғылым, педагог ретінде әрине орысша ойлануым мүмкін. Ал, туған жер, өскен ортам, халқымның тағдыры еске түскенде әрине қазақи қалпымда ойланамын. Орыс тілі қазақтар үшін екінші тіл ғой» [15].

Евней Арыстанұлының ұзақ үнсіздіктен соң осылай деп жауап беруі, ұлы жүректің туған халқына деген қалтқысыз сүйіспеншілігін танытса керек. 1974 жылы «Правда» газетінің бірінші бетінде орыс тілі екінші тіліміз деп айту дәл сол кезде екінші бірі айта алмайтын батылдық еді. Өз ұлтының тілі мен дәстүріне деген Е. Бөкетов көзқарасы кеңестік баспасөз беттерінде еш бұлтақсыз ашық-айқын айтылуы оның азаматтық позициясының беріктігін танытады.

Осы тұрғыдан қарар болсақ, Евней Арыстанұлының тағдыр-танымы қазақтың біртуар ғалымы Шоқан Уәлихановтың болмысын еріксіз еске түсіреді. Белгілі ғалым Б. Кенжебаев Шоқан туралы зерттеу мақаласында: «Шоқан өзінің туған елін, туған жерін мейлінше сүйгені туралы жолдастары сұрағанда айтады екен: «Мен алдымен өзімнің қазақ халқымды, онан кейін Сібірді, онан кейін Россияны, онан кейін бүкіл адам баласын сүйемін». Шоқан өз халқын мейлінше сүю арқылы онымен көрген күні, тілек-арманы, тарихи тағдыры бір халықтарды сүйді, халқына үлгі боларлық, туысқандық жәрдем қолын созарлық ұлы орыс халқын сүйді» [16, 175].

«Білім және еңбек» журналының 1972 жылғы 12-санында Е.А. Бөкетовтің «Қараша үйден Қарағанды университетіне дейін» атты публицистикалық мақаласы жарық көрді. Мақаланың аты айтып тұрғандай, қараша үйдің жабығынан жасқана сығалаған қазақ баласының Қарағанды университетінің босағасын аттағанға дейінгі қилы тағдырға толы кезеңіне ойша шолу жасай отырып, бүгінгі таңдағы білім мен ғылымның өркен жайған өрелі істеріне жан-жақты тоқталады.

Қай қаламгер болмасын, ол ең алдымен — өз дәуірінің, өз ортасының перзенті. Ол жазған шығарма арқауы да сол замана шындығы болып табылады. Халқының мәдени, рухани өмірінің болмысын сол уақыт үрдісімен бағалайды, суреттейді. Ешқандай жазушы-публицист болашаққа арнап, немесе келер күннің еншісіне лайықтап шығарма жазып қалдырған емес. Келер ұрпақ өзіне керегін өткен күннің шындығынан алады.

Е.А. Бөкетов шығармаларындағы уақыт шындығы сол шындыққа берген пайым-парасаты бүгінгі ұрпақ үшін таптырмас құнды дүние. Сондықтанда Е.А. Бөкетовтің ғылыми-публицистикалық шығармалары көрегенділікпен жазылыпты деген әсіре марапаттаудан аулақпыз. Мысалы: «Иә, бүгінгі аға ұрпақтың өмірі қараша үйден басталған. Қара сирақ балалар қараша үйдің жабығынан сығалап, айналаға елеңдей қарап жүргенде ұлы Октябрьдің нұрлы таңы атты. Бүтін ел тарихында болмаған ғажайып зор бақыт қазақ даласын сілкінітіп өтті. Қазақтың бар баласы мазмұны терең, еркін өмірге жаппай араласып, революциялық романтикамен жалындап ер жетті. Содан бері елу бес жылдан сәл астамдау ғана уақыт өткен екен.

Ал сондағы балалар бүгінде ғылымның алтын баулы ірі-ірі шаңырақтарын көтеріп, ғалымдар тарихын жасап отыр» [17,20-30] – деген жолдар сол дәуір көзқарасы мен пайым-парасатынан хабардар етіп тұрған жоқ па?

Жалпы, ғылым мен техника, экономика мен психология, адам мен қоғам – ғылыми-техникалық прогресті дамытушы күш ретінде қарастырылады. «Ғылым өмірге өндіргіш күш болып араласып, өндірісті өзгертеді, адамдардың психологиясына қозғау салады, сезімін ұштайды» [18, 49-50].

Осы айтылған ғылыми тұжырымдарға Е. Бөкетовтің публицистикалық шығармалары толығымен жауап береді десек қателеспейміз. Ғылымның қоғамға қажеттілігі мен оның атқаратын рөлі туралы Е. Бөкетов баспасөз беттерінде аз айтқан жоқ.

«Біз қазір ғылыми-техникалық революция кезінде өмір сүрудеміз. Ғылым, партиямыз айтқандай, өндіргіш күшке айналып, тікелей іс-әрекетімізге араласып отыр ғой. Бұның сырт көрінісі, ғылымның кеңінен өсіп-өрбуінен, ғылыми қызметкерлердің көбеюінен байқалады.

Сондықтан болашақта ғылымға құлаш сермеуге ұмтылған жастарға жемісті еңбек тілеп, ғылыми қызметтің өзгешелігі туралы бір-екі ауыз сөз айтуға болады» [18, 49-50].

Ғылыми-техникалық прогресс проблемасы Е. Бөкетов публицистикалық шығармаларының негізгі арқауы десе де болады. Өйткені бұл ғалым-публицистке таныс, жақсы білетін тақырып. Сондықтан да оның ғылыми-публицистикалық мақала-очерктері, түрлі аудиторияларда оқыған баяндама-лекциялары, жоғарғы орындарға жазған ғылыми хаттарында аталмыш мәселе күн тәртібінде тұрады. Тағы да айрықша атай кетеріміз, жәй проблема ретінде емес, соған қол жеткізудің ғылыми концепциясы нақты түрде көрсетілуі. Мысалы, Қарағанды обкомының екінші хатшысы Н.Ә. Назарбаевқа «Қарағанды кен-байыту комбинаты» жұмысындағы кейбір кемшіліктер атты хатында [19] сол тығырықтан шығудың жолдарын атап-атап, нақты фактілермен ғылыми тұрғыда талдау жасай отырып көрсеткен. Немесе мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының ІІ съезінде оқыған баяндамасы [20] мен «Табиғат ананы аялай білейік» атты мақаласында [20] елдің әлеуметтік-

экономикалық жағдайын салалап, саралап, тұжырымды пайыммен, ғылыми-публицистикалық негізбен жазады. Осы жерде Е. Бөкетов публицистикасындағы тағы бір ерекшелік цифрлы материалдарды жүйелеп жіктеп бере отырып, мақала маңыздылығын айшықтай түсуі деп бағалауға болады.

«Адам күші аса қуатты. Ол қазір жер шарындағы құрылықтың 55 процентін, өзен-суының 12 процентін, орман-тоғайдың жыл сайынғы 50 процент өсімін пайдаланып, құрлыс пен кен қазбалары үшін 4мың шаршы километр парода алуда. қазір жер қойнауынан жыл сайын 100 миллиард тонна руда алынып, шамамен 7 миллиард тонна отын шығарылады. Сөйтіп жыл сайын өзен аңғарына 600 миллиард тонна өнеркәсіп пен тұрмыстық орындардың қалдық сулары құйылады. Орташа есеппен 800 миллион тонна әр түрлі металл қортылып, жер бетіне 300 миллион тонна минералдық тыңайтқыш сіңіріледі, төрт миллион тонна улы химикаттар себіледі. Атмосфераға 23 миллиард тонна көмір қосынды тотығы, бір миллиард тонна басқа да қосынды тарайды. Бұл цифр екі мыңыншы жылға дейін дүние жүзі бойынша төрт-бес есе өспек» [20].

Осы жерде ойымызға Н.Г. Левиновтың: «Цифрлы материал дәлелдеу құралы ғана емес, сонымен қатар құбылыстың сандық жағын зерттеу арқылы және сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге ауысуы ықпалымен шындықты танудың қуатты құралы да» [21] деген тұжырымы оралады.

Жоғарыда біз Е.А. Бөкетов публицистикасын үш топқа бөліп қарастырған едік. Соның бірі оқу, білім-ғылым саласы. Бір ғана ғылым тақырыбының аясында ғалымның көптеген мәселелерге қалам тербеп, онда өз үнін, парасат-байламын танытқаны белгілі.

Артында қалдырған публицистикасының негізгі арқауларының бірі — жалпы адамдық, азаматтық жайлар, жастарды патриотизмге тәрбиелеу, ғылыми прогресс, экономика және экология мәселелері болды. Бұл тұрғыдан алғанда Е. Бөкетовтің публицистикалық мұрасы аз болса да мәнділігімен ерекшеленеді.

Қай тақырып болмасын ол Е. Бөкетов шығармаларында міндетті түрде ғылыммен астасып, сол салада өріліп, өзектес болып жатады. Өзінің жазушы Сейдахмет Бердіқұловқа

жолдаған «Жастардың болашағын ойлай түссек» атты мақаласында да оқу-білім жолының оңай еместігін, сол жолға кездейсоқ келе салмау керектігін, тілге тиек ете отырып, өзінің көкейтесті мәселесін былайша түйіндейді: «Заманымыз ғылыми-техникалық революция заманы болса, физика, химия, биология сияқты жаратылыс танудағы іргелі ғылымдардың бүгінгі күнге дейін ашылған заңдылықтары мен ақиқаттарын адам игілігіне техника арқылы мейлінше пайдаланып, табиғаттың жаңа заңдылықтарын ашып, соларды дереу тіршілік мүддесіне жаратуға жаппай ұмтылыста болсақ, Отанымыз бұл ұмтылыс үшін барлық мүмкіншілікті туғызып отырса, болашақта осы бір іске қолқабысы тиер деп үміттендіретін қабілетті жастардың адасуына жол беріп қоюымыз, қоғамымыз бен еліміз үшін орны толмас, қайтпас шығынның бірі болатын түрі бар» [22].

Кезінде жоғары оқу орнының ректоры болған Е.А. Бөкетовтің осы пікірі әлі де маңызын жойған жоқ. Тек жоғарғы білімді деген атақ үшін ұрпағын қаласын-қаламасын кез-келген мамандыққа итермелеген, еріксіз оқыту, ел болашағы оның ғылымы мен өнерін экономикасына тигізер зияны аса қауіпті.

«Адамның бойындағы асыл қасиет — оның ойлары, сол ойларды туғызатын білімі, — дейді публицист. Сол ойлардан туатын сөздер, жүзеге асатын әрекет-қимылдар — оны қуанышқа, табысқа, бақытқа жеткізетін құрал, жол күш» [23, 175].

Е. Бөкетов публицистикасындағы пайымдауды осы тұжырым да қуаттап тұр.

Е.А. Бөкетовтің публицистикалық шығармаларындағы өзіне ғана тән ерекшеліктерінің бірі әдебиет пен жаратылыстану ғылымының арасындағы дәнекерлігі. Жалпы, ғылым мен әдебиетті егіз ұғым деп бағалаған Е. Бөкетов оны өз шығармаларында үнемі тілге тиек етіп отырады. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген ғылым, өнер туралы ойлары топтасқан «Атан қомында туған адам» атты кітабындағы «Селен мен өлең» атты алғы сөзінде З. Қабдолов: «Евнейді — Евней еткен көркем әдебиет. Білеміз, Евней Бөкетов — алдымен ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Бірақ ол оқымыстылығының өзімен де бәрінен бұрын Пушкин мен

Абайға, Өуезов пен Маяковскийге қарыздар», – [24, 3-4] деген еді.

Ғылым мен көркем әдебиет туралы Е. Бөкетовтің өзіндік пікірлері төмендегіге саяды: «Бұл сұраққа мен А.М. Горькийдің сөзімен жауап берер едім: «Ғылым мен көркем әдебиетте екеуіне де бірдей тән қасиеттер көп: екеуі де зер салып бақылауды, салыстыруды, зерттеуді тілейді, көркем суреттерге де, ғылымға да болжампаздық пен тапқыштық, яғни “интуиция” қажет» немесе Альберт Эйнштейн тамаша айтқан: «Ғылыми ойланып-толғануда қашанда поэзия элементі бар. Шын ғылым мен шын музыка біркелкі ойланып-толғану процесін тілейді» деген пікірлер [25] Е. Бөкетов үшін өмірлік тәжірибе теориясына айналған.

«Алып адым» атты мақаласында мынадай қызық ойлар келтірген. «Қыз Жібек» қиссасында Базарбайдың Төлегені қыз іздеп, Ақ Жайыққа аттанбақ болғанда,

Жаратты бір қара көк тұлпар атты,

Өзі жорға жануар құс қанатты.

Тұрманының барлығын алтындатып,

Күміспен төрт аяғын тағалатты, – деген сөздер бар. «Әрі әдемі, әрі мәнді сөздер. (Мұның зерттеуге қандай қатысы бар деп кез келген адам ойлауы мүмкін. Бірақ әрі қарай оқып көрелік — А.К.). Бір жағынан, Базарбайдың байлығы мен Төлегеннің салдығы көркем сипатталса, екінші жағынан, алыс жолға шығатын жолаушының аты тағалы болуы ескерілген. Бірақ, Төлегеннің алыс жорықта игеріп, қыз Жібектің көшіне жеткені шын болса, Бозжорғаны күміспен тағалауы бекер ме деп ойлаймыз, өйткені, күміс таға бірінші шақпақ таспен кездесуге шыдамай, жаншылып, шелісі үзіліп, түсіп қалар еді де, жорғаны бірден ақсатып, Төлегенді Жағалбайлыдан шықпай жатып, жаяулатар еді. Біздің елде Мешелдің Жаналысы дейтін болыс, Қыз Жібек қиссасының осы бір сөздеріне сеніп, өзінің бәйгіге қосып жүрген тұлпар атын қаладан шақыртып, зергер жалдап, осы Төлегенше әшекей күміспен тағалатам деп, ақыры ақсатып алғанын ауыл ақсақалдары осы күнге дейін аңыз етіп айтады. Әшекейге лайықты алтын мен күміс, ауада тотықпай, жалтырап көз тартып тұрса да, табиғатынан жұмсақ, майысқыш болып

келеді де, қаттылық пен беріктікті тілейтін істерге жұмсағанда осалдық білдіреді» [26].

Қыз Жібек жырындағы бір шумақ өлең астарынан осылайша ғылыми ой түйген Е. Бөкетов жалпы әдебиеттегі зерттеуді қажет ететін кейбір тылсым сырлар ұштығын ұстатқандай әсер береді. Көп жазушыларға тән қасиет Е.А. Бөкетов бойында да болған. Евекенде жасынан ауыз әдебиетінің нәрімен сусындап өскен. Ескіден келе жатқан ертегі-қиссаларды зерделеп, жаттап өскен бозбалаға ең бірінші өлең өлкесі есігін ашқан.

Бірақ селенмен айналысқан азамат үшін өлең тек жан сергітер серігі болып қала берген. Жаратылыс тануды өлеңмен сөйлеткен Евней таланты тағы да бір қырынан көрінгендей. «Әр іс өзі бір жүйе» атты өлеңі жаратылыс тануды поэзия тілімен өрнектейді. Онда мынадай жолдар бар:

Күкірт, темір әм селен  
үшеуі де халькоген!  
Бұл үшеуі, жобасы,  
Нәзік жыныс болғасын  
Жүрмесе тек біреумен  
құшақтасып, қолдасып,  
Сезеді ешбір оңбасын  
Темір, мырыш, қорғасын.  
қалайы, мыс, никельдей  
Мықтылармен табысып,  
Жанын алып, жабысып.

әл-перідей арбасар, – деп [27], химиялық қосылыстардың ерекшелігін өлеңмен баяндайды. Зерттеу объектісіне жатпағанымен бұл мысалды Е. Бөкетов шығармасына тән аталмыш ерекшелікті нақтылай түсетін болғандықтан келтіріп отырмыз. Кейде Бөкетовтің ғылыми-публицистикалық мақала зерттеулерінің жазылуына әдебиет пен өнер, поэзияның түрткі болып, шығармашылығына шабыт ашып жататыны бар. Қай ғылыми мақаласын оқымаңыз онда көркем әдебиеттің нышандары қайтсе де қылаң беріп тұрады. Әдебиеттен жаратылыс тану ғылымының сонарын танып, соны ғылыми тұрғыда кеңітіп зерттеу Е. Бөкетов публицистикасына тән қасиет. «Зерде» журналының 2000 жылғы 3-4 нөмірінде:

«Бөкетовтің ертеректе жазылған көлемі 50 мәшеңкелік беттей «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары» атты мақаласының редакция архивінен табылғанын, журналға жариялауға келетін танымдық мәні зор дүние екендігін, оның үстіне Евней Бөкетов «Білім және еңбек» — «Зерденің» ең алғашқы редакциялық алқасының мүшесі, әрі белсенді авторы және жанашыры болған. Сондықтан журналымыз 40 жасқа толған мерейтойға орай кездейсоқ табылған бұл дүниені ықшамдап, қазақшалап, бір-екі нөмірге жариялауды жөн көргендерін айтады» [28].

Бірден айта кету керек, бұл көлемді мақаланың жазылуына да тағы да Е. Бөкетовтің әдебиетшілдігі, поэзияға жақындығы себеп болғанға ұқсайды. Өйткені мақала әлқиссасы Сергей Есениннің драмалық поэмасы «Пугачевте» шаруалар көтерілісінің көсеміне жақын жүретін күрескердің бірінің:

«Я хотел бы вернуть и поверить снова,

Что вот эту луну,

Как керосиновую лампу в час вечерний,

Зажигает фонарщик из города Тамбова, – деп айтатын бір шумақ өлеңімен басталады. Ақын Кавказда болып, 1924 жылы біраз уақыт Бакуде тұрған. Сонда оған отандық керосиннің шыққан жерінде біреу-міреудің мұнайдың өндірілу тарихы мен пайдаланылуы туралы әңгімелеп беруі, сол арада ақынның әбестік жібергенін бір-ақ білуі ықтимал. Өйткені әлгі айтып отырған керосин лампа (шам) Пугачев көтерілісінен кейін сексен жылдай өткен соң, яғни 1853 жылы поляк Игнатий Лукасевичтің жасауымен дүниеге келген еді», – дейді [28].

Сөйтіп, С. Есениннің бір шумақ өлеңі дүниеге ғылым-танымдық мәні зор публицистикалық зерттеудің келуіне себепкер болады.

Оның үстіне ғылымға тән кіршіксіз таза көңілінің, адамгершілік қасиетінің болмысындай зерттеу эпигрофына академик В.И. Вернадскийдің «Барлық ғылым тарихы дәлелдейді. Уақыт іргерілеген сайын ғылым өзінің бұрынғы әріптесі көре алмаған, біле алмаған жаңалықтарды аша береді» деген сөзді келтірген [28]. Вернадскийдің осы тұжырымы Е. Бөкетовтің ғылым жолында орасан зор жаңалықтар ашса да

кешегісі мен ертеңіне деген сенімін, үмітін, адалдығын үнемі жадында ұстап өткендігін көрсетеді.

Е. Бөкетов очерктерін сөз еткенде тілге тиек етер ерекшеліктің бірі әр нәрсеге объективті түрде баға беруі болып табылады.

Очерк пен публицистика жанрын зерттеуші Т.Ыдырысов:

«Публицистика мен очерктерді өмірдің барлаушысы деп атайды. Бұл сөз — ортақ ойдан шыққан орынды сөз, шынында да одан ұшқыр, одан өткір, одан алғыр көркем творчествоның құралы жоқ десе де артық емес. Оның азаматтық дауысы, жауынгерлік дабылы, идеялық биіктігі, шеберлік тереңдігі жыл санап жетіліп, кемелденіп келе жатқаны сөзсіз. Ол өмірдің өзекті мәселелерін халықаралық саясат жәйттерін, күнделікті тіршілік құбылыстарын жазуда басқа жанрлардың алда тұр», – дейді [29, 3].

Е.А. Бөкетовтің «Канада көріністері» атты жол-сапар очеркі осы айтқан теориялық негізге толық жауап беріп тұр деп айтуға болады. Біріншіден, «жабық есік» жағдайын бастан кешкен кешегі Кеңес империясы құрсауындағы бодан мемлекет өкілінің шет елге сапарға шығып, көргенімен көңілге түйгенін баспасөз арқылы бұқара халыққа жеткізуі ол кезде үлкен жауапкершілікті жүктейтін. Екіншіден, Кеңес идеологиясы үшін капиталистік жүйедегілердің өмірін құбыжық етіп көрсету негізгі салтқа айналған тұс еді. Бұл очеркте Е. Бөкетовтің басқа әсерлерінен гөрі ғалым ретіндегі көзқарасы өзінің объективтілігімен ерекшеленбей қоймайды. Сөзіміз дәйекті болу үшін очерктің кейбір абзацтарын келтіре етейік.

«Мысалы, ағылшын елі атом электростанцияларын орнатудың, болат пен құрыш құюдың жетістіктерін жақсы көрсеткен. Космос зерттеу мәселелеріндегі жаңалықтарын келушілердің алдына салған.

Құрама Штаттар павильонына асыға бардық, сыртынан тамаша шардың ішін көзбен көруге асықтық. Жіңішке, бір-ақ кісі сиятын эскалатормен ең биігіне шықтық. Обалы не керек, космос зерттеу жөніндегі АҚШ-тың жетістіктері айтарлықтай-ақ» [30].

Публицист өз дәуірінің шындығын жазады десек, Е. Бөкетов заманы екі ұлы державаның арбасқан уақыты еді.

Идеология қанша ынтазар болса да, барды жоқ, ақты кара деп жазу нағыз публицист-қаламгер үшін болашақ ұрпақ алдында күнә болар еді. Замана болмысынан сыр аңдаған сыралғы жандар бұл жолда қателескен жоқ. Қателескендер қызыл империяның қол жаулығына айналып, туған халқына қарсы шыққандар да болды. Е. Бөкетов публицистикасындағы парасатты пайымдаулар мен терең танымдарды зерделей отырып, уақыт шындығының шырғалаң шежіресіне қаныға түсетініміз сондықтан.

Осы пікірімізді публицистика жанрын зерттеуші белгілі ғалым Т. Ыдырысов былай деп қуаттай түседі: «Бұл өзі — (Жолсапар очеркі — К.А.) очерктің ең көне түрі. Өйткені, танымаған, көрмеген жерді көруге, білуге, саяхат сапарына деген құмарлық ешқашан басылған емес. Демек, очерктің бұл түрінің арқауы — саяхат. Бұрын болмаған, көрмеген, танымаған елдің жер-суы, тұрмысы, салт-санасы, мәдениет ескерткіштері, халықтардың өміріндегі тарихи өзгерістер автордың өзіндік толғам, әсері, саяси көзқарасы арқылы баяндалады. Мұнда автор позициясының, өмір болмысын шынайы суреттеудің рөлі күшті. Жолсапар очеркінде келтірілген фактілер, мәліметтер оқушының ой-өрісін кеңейтуге, идеялық жағынан шыңдауына септігін тигізуі шарт. Осы арада ескерте кететін бір жайт, журналистер мен жазушылардың, ғалымдардың шетелдерге саяхатқа барып келгеннен кейін жазған очерктерінде белгілі бір елдің ежелгі тарихымен, әдет-ғұрпымен, экзотикасымен орынсыз әуестеніп, шетелдердегі нақты өмір болмысын терең ашып көрсетпей, үстірт, сыдырта өте шығуын құптауға болмайды» [31, 77-79].

Зерттеушінің бұл пікірінің маңыздылығын «Канада көріністері» очеркін оқығанымызда анық аңғарғандай болдық. Бұл очерк 1967 жылы «Орталық Қазақстанның» сентябрь айындағы № 218, 219, 220, 221 сандарында жарияланған болатын. Кейіннен қаламгердің «Көкейкесті» жинағына енгізілді.

Бұл очерктің өзіндік ерекшелігін ой жүйелілігінің желі үзбей жазылуынан қарастырған жөн. «Мен еліміз социалистік өмір құра бастағанда туып, капиталистік өмірді көрмей өскен адаммын», – деп басталады жолжазба очеркі. Тұңғыш рет шет

елге онда да капиталистік қоғамға бет түзеген ғалым адамның ішкі толғанысы очеркте өте әсерлі жазылған. «Канадаға барасың деген хабар келгенде мен әрі қуандым да, әрі түрлі ойларға түстім» деген автор тебіренісі бұл сапардың қаншалықты маңызды екендігін сезінгендігінен туса керек. Самолетке отырып, мұхитты бетке алған сәтінен басталған ішкі толғаныс Е. Бөкетовтің қоғамдық көзқарасы мен азаматтық пайым-парасатымен астаса өрбіп, оқушысын бірден баурап, өз қиял әлеміне бірге қанат қақтырады. Сырт көз сыншыл демекші, Е. Бөкетов көрген Канада дамыған ел санатына жатқанымен оның да күнгейі мен көлеңкелі тұстары бар екендігін нақты мысалдармен көрсете білген.

Очерк болмысының басты ерекшелігі көрген-білгенін тізіп жазу емес, әр нәрседен ой түйіп, оны салмақтап, саралауында жатыр. Мысалы, Канададағы кітап дүкендерін автор былайша баяндайды. «Адамға білім беретін, рухани азық болатын кітаптар, мысалы классиктердің шығармалары дүкеннің арғы бұрыш жағында, көзге онша түсе қоймайды. Кітап саудасы да бұл жерде долларды көбейтудің бір әдісі, сондықтан тоғышарларға арналған секс пен бұзушылықты сипаттайтын кітаптар ең өтімді, ең қымбат кітап сияқты. Әрине, бұл дүкендерде жақсы, мазмұнды, оқығанда пікір туғызып отыратын кітапқа құмартқан адам өз іздегенін табар да, бірақ пәк жолдан шық деп, қытықтап тұрған мұқабалардың арасынан жігері жетіп аман өтсе ғана табар» [32].

Адамның рухани азығы өнер мен білімге, оқу мен ғылымға төнген өркениет «Жетістігінің» қатерін сонау 1967 жылы Канада жерінде сезіп, соны өзінің публицистикалық мұрасында жазып, ескертіп кеткен Бөкетов көрегендігі араға 40 жыл салғанда, өз Отаны Қазақстанда да қайталанатынын сол кезде сезді ме, кім білсін?.. Кейде зерттеушілер ұлы адамдар қолтаңбасының, рухани мұрасының өміршендігі туралы айтып жатады. Бұл өмірдегі шындық. Қаламгердің хаты өлмейтіндігін ғасырлар қойнауынан жеткен рухани құндылықтар дәлелдеуде. Аз ғұмырында артына өшпес мұра қалдырған перзенттеріміз қаншама?! Шоқан, Абай, Сұлтанмахмұттар мен Сәкен, Мағжан, Міржақып қаламынан туған көсем ойлы көркем сөздер уақыт өткен сайын өз қасиетін айшықтай түсуде. Солардың легінде

Е. Бөкетов публицистикасының парасат, пайымы да өз нәрін бере берері сөзсіз. Әсіресе, әр дәуірдің жауынгер жанры публицистикалық еңбектердің қалың бұқараға тигізер ықпалы мен тәлім-тәрбиесі зор. Ол туралы зерттеуші ғалымдар да келісті тұжырым айтады: «Публицистика — жазушы мен журналистің әлеуметтік пікір айтуы, күнделікті өмірге, әр қилы қоғамдық құбылысқа кемел талантпен үн қосуы, көркемдік шабытпен терең ой тастап, жұртшылықты белгілі бір оқиғаға, құбылысқа еріте, еліктіре білуі. Екінші сөзбен айтқанда, публицистика дегеніміз – саяси-көркем проза, қаламгердің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді толғауы» [33, б].

«Канада көріністері» жол-сапар очеркінде зерттеуші ғалым келтірген осы талаптардың дені көрініс тапқан. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирендіретін халықтық қағида көсемсөз үлгісінде осы очеркте анық байқалады. Әлеуметтік ерекшеліктерді қозғаумен қатар, Е. Бөкетов бұл очеркінде көркемдік ерекшелікке де өте зор мән берген. Сондықтанда Е. Бөкетов публицистикасындағы таңдаулы туындылар қатарында «Канада көріністері» жолжазба очеркінің де шоқтығы биік болып табылады.

Е. Бөкетов публицистикасының негізгі арқауларының бірі — дәстүр, тағылым аясында өрбитіндігін біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл тұрғыда қаламгер көптеген мақалалар мен лекциялық баяндамалар жазғаны мәлім. Жастардың оқу-білімге құштарлығын ояту, тәлімді, тәрбиелі, мәдениетті болып қалыптасуына ықпал ететін, уәлі сөздері мен дәйекті пайымдауларын публицистикалық шығармаларынан анық байқаймыз. Мысалы: «Ағадан ақыл, ініден ілтипат», «Қараша үйден Қарағанды университетіне дейін», «Жас замандас келбеті», «Арманшыл болғанға не жетсін», «Сыйлас, сырлас, көмектес», «Парасат — білім бұлағы», «Ғылым көкжиегін көкесек» атты мақалалары өскелең ұрпақ бойындағы жақсы қасиеттер мен парасаттылықтың қалыптасуына ықпал ететін, соған меңзейтін дүниелер.

Жастар тақырыбындағы қай мақаласында болмасын көтерер өзекті мәселенің бірі өскелең ұрпақты жат қасиеттерден, мен-мендіктен, тәкәппарлықтан, мансапқорлық пен көрсеқызарлықтан сақтандырып, ғылым, білімнің қоғамға

тигізер пайдасының қаншалықты салмақты екендігін ескерту болып табылады.

«Сыйлас, сырлас, көмектес» аттас мақаласында: «Амал не, жастардың арасынан ғылымның бірінші сатысына жетер-жетпестен-ақ «Мен білгенді кім біледі» деп кеудесін соғатындар кездесіп қалады. Мұндай зиянды мінезді ерте білсе, ерте жоюға болар еді-ау, ал осындай осалдық есейіп, едәуір лауазымға ие болып қалған кезге дейін ілесіп барса, ғылыми ортаға одан ауыр жоқ» [34] деп қиналыс білдіреді.

Публицистке тән болмыспен өлшер болсақ, Е. Бөкетовтің осылайша толғануын қайраткерлік, азаматтық тұлғадағы пайым-түйсігі, өздік санадан ұлттық санаға ұласқан биік парасаты деп бағалар едік. Жастар жөніндегі публицистикалық шығармаларындағы Е. Бөкетовке тән өзгешелік оның білікті педагогтық-психологиялық таным-түйсігінің тереңдігі болып табылады. «Қазіргі жастарға гөй-гөй, ақылдың керегі жоқ, олардың көзі ашық, көкірегі ояу», – дейтін Е. Бөкетов олармен “сырласудың”, “сыйласудың” өзіндік жолын қарастырады. «Жастардың болашағын мезгеу ісіне ойдағыдай көңіл бөлінсе, олардың басым көпшілігінің қабілетін уақытылы танып, сол қабілетіне орай әуестігін тәрбиелеуге болатыны тіршілік тәрбиесінен белгілі ақиқат. Әрине, бұл үшін баланың өсіп-қалыптасудағы құбылыстарына сергек үніліп отырытын ата-ана керек те, оқушы баланың ішкі сырындағы ауытқушылықтарды мезгілімен сезініп, жамандыққа ауыстармай баулуға тырысатын оқытушы ұстаз керек», – [35, 14-21] дейді «Жастардың болашағын ойлай түссек» атты мақаласында.

«Публицистикаға ең керегі ой, жан тербер пікір. Байыптай караған адамға айнала — тұнып тұрған публицистика. Небір мәнді оқиғалар, проблемалар, ғажап адамдар бар. Сол проблемалардың мәніне, адамдардың жан-дүниесіне үңілсе, міне, нағыз публицистика осы» [36, 15]. Публицистика болмысын ашатын осы аксиома Е. Бөкетов шығармаларының барлығына тән қасиет.

Е.А. Бөкетов публицистикасының өзіне тән ерекшеліктерін сөз еткенде келешекті бағдарлау, тұспалдау сияқты ғылыми пайымдауларға көбірек мән беретіндігін айта кеткен жөн.

Мұндай құбылыс публицист-қаламгер Камал Смайыловтың зерттеулерінде жиі байқалды. К. Смайыловтың публицистикасын зерттеген С. Сердәлі өзінің ғылыми еңбегінде бұл туралы жан-жақты тоқталып, талдау жасайды:

«Бірте-бірте бұқаралық сана болмасын қалыптастыру арқылы публицистикада әлеуметтік және ғылыми сипаттағы публицистика пайда бола бастады. Ақырында жазбагерліктің синкретті үлгісі қолданыстан алыстап, дерек пен фактіге негізделген шынайы публицистика (ғылыми және көркем) өмірге жолдама алды» [23].

Камал Смайыловтың «XXI ғасырға саяхат» толғамдарындағы дәйектемелері мен болжау-тұспалдары осы «Келешек тарихы» айқындамасының түп өзегі деуге толық негіз бар. Мұндай тұжырым жасауымыз мынада: Смайыловқа дейін түрлі діни-мистикалық, сәуегейлік болжам айтушылар көп болғанымен, таза деректік-публицистік болжамға жүгінген алғаш осы Камал болды. Сондықтан да Смайыловтың ғылыми-болжамдық публицистикасына «Келешек тарихы» тұрғысынан баға берген жөн [37].

Кезінде Е. Бөкетов біз сөз еткен К. Смайыловтың «XXI ғасырға саяхат» атты кітабын негізге ала отырып, «Лениншіл жас» газетінің 1979 жылғы 10-март күнгі санында ғылыми-көпшілік туындылар туралы ой-толғамын, «Ғылым көкжиегін көкесек» атты көлемді мақаласында жан-жақты талдап, саралайды.

«Камал Смайыловтың көз тіккен болашағына, XXI ғасырға, небары жиырма-ақ жыл қалса да, шығармада іске асуы жөнінен ешбір күмәнділігі жоқ, мейлінше деректі, алдымызға келіп көрініп-ақ тұрған болжаулар өзінің асқақтығымен, ұлан-ғайыр көлемділігімен оқырманды таңдандырмай қоймайды» [37].

Әдебиет жанрында кенжелеу дамыған фантастикалық шығармалар жайында сөз қозғай келіп, бұл тақырыпты меңгеру үшін жастарымыз ғылыми-техникалық прогресті игеру қажет. Кейінгі мұрагер буындардың ой-өрісі, жалпы мәдениеттілігі бойымен бірге өсуіне, ғылым-білімнің әр саласынан көрікті мәліметтерді мезгілімен жан-тәніне сіңіруіне, көргені мен білгені сыңаржақ болмауына жедел ат салысу керектігін айтады.

Болашаққа ғылыми тұрғыдан болжау жасап, баға беру Е. Бөкетов публицистикасына да тән қасиет екенін жоғарыда айттық.

Мәселен, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» атты мақаласында: «Химияның болашағын болжау, ол туралы ойлану Қазақ ССР Ғылым академиясының борышы. Мысалға мынадай жағдайды алайық. Таскөмір, оның ішінде қарағанды көмірі, қазіргі уақытта негізінен электр энергиясын өндіру үшін қолданылады. Ал қазірдің өзінде су қуаты бар жерде электр өндіру үшін көмір орнына су күшін пайдалану тиімді екені белгілі. Ертең электр энергиясын өндіруге атом күшін кеңінен қолданғанда не болмақ? Көмір өндірісі жабыла ма? Жабылмауға тиісті. Ол кезде көмірді түгелімен химия бұйымдарын өндіруге қолдануға болады» [38].

Немесе, «Қара металлургия алыбы» мақаласында Ертіс-Қарағанды каналының құрылысы мен болмысын, өндіріске тигізер пайдасының қаншалықты екендігін саралай келіп былай дейді: «Демек, келешекте заводты Ертіс-Қарағанды каналының суынан мүлдем көшіріп, Нұра суын жергілікті халық шаруашылығының басқа қажеттіліктеріне мүлдем босатса» деген тұжырымдар бар [39].

Мұндай тұжырымдар мен болашақ еншісіндегі істелер игі шаралар туралы айтқан ғылыми дәйекті болжамдарды Е. Бөкетовтің өнеркәсіп-өндіріс саласы туралы жазған, мақаларынан көптеп кездестіруге болады. Тек біз сөз қылған Смайылов болжамдарына қарағанда Е. Бөкетов тұспалдары өзінің ғылыми тұрғыдан зерттеліп пісіп, жетілгендігімен шынайылығымен мәндірек маңыз беретіндігінде.

Публицистика жанрын зерттеуші белгілі ғалым М.И. Стюфляева өзінің «Образные ресурсы публицистики» атты ғылыми еңбегінде «Публицистикадағы уақыт пен кеңістік көрінісі» тарауында: «Публицистикалық шығармашылық дегеніміз, бұл шындықты деректі түрде жеткізу. Осы деректіліктің өзіндік эстетикасы, әдістері, формалары бар. Ал, олар болса, публицистиканы қалыптастыру кезінде терең мән-мағына алады», – дейді [40, 14].

Е. Бөкетовтің публицистикалық мұрасын толық зерделеген адамның (мейлі ол шығармалар көлемді, шағын болсын) ең

бірінші аңғарары барлығының нақтылығы, документтілігі екендігі болар еді. Е. Бөкетов өз дәуіріндегі Қазақстан ғылымының белгілі бір уақыт ішіндегі болмыс-бітімін, тарихи тұрпатын, проблема-сипатын бұқара халыққа насихаттаушы, жәй ғана насихаттаушы емес, сол саланы еркін меңгерген, зерттеген ғұлама ғалым ретінде қазақ публицистикасы тарихында өзіндік орны бар қаламгер. Е. Бөкетовтің ғылыми публицистикасы ғылым үшін, ғалымдар үшін, сол салаға үміт артқан ұрпақ үшін барлық қасиеттерін жарқырай ашып көрсеткендігімен құнды болып қалатындығы да сондықтан.

Е.А. Бөкетов мақаларының проблемалық сипатын сөз етпес бұрын ол кісінің өмір сүрген дәуіріне қысқаша шолу жасай кеткен орынды. Өйткені зерттеуші-ғалым М.И. Стюфляеваның төмендегі тұжырымы біздің бұл пікірімізді қуаттай түседі: «Публицистика уақыттың негізгі бір кезеңіне бағынады. Оның сипаты да, жазып отырған проблемасы да сол уақыт негізінде туындайды. Ең негізгісі ол нақты әлеуметтік мәселенің жүгін көтереді. Ондағы терең әлеуметтік мәселе бірден көрінеді және оны публицистиканың кез келген элементінен көруге болады. Осы әлеуметтік мәселені уақыт өлшемсіз қарау мүмкін емес. Кез-келген қоғам белгілі бір тарихи кезеңге тән. Осыған орай әлеуметтік үрдістермен, оқиғаларды анықтайтын түрлі уақыт кезеңдерін, көрсетуі мүмкін» [40, 14].

Жазушы Медеу Сәрсекеев өзінің Е.А. Бөкетов туралы жазған естелігінде: «Жуықта мен Е.А. Бөкетовтің үйінде сақтаулы архивінен әлдеқандай бір қажет үшін 1980 жылдың ақпан айында өз қолымен әзірлеген, орыс тілінде жазылған өмірбаяндық қолжазбасын көшіріп алдым. Мейлінше ресми жазылған, небары екі-ақ парақтық деректерге көз жүгіртелік:

«1925 жылдың наурыз айының 23 күні Солтүстік Қазақстан облысындағы Октябрь ауданының Бағанаты аулында, мал баққан орта шаруа Арыстан Бөкетұлының қара шаңырағында дүниеге келдім. Бүкіл үй-ішіміз ашаршылық жылы босып барып, әкеміз қара жұмысқа түскен Челябині (осы күнгі Қорған) облысының Макушин астық совхозындағы орта мектепке мен 1932 жылы бардым. Ішкі жақтан біз тек 1938 жылы ғана оралдық, әкем туған жерінде ұйымдасқан «Красная планета» (Двойники селосы) ауыл шаруашылық артеліне мүше болып,

еңбекке араласты. Ал мен оқуымды Октябрь ауданының орталығы Марьевка селосындағы орта мектепте жалғадым. Онда мен 1941 жылға дейін, яғни тоғызыншы класты бітіргенше оқыдым, әкем сырқаттанып қалған соң одан әрі оқуға жағдайым болмады. Ең әуелі Саумал бастауыш мектебінің, одан кейін Жалтыр аулындағы орталау оқу орнының мұғалімі болып еңбекке кірістім. 1942 жылы әкем дүниеден қайтты, маған енді шешем мен өзімнен кіші құртақандай төрт інімді асырау үшін мектепте ғана емес, үйде де тынымсыз жұмыс істеуге тура келді. 1945 жылы сырттай дайындалып, Марьевка орта мектебінде оныншы класс көлемінде емтихан ұстадым да сол жылы Алматыға оқуға аттандым. Қазақ кен металлургия институтын 1950 жылы бітірген соң сол институттың аспирантурасында оқып, 1954 жылдың шілде айында техника ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін диссертация қорғадым. 1954-1958 жылдар аралығында осы институттағы жеңіл және сирек металдар кафедрасының ассистенті және доценті болып еңбек еттім. Ал 1958 жылдың тамызынан 1960 жылдың ақпанына дейін өзім істейтін институт ректорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болдым. Бұдан кейін Қарағандыға ауысып, Қазақ ССР Ғылым академиясының химия-металлургия институтының директоры болып он екі жыл еңбек еттім. 1972 жылдың наурыз айынан 1980 жылдың қаңтарына дейін Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болдым. Соңғы кезде Қазақ ССР Ғылым академиясының химия-металлургия институтының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс атқарып келемін. 1967 жылы маған техника ғылымдарының докторы және профессоры атағы берілді. 1970 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, ал 1975 жылы академигі болып сайландым. 1969 жылы Балқаш комбинатында мыс кендерін комплексті қорыту технологиясын өндіріске енгізу жолындағы сәтті еңбегім үшін СССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты атандым. 1971 жылы СССР жазушылар одағына мүше болып қабылдандым. 1939-1947 жылдары ВЛКСМ-ға мүше болдым, ал 1949 жылдан КПСС мүшесімін. Қарауымда әйелім, екі қызым, екі ұлым бар...» [5, 65-66].

Адамның өскен ортасы, өмір жолы, сол өмірден көңілге түйген әсерлері мен бастан кешкен тағдыры оның адами

болмыс-бітімін, көзқарасын қалыптастырады. Е.А. Бөкетов 1925 жылы өмірге келіп, 1983 жылы дүниеден қайтты. 1925-1983 жылдар. Осы 58 жыл! Адамзат тарихында есте қалған ұлы держава КСРО-ның үстемдік құрған кезеңі. Ол осы қоғамның перзенті. Осы қоғамның дәмін татты, осы қоғамның тәлім-тәрбиесімен өсті. Сондықтанда Е.А. Бөкетовтің шығармашылық мұрасында аталмыш дәуірдің бедері бар. Социалистік қоғам деп аталатын уақыттың бар шындығы, Е.А. Бөкетов публицистикасының арқауы болатыныда сондықтан. Бұл турасында Е.А. Бөкетов: «Сөйтіп, өзіміздің дарындылығымыз бен талаптылығымызды, өзіміздің тез ер жеткендігімізді көрсете бастадық қой. Бірақ осы шұғыл өзгерістер, әрине, бәріміздің психологиямызда, айналамыздағы дүниелік көзқарасымызда, дәстүрлерімізде, дағдымызда атам заманнан орын алған кейбір ерекшеліктерге қайшы келіп, қиыншылыққа соққызбай өткен жоқ», – деп жазады [41, 1-4].

Е.А. Бөкетовтің библиографиялық көрсеткішінде әдеби-туындыларының (публицистикалық мақала очерктері, деректі хикаят, естеліктері, жолжазба эсселері т.б.) жарияланған кезеңін 1952 жылдан бастайды. Сол 1952 жылдан өмірінің соңғы кезеңіне дейін Е. Арыстанұлы баспасөзбен тығыз байланыста болып, өзінің шығармашылық жұмысын тоқтатпаған. Творчестводан қол үзбегенін жыл сайын үзбей шығып тұрған публицистикалық мақалаларынан анық байқаймыз. Сондықтан Бөкетовтің публицистикасындағы 1950-1980 жылдар аралығындағы еліміздің экономикалық ахуалы мен ғылыми-техникалық жетістіктерінің өсіп-өркендеуі, оқу-ағарту, ғылым саласының 30 жылдық бет-бейнесі, сондай-ақ түрлі әлеуметтік мәселелермен қатар әдебиетіміз бен мәдениетіміздің болмыс-бітімі белгілі дәрежеде айшықталған деп айтуға негіз бар.

Ең алдымен өнеркәсіп, өндіріс орындарындағы ғылыми-техникалық прогрестің қолданылуы мен одан туындайтын жетістіктері немесе кездесіп жататын түрлі проблемаларды өзек ететін мақалаларына тоқталайық. Мұндай мақалалар шоғырына «Қара металлургия алыбы», «Қарағанды химиясы және оның болашағы», «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары», «Облик нашего дня», «Щедрость земли», «Институт и опытная база», «Өндіріс пен ғылым егіз», «Алып

адым», «Второй в республике» сияқты әр жылдарда баспасөзде жарық көрген материалдары жатады. Соның ішінде көлемі мен көтерген проблемасы жөнінен «Қара металлургия алыбы» («Орталық Қазақстан», 1971 ж. 21-23 сентябрь) мен «Қарағанды химиясы және оның болашағы» («Социалистік Қазақстан», 1969 ж. 21 март) атты мақалаларын ерекше атауға болады.

«Қара металлургия алыбы» атты мақаласында Орталық Қазақстандағы ірі өнеркәсіп ошақтарының бүгінгі мен келешегі жайлы үлкен ғылыми болжам, сараптау жасайды. Мақаланың негізгі проблемалық сипаты, қоршаған орта, табиғаттың тепе-теңдігін сақтай отырып экономикалық жетістіктерге кеңінен жол ашу. Тоқтауы мен тынымы жоқ технологияның ол экономикасы үшін бүгін берер пайдасы емес, ертеңгі күнге әкелер зор қаупін автор өз мақаласында барынша ескертеді. «үлкен істің кемшілігі де, жетістігі де үлкен болады», [42] - деген сөзі де ғалым адамның болашақты ойлағанынан туындаса керек. Бірақ Орталық Қазақстандағы қара металлургия алыбының ішкі қуаты мен Отанға келтірер өнім жолындағы бүгінгі істеліп жатқан жұмыстары мен болашақта атқарылар шараларын ғылыми негізде «Жіліктің майын шаққандай» жіктеп-саралап берген.

«Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақаласында автор: «Қарағанды облысының үлкен химиясын бейнелейтін жалғыз синтетикалық каучук заводы ғана емес. Қарағанды металлургия заводының кокс бөлімі мен химия заттары қорының қоймасын» тілге тиек ете келіп, жалпы химия ғылымының ел мүддесіне, қаншалықты қажеттігін ғылыми дәлелдермен нақтылай түседі. «Болашақта таскөмір энергия күшінің шикізаты емес, түгелдей химия шикізатына айналмақ. Сондықтан Қарағанды облысы келешекте химия өлкесі болады», – дейді [43].

Біз сөз еткен қос мақаланың екеуі де өз уақытысының үлкен проблемалық жүгін көтеріп тұр. Дәл қазіргі таңда да сол кезде көтерген Е. Бөкетов проблемасы, оның жазған ғылыми-тұжырымдары өзінің сапасын жоғалтқан жоқ.

Болашақта да Е. Бөкетов көрсеткен ғылыми схема өз міндетін атқара беретіндігінде шүбә жоқ. Мақала проблемасының құндылығы да осында болса керек.

Е. Бөкетовтің ғылыми-танымдық мақалаларының қайсысында болмасын, қоршаған орта, табиғат, экология мәселесі бір сәт те назардан тыс қалмайды. Соның айғағындай уақытысында Е. Бөкетовтің қаламынан туған «Табиғат — тіршілік көзі» («Социалистік Қазақстан», 1978 ж. 31-октябрь), «Табиғат ананы аялай білейік» («Орталық Қазақстан», 1988 ж. 19-ноябрь) атты мақалалары мен түрлі аудиторияларда оқыған баяндама-лекцияларында үлкен жүректі ғалым-академиктің экологиялық ахуалға мейлінше алаңдап, оның болашағының қайда апарып соғарын аңғарғанын байқау қиын емес. Ол туралы «Орталық Қазақстан» газеті де өз ойын төмендегіше білдіріпті: «Қай жылы жазылғаны белгісіз бұл мақала ғұлама оқымыстының бүгінгі өмір шындығымен ұштасып жатқан кейбір болжамдары мен сезім күйінен мол хабар береді», - деп жазыпты редакция алқасы [44].

Мақала: «Әуелі осынша ұланғайыр табиғатқа, қиыр-шексіз дала мен түпсіз аспанға, соларды мекендеп, саялаған жануарлар дүниесіне, аққан су, өскен орман, мөлдір ауасына адамның қамқорлық жасауына құдіреті жете ме деген орынды сұрақ туады», [44] – деген қарапайым адами сезім-түйсігінен басталады. Туған жер төсінен бастау алған ғалым зердесі мұнан әрі жер планетасының тағдырына деген «ұлы» алаңдаушылыққа ұласады.

«Жер бетіндегі өмірдің даму тарихында айналадағы ортаның тұйыққа тірелуі бұрын да болған. Соның ішіндегі ең пәремендісі атмосферада еркін оттегінің пайда болуына байланысты екен.

Еркін оттегі оған көндікпеген тіршілікке умен бірдей болды. Соның салдарынан бұдан жүз миллион жыл бұрын бізге белгісіз қаншама өсімдік пен жануарлар мүлдем құрып кетті. Экологиялық мұндай сілкіністердің қауіптілігі сонша, осыдан соң тіршіліктің қайта дамуы үшін 30 миллион жыл керек болды» [44].

Өркениетті қоғамдағы сан миллиондаған адамдар үшін жер планетасының экологиялық ахуалының тұрақты болуы, әрине, ең өзекті мәселенің бастысы болмақ.

«Әлемдегі қазіргі экологиялық өзгерістер адамзат тарихында жеделдікпен дами берсе, оның табиғатқа тигізетін

әсері мен ықпалын шамалау да қиын болып отыр,» - деген Е. Бөкетов пікірі де тегін айтылмаса керек. «Бүгінгі таңда гүлдерді баспа, ағашты сындырма деу аз. Ол табиғатты қорғаудың негізгі проблемеларын ескермеу болып табылады. Осыған дейін біз белгілі бір процестің тек қана технологиялық, экономикалық жағын ескерсек, ендігі жерде экологиялық проблемаларды бірге шешу керек болады» [44].

Ғылыми тұжырымдар мен сан пікірлерге құралған аталмыш мақалалар көтерген проблема өзегін Е. Бөкетовтің осы сөздерінен қарастырған жөн сияқты.

Бұл мақалалардың проблемалық ерекшелігі қазіргі баспасөзде науқанға айналған даңғазашуға құрылған, жалпыдан көре отырып, жалқы пікір айтудан мүлде аулақтығында.

Сондай-ақ «Ал енді не істейміз?» – деп алақан жайып, сары уайымшылдыққа шақыру әдегі жоқ. Тағы да сол өзінің көрегенді ғалым ретіндегі, көкейге қонымды ғылыми тұжырымдарын ортаға сала отырып, адамзат алаңдаған апаттың алдын алудың ғылыми жолын қарастырады. Тағы да өнеркәсіп пен өндіріс орындарының қоршаған ортаға әкелер зиянды әрекеттерін болдырмаудың қандай да болмасын тиімді жолын іздейді.

«Облыс орталығы — Қарағандының өз басына келетін болсақ, мұндағы атмосфера кірлетуші ұсақ қалдықтар мен автомашиналар легі дер едік. Жаңа Майқұдықтың сантехника бұйымдары (СТО) заводындағы газбен істейтін вагранкаларды электр пештерімен неге ауыстырмасқа?» [44] деп тиімді ұсыныс айтады. Мұндай тиімді, қолайлы, ұсыныс-пікірлерді ғалым-публицистің кез келген проблемалық мақалаларынан байқауға болады.

Мәселен, жас ұрпақ тәрбиесі, оқу-білім, ғылым жөнінде жазған публицистикалық шығармаларындағы проблемалық мәселелердің көтерілуі және оның шешімін табу жолы нақты ғылыми-негізде сараланып, тұжырымдалып жатады. Бұл тақырыпта Е. Бөкетов қаламынан туған публицистикалық туындылар қомақты деуге болады.

Әсілі, Е. Бөкетов бойында педогогтық қасиет басымдау екенін біз зерттеуіміздің басында келтірген болатынбыз. Өз өмірбаянында жазғандай: «Ең әуелі Саумал бастауыш

мектебінің, одан кейін «Жалтыр» ауылындағы орталау оқу орнының мұғалімі болып еңбекке кірістім» дейді [5, 65]. Яғни, бұл кезең 1942 жылдың қарсаңы. Сонда 1940-41 жылдары ұстаздық қызмет жасаған Е. Бөкетов небары 15-16-дағы жасөспірім бозбала екен.

Сондықтанда, шәкірт деген ұғым, шәкіртке деген ұстаздық ықылас Е. Бөкетовтің бойына ертерек ұялаған. Соданда болар кейін үлкен ғалым болып, іргелі оқу орнының ректоры болған кездерінде де, Е. Бөкетовтің өскелең жас ұрпаққа деген қамқор көңілі еш суыған емес.

Жас ұрпақ қамы оның үнемі назарында болды. Олардың жақсы азамат болып қалыптасуы, туған елінің көрікті перзенттері болуы үшін өзінің рухани ақылы мен қолдан келген көмегін аяған жоқ. Осы тұрғыда көптеген мақалалар жазды. «Сыйлас, сырлас, көмектес» («Социалистік Қазақстан», 1969 ж. 11-октябрь), «Ағадан — ақыл, ініден — ілтипат» («Білім және еңбек», 1971 ж. № 26), «Қараша үйден Қарағанды университетіне» («Білім және еңбек», 1972 ж. № 12), «Жас замандас келбеті» («Мәдениет және тұрмыс», 1974 ж. № 1) атты мақалалары мен «Жоғарғы оқу орнына түскендерге есік ашар лекция», «Жастар болашағын ойлай жүрсек» атты қолжазбалары сол дәуір жастарының проблемасынан ой қозғайды.

«Менің назарым көбінесе, ғылымдағы осы жас өркенге ауа береді. Сондығынан да осы бір әңгімеде ең әуелі солардың ортасындағы ерекшеліктерге, олардың өзара қарым-қатынасы, семьядағы тұрмысы, гуманизмі мен шын мәніндегі адами қарым-қатынасына тоқтап өткім келеді», [45] дейді, «Сырлас, сыйлас, көмектес» атты мақаласында.

Жастар проблемасына деген Е. Бөкетов көзқарасы сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің тілшісі Ақселеу Сейдімбековке берген сұхбатында барынша айқын танылады.

Тілші: – «Сіз жастардың алдымен Адам болуын, Азамат болуын емеурін еттіңіз. Ғалым ретінде 18-20 жастағы жігіттер мен қыздардың ғылымға деген қадам басуы туралы не айтар едіңіз?»

Е.А. Бөкетов: – «Біздің халқымыз жасты сыйлай да білген, жасқа міндет арта да білген. «Асыл тастан, ақыл жастан» — дейтін мәтел халқымыздың осы игі дәстүріне айғақ. Осыған

байланысты қазіргі жастардың ғылымдағы болашақ еңбегінің жемісті болуын біз әрине көп ойлаймыз. Бұл жөнінде жастарға үлкен міндеттер артқымыз келеді. Жоғарыда қазір ғылыми-техникалық революция тұсында өмір сүрудеміз деп айтып өттік. Академик Н.Н. Семеновтің болжауы бойынша үйінде ғалымы жоқ семья кемде-кем болатын кезең алыс емес сияқты. Осыған қарағанда қазіргі 18-20-дағы жастардың ұлдары болсын, қыздары болсын, басым көпшілігі не ғылым игеруге тікелей қатынаспақ, не ғылым игерушілерге өз ықпал-көмегін көрсетпек» [3].

Біз сөз еткен жоғарыдағы жастар тақырыбындағы қай мақала болмасын көтерер проблема жүгі біреу. Ол жастардың тәрбиелі болып өсуі мен терең білім алуы. Сол жолда қандай қиыншылықтар болса да, бәріне мойымай, ғылым жолына құлаш ұруға, ғылымның сыры мен қырын меңгеруге шақыру. Сайып келгендегі түйіні Адамзат болашағының өркениетті болуы, оқу-білім арқылы ғылымды игеру болып табылады. Немесе ғылымның өркендеуіне қолқабыс жасау жас ұрпақ парызы екендігін естеріне салады.

Е. Бөкетов публицистикасындағы айрықша назар аударатын проблеманың бірі ғылыми-техникалық дәуір және оған жастардың қосар үлесі мен ізденісі жайында өрбиді. Бұл қай кезең болмасын өте ықпалды мәселе. Жылдар жылжыған сайын экономиканың өркендеуі ғылыми-технологияның дамуын барынша жеделдетуді тілейді. Осы шапшаң үрдістен өскелең ұрпақтың қалып қоймай, оны игеруі жолындағы жастардың ғылыми жолындағы талпыныстары Е. Бөкетовті алаңдататыны да сондықтан.

«Ғылыми-техникалық революция дәуірі өмір мен тұрмысқа көп өзгерістер кіргізуде. Бұл өзгерістердің бастысының бірі — жастар жаппай ғылымға ұмтылуда. Болашақта ғылыми қызметкері жоқ семья сирек кездесетін жағдайға көп ұзамай жетпекпіз. Сондықтан ғылыми қызметтегі жастардың мәдениетті, тәрбиелі болуы алдымыздағы үлкен міндеттердің бірі. Ол үшін ілгері буындағы ғалымдар мәдениеттілігі мен парасаттылығын көрсете, үлгі ете білуі қажет [3].

Е. Бөкетовтің жастар туралы жазған проблемалық мақалалары жалаң ой, құрғақ ақыл айтудан ада. Бұл жерде ол

белгілі бір уақыт шеңберінен шығып, халық тарихына ендеп, сол тарихтың тамаша тұстарынан ғибратты қағидаларды өз шығармасына өзек етеді. Бұл тұрғыдан алғанда публицистика жанрын зерттеуші-теориктердің: «Публицист бір мезгілде бірнеше кезеңдік деңгейлерде жұмыс істейді. Әр кезеңнің, әр уақыттың жағдайларын, өлшемдерін алады. Әр дәуірдің қағидаларын қарастыра отырып, өзінің құрайын деген логикалық тұжырымдамасына сәйкес реттейді» [46, 8] деген сөзі еске түседі.

Жастардың ғылымға деген көзқарасын сөз еткенде әңгіме желісін Шоқан, Ыбырай, Абай дәуірлерінен тарқата отырып, ұлы тұлғалар ұлағатын бүгінгі ұрпаққа тартымды тілмен шебер әңгімелейді.

«Қазіргі көрнекті жазушыларымыздың бірі — Ілияс Есенберлин кен инженері екенін білесіздер ғой? Жазушылық дарыны бұрып әкетпегенде, ол кісі көрнекті шахта инженері болмақ екен. Сондай-ақ, белгілі ақынымыз Олжас Сүлейменов Қазақ университетінің геология факультетін жап-жақсы бітіріпті, демек ол кісіні поэзия билеп кетпесе, жақсы геолог болуында күмән жоқ дей келіп, жастардың назарын өзінің өмірлік мұратына айналған “өнер, білім — ғылым” атты үлкен мақсат биігіне шақырады. Шын дарынның өзі тек бір қырлы болмайды, өнер мен білімнің бір саласын мықтап игерген адам, керек болса, екінші саласын да кем игермейді. Осыған байланысты Сіздердің ескеретін бір жағдайларыңыз бар: “Өз мамандықтарыңызды, өнер мен білімнің басқа салаларынан бейхабар бола тұра игерем десеңіздер қателесесіздер”» [13, 12].

Жалпы, Е. Бөкетовтің жастар тақырыбына жазылған публицистикалық мақала, очерктерінің проблемалық сипатын төмендегіше саралаймыз:

- отбасы, өскен орта тәрбиесі;
- оқу, білімді игеруі;
- ғылымға деген құлшынысын ояту;
- адамгершілік, ар-ождан, парасатты болуы;
- отан, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі.

Қарап отырсақ, публицистикалық шығармаларына проблемалық сипат беретін осынау қағидалар адам баласының дүниеге келгеннен бастап, өсіп-өркендеуін, жақсы азамат

болып, туған отанына адал қызмет ету, сол арқылы мынау ұлы дүниеге «кетігін тауып, кірпіш боп қалануына» бастайтын өмір формуласының тұтас бір ережесін жазып қалдырғандай әсер береді.

Е. Бөкетовтің публицистикалық мұраларының ішінде қомақты тақырыптарының бір саласы әдебиет пен өнер мәселелеріне арналады.

Бойында сан қырлы таланттың қасиеті шоғырланған қаламгер ғалымның бұл салада кеңірек қалам тербеуіне, әрине, оның әдебиетшілдігі - өнерді сүйетіндігі себеп болғаны белгілі. Бұл мәселені сөз етпес бұрын публицист Е. Бөкетовтің сол кезеңдегі рухани ортасына зер сала кеткен орынды. Бозбала Бөкетовтің әдебиет пен өнерге деген алып-ұшқан арманын, тағдыр жолы жаратылыс тану ғылымның соқпағына түсірді. «Ұлы Отан соғысы бітісімен жоғары оқу орнына түскен біздердің өзіміз көбіне мамандық таңдағамыз жоқ. Мен, мысалы, инженер-металлург болам деп орта мектепте бірде-бір ойлап көргем жоқ», – деп жазады Евней Бөкетов. «Арманшыл болғанға не жетсін» [13, 12] атты мақаласында: «Әрине, сүйген мамандық деген әдемі ұғым. Бірақ, бір ұғатын нәрсе бар: ол еңбек бар жерде жеміс барлығы. Сүйген мамандық дегеніміз еңбекті белшеңнен сіңірген мамандық, маңдай терің мен жаныңның жалыны жұмсалған мамандық қой. Еңбек сіңірген жерде сүю де, күйе де болады, сол еңбек жұмсалған мамандыққа шын жан тәніңмен берілу де туады. Сондықтан, жаңылыстым деп кейін қайту еріккенің ісі деп, адасқанын сезсе де (жастардың жаңылдым дегенінің өзі кейбір уақытта елес пен әуестіктен туған жалған болжау болып шығады) алған беттен қайтпай ілгерлей беру ердің ісі, үйткені, Абай айтқандай, “Адасқанның алды жөн, арты соқпақ”. Менің осы бір айтқанымнан — мамандықты талғама, кез келген мамандыққа оқи бер, тең еңбек жеңеді, деген келте, шолақ ұғым тумас деп ойлаймын» [13, 12].

«Әдебиеттің тәрбиелік, танытқыштық қасиеті дәуір шындығын неғұрлым тереңірек таныстыруына замандастардың толыққанды, күрделі характерлерін сомдап суреттеуіне байланысты. Ал дәуір ақиқатын жырлау дегенді тек ең соңғы жылдардың ғана көлемімен шектеу деп ұқпау керек. Бүгінгі қауым адамы өткенмен немесе келешекпен ісі жоқ, бейтарап

жандар емес. Қазіргі заманның озық адамы өзінше жаңалық ашу үшін, үлгілі іс пен із қалдыру үшін өткен кезеңдердің қымбат дәстүрлерін бойға толық сіңірген болуы шарт» [47, 137].

Белгілі әдебиет зерттеушісі Рахманқұл Бердібаевтың бұл пікірі ұрпаққа өнегелі шығармашылық мұра қалдырған Е.А. Бөкетов тағдырына да қатысты деп айтуға толық негіз бар. Е.А. Бөкетов публицистикасының тақырып аясы мен көтерген проблемалық сипатын сөз ету барысында «өткен кезеңдердің қымбат дәстүрлерін» танитындығымыз да сондықтан. Зерттеу барысында сөз еткеніміздей, Е.А. Бөкетов публицистикасы тақырып арқауын оқу, білім-ғылым саласы, әдебиет, өнер, мәдениет хақында, өнеркәсіп, өндіріс, экология төңірегінде қарастыратындығымызды айтқан едік. Бір ғажабы осы аталмыш тақырыптар тамырының белгілі бір арнада үнемі тоғысып отыруын Е.А. Бөкетов қаламгерлік талантының өзіндік қыры деп бағалаған жөн. Публицист қаламынан өрілген кез келген шығарманың түпкі мақсаты мен діттеген ойы ар-ождан, туған ел, отанды сүю деген ұлы ұғымдарға барып саятынын көзі қарақты, көкірегі ояу кез келген оқырман бірден аңғарады.

Әрине, бұл барлық суреткерлерге тән қасиет болғанымен, Е.А. Бөкетов публицистикасында бұл үрдіс үнемі желі тартып, жібі үзілмей отыратын құбылыс екендігін баса айтқымыз келеді.

## **1.2 Публицист шығармаларының өзектілігі мен өміршеңдік мұраты**

Жалпы, Е. Бөкетов өзінің ғалым-металлург болғанына еш өкінбейді. Бірақ, тұл бойына табиғат сыйлаған өнер атты құдіреттен өмірінің соңына дейін бір елі ажыраған емес. «Мына жұмыс мойын бұрғызбады ғой, әйтпесе бұл өнермен біраз жерге барар едім», – дейтін кейбір әсіре сылтау айтушыларға, мен Е. Бөкетов тағдырын үлгі етер едім. Табиғат ана сыйлаған, тума талант ешқашанда адам бойынан өшпейтіні, ол өз шұғыласын бәрі-бір шашатындығын осы Е. Бөкетов тағдырынан көруге болады. Қыруар ғылыми зерттеудің ортасында отырса да Е. Бөкетов үшін әдебиет пен өнер ешқашанда ұмыт болған емес. Оған оның қаламынан туған әдеби-публицистикалық, деректі-

көркем шығармалары куә. Публицистикалық мұраларын парақтай отырып зерделесек жазушы-публицист Е. Бөкетовті шығармашылық болмыстың барлық қырынан тануға болады:

Бөкетов — әдебиет зерттеушісі (проза, поэзия туындыларына жазған сын-пікір көзқарастары бойынша).

Бөкетов — театр сыншысы (драмалық қойылымдарға жазған сын рецензиялары бойынша).

Бөкетов — публицист (дәуір шындығын шынай бейнелеген мақала-очерктері бойынша).

Бөкетов — ақын, жазушы (классикалық поэзия туындыларын аударуы, деректі-көркем шығармалары бойынша).

Мұның сыртында Е. Бөкетовтің ағартушы-педагогтығын, қайраткерлік тұлғасын танытатын қоғамдық саяси көзқарастағы шығармаларының публицистика жанрын толықтыратынын ескерсек, ғалым Е. Бөкетовтің қаламгерлік қасиетінің барынша айшықтала түсетіндігін көреміз.

Әдебиет зерттеушісіне тән қасиет Е. Бөкетовтің шығармашылық жолында сонау 1953 жылы қазақтың Тау-кен институтының аспиранты болып жүрген кезінде қылаң берген. Сол жылы «Ленинская смена» газетінің 24-февраль күнгі санында «О халтурном переводе и невзыскательных издателях» атты сын мақаласы жарияланды. Бұл сын мақалада Е. Бөкетовтің жастыққа тән жігері, жалындаған отты шабыты бірден байқалады. Онда Н.Г. Чернышевскийдің «Педагогикалық сұрақтарға байланысты еңбегінің» қазақ тіліне аударылуда жіберген өрескел қателіктерін нақты мысалдар келтіре отырып өткір сынаған.

«Книга изобилует грамматическими ошибками, опечатками. Многие примечания перепутаны, они не соответствуют высказываниям. Переводчик, редакторы книги Ш. Байжанов и Е. Утебаев халатно подготовили книгу к печати. По их вине казахские читатели вынуждены знакомиться с высказываниями великого мыслителя в извращенном виде» [48].

Мақаладағы Е. Бөкетовтің осы сөздерін оқығанда, кейінгі кезде баспасөзде жиі қозғалып жүрген сын туралы сыни пікірлер еске түседі. Сынның әсіресе әдебиет, өнер саласындағы сын үшін сақтанантын ең бірінші қағида, осалдық пен

табансыздық дер едім. Қазақы тілмен айтсақ, «Жауырды жаба тоқудан» сақтану. Өткір сынның өзегінде құрт болмайды.

1953 жылы жазылған жас Е. Бөкетовтің аталмыш сынын оқығанда оқырман санасына осындай ойлардың келетіні сондықтан.

Е. Бөкетовтің зерттеушілік танымын танытатын көлемді мақаласының бірі К. Смайыловтың «XXI ғасырға саяхат» атты кітабын негізге ала отырып жазған, ғылыми-көпшілік туындылар туралы ой-толғамы.

Онда автор аталмыш кітаптың жетістіктерін талдап, саралай келе: «Кітап, біз сияқты тіс қаққан адамдар оқығанда байқалатын кемшіліктерден де ада емес. Мысалы, цифрлар көп, әлде тіпті жалаңдау болғандықтан көп болып көрінер де. Мұндай цифрларды жастарға кейбір көз алдындағы дағдылы мөлшермен салыстырып, айқындап кетіп отырса, айтылған дерек тартымдырақ оқылар еді де, баяндалған әңгіменің жалаң цифрдан өңі қашпас еді. Кітапта адамдардың аты жоққа тән. Дегенмен, баяндалған таңғажайып істердің бастаушылары адамдар ғой, сондықтан әрқайсысының аттары ретімен аталса, әңгіме қандай көркейе түсер еді. Бірақ бұл тілектер, кітаптың көлеміне де байланысты шығар. Көлемі жөнінен мұндай шығармаға тартыншақтық білдірмеген жөн ғой», – дейді [49].

Мұндай пікір, сын айту әрине кәсіби сыншылардың қолынан келсе керекті. Бірақ Е. Бөкетовтің пайымдауынша: «Сын да — әдеби шығарма. Сыншы жазушылық қабілеттен құр алақан болмауы керек. Белгілі көркем шығарма туралы жазылған сынның тілі, ойы үйлесім тауып жатқаны абзал. Осы биіктен бүгінгі қазақ сынына көз салсақ, бұл орайда ақсап отырғанын аңғару қиын емес. Төрт-бес шығарманың басын қосып, сыдырта шолып шығу немесе әуелі мақтап, соңында өз орнын таппай тұрған бірді-екілі сөздің шаужайына жармасып, кемшілігін көрсетпек болу секілді сырғыма сындар көбейіп кетті. Бұл баяндаманың сарыны, хабарлама сын» [50].

Қазіргі қазақ сыны туралы осылай ой түйіп, баға беру Е. Бөкетовтің бұл салада көп ізденетіндігін, әр шығармаға өзіндік пікір айта білетін, сыншы-зерттеуші екендігін танытады.

Зерттеуімізде айтып өткеніміздей, балапан қиялына қанат бітірген поэзия патшалығы да Е. Бөкетов шығармаларының

шұрайлы өрісі. Бұл туралы Е. Бөкетов өз сөзінде: «Көркемсөз шеберлерінің қай-қайсыда бастапқыда өлең жазған. Қазақ прозасының дүлдүлдері Мұқан, Сәбең, Ғабен де алғашқы аяқ алысында өлең өлкесіне қадам басқан. Бұл қасиет орыстың классик жазушыларына да тән болғанын білеміз. Осы белестен менің де асуыма тура келді. Сонау бала кезімнен халық ауыз әдебиетінің мұраларын оқуға әуестігім болды.

Ауылдағы қарттарға әжем Кенжетайға қисса, жырларды түні бойы оқып беруден жалықпайтынмын. Келе-келе халық поэзиясының ықпалына берілгенім соншалық, олар мені мүлде баурап алды да өзімнің де жыр жазғым келген. Бала қиялдың алмайтын қамалы жоқ. Талай қағазды өзім өлең деп тапқан шумақтарға толтырғам.

Міне, содан бері өлең менің ажырамас серігім, сырласым болып келеді. Бірақ оған мен ақын болып араласа алмадым, аудармашы ретінде табыстым» [50] деп есіне алады.

Е. Бөкетов ақындық жолды мұрат етпегенімен, поэзиядан алыс кеткен жоқ. Өз тұсындағы қазақ ақындарымен үнемі творчестволық байланыста болды. Ә. Тәжібаев, Ә. Сәрсенбаев, С. Мәуленов, Е. Ибрагим, Ф. Оңғарсынова т.б. ақындармен жиі араласып, хат арқылы ой-пікірлерін бөлісіп тұрды.

Қазақ поэзиясының сол кездегі талантты өкілдері М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиевтің кітаптарын сүйіп оқып, кей жырларын жатқа білетін. Сондай-ақ орыс поэзиясында С. Есенин, В. Маяковский жырларын жанына жақын тұтты. Бұл туралы Бөкетовтің рухани шәкірті, медицина ғылымының докторы, сөз зергері Ғабдолла Құлқыбаев өз естелігінде жан-жақты тоқталып, жақсы айтқан: «Ұлы зиялылардың ағартушылық дәстүрін жалғастырумен қатар, академик-жазушы өзінің шығармашылық мүмкіндігінің диапозонында сынап көрген тәрізді. Өйткені, аударған шығармаларының ішінде француз новелласының қайталанбас шебері Э. Золя мен эпикалық тынысты И. Вазов романы, немесе жалыны шарпыған, сезімдер сұрапылы шалқыған В. Шекспирдің «Макбеті» болмас еді. Оған қоса, стильдік, көркемдік мәнері екі қиырдағы В. Маяковский мен С. Есениннің поэзиясын алыңыз. Ұрандаған, дауылдаған, айғай мен сүргіні қоса жүретін В. Маяковскийдің сатылы өлеңдері мен нәзік сезім

сырлары хрустальдай сылдырап, бұлақ суындай мөлдіреген С. Есенин жырлары. Міне, осының бәрін қоғамдай қамту үшін қандай шығармашылық қарым керек екеніне көз жүгіртіп көріңіз» [5, 167].

Е. Бөкетовтің поэзиялық туындыларға пікір білдірген мақалалары әр кездерде жарық көріп тұрды. «Өлең өткелдерінен асқанда» («Қазақ әдебиеті», 1977 ж. 7-январь) «Көкжиек көңіл күмбезі» («Социалистік Қазақстан», 1977 ж. 5-июль), «Пушкин мен Маяковский» («Жалын», 1974, № 3, 134-139 бб.), «О переводах на казахский язык произведение В.В. Маяковского» («Казахстанская правда», 1953, 29 марта) сияқты пікір көзқарастарын білдіретін мақала-зерттеулері қаламгер танымының өзіндік қырларын көрсетеді. Мысалы, СССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған Жұбан Молдағалиевтің «Қыран дала», «Сел» поэмалары туралы жазған «Көкжиек көңіл күмбезі» атты мақаласындағы пікірі публицист Е. Бөкетовтің поэзияға деген парасат пайымы төмендегіше түйін-байламдарға әкеледі: «Поэма геройы» Тыңбаймен де осы сапарда кездесеміз. Жай ғана кездеспейміз, нақтылы фактілердің, оқиғалардың, мінездердің толғамды түйіндерге ұласқанын, Тыңбайлардың сол арқылы сомдалғанын көреміз. Керек десеңіз, ғасырларды көктей қарпыған кесек теңеулері тарихи ассоциациямен кешегіні, бүгінді, болашақты зердеге қонақтатып, заңғар биіктерді мезгеп отырады. Ақынның асқақ сезімі, айшықты ойлары - сыршыл да сұлу сөздерді тіленеді. Сондықтан да оның сөзі бос ділмарсу емес, ағынан жарылған азаматтық ары, Отанға деген от сезімі, ұлы мұраттарға деген адалдық сияқты естіледі» [49].

Қаламгердің театрдың жаңа қойылымдарын үзбей қадағалап, оған өзіндік пікірін білдіруі, табиғатының осы салаға жақындығынан және өнерге деген сүйіспеншілігінен тұндаса керек. Ардақты ақын Әбділда Тәжібаев «Есімдегілер» атты естелігінде Евнейдің актерлік бейімділігін баяндайтын мынандай жолдар бар: «Бірде Әбекең Шахмардан Есенов пен Евней Бөкетовті Мұхтар Әуезовтің үйіне ертіп барады. Ойы жас жігіттерді ұлы адамның алдына ертіп барып, таныстырмақ ниет болса керек. Мұқаңның үйінде сол күні Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин де отырса керек. Бойлары сырғауылдай,

жұтынып тұрған жас жігіттерді көрген абзал ағалар, олардың ішкі жан-дүниесін сынағысы білгісі келді ме, әңгімені әдебиет, өнер төңірегінде өрбітеді.

– Мен бір орыс инженерінің «Грозаны» жатқа оқығанын көрдім, – деді Ғабит.

– Орыс интеллигенциясында ол бола береді. Ленинградта Чеховтың «Дядя Ванясын» қызық оқитын химик досым болған, – деп Мұқаң қостады.

– Екеуіңіз жабылып, менің інілерімді қинағалы отырсыздар-ау, – дедім жастарға ара түскім келіп.

– Жезде, арашаламаңыз бізді. Мүмкін, біз де құр алақан емес шығармыз, солай емес пе, Шаха? – деді Евней жолдасына қарап. Ол «Әрине» деп, бір-ақ ауыз сөзбен жауап берді. Содан кейін Шахмардан орнынан тұрып сахнадағы Кебекке ұқсап Евнейге бас иіді. Ал Евней бейне бір Абызға айналғандай, Шахмарданға қызық қарап сөйлеп кетті:

Мейірің биік шоқыдай,

Келісті көркің тотыдай

қызықтырған қай ұлсың? – деп бастап, «Еңлік-Кебектегі» атақты диалогты екі жас өздерінің әдемі бейнелерін бұзбай, өзгертпей, табиғи қалыптарын тұрып ойнап шықты.

– Ғажап болды ғой, балалар, – деді Мұқаң буланған көзін орамалмен сүртіп. Одан соң барып екі жігітті сәл шөгере бұқтырып беттерінен сүйді.

Әдейі туған Абыз, арнап туған Кебек. Мұндай жарасымды егізді жылдар іздесең таппасың сахна үшін. Далаға шықсаң кеншілер, қалада жүрсең сауықшылар, солай емес пе? – деп Мұқаң бізге қарады» [5, 4-5].

Міне, Евнейдің бойындағы актерге тән қабілетке кезінде ұлы Мұқаң осылай баға беріп, риза болыпты. Ендеше Евней Бөкетовтің актерлер туралы жазған сыны рецензияларының қаншалықты маңызды екендігін осыдан-ақ салмақтауға болатын сияқты. Өйткені Евней бойында әу бастан актерге тән табиғи бейімділік болған. Буырқанған сол болмыс, актер болып ойнамаса да, оның шығармашылық мұрасының зерттеу мұраты болып отырған.

Кезінде Е. Бөкетовтің театрдың жаңа қойылымдары мен жекелеген актерлік тұлғалар туралы жазған сын мақалалары мен

рецензиялары әр жылдары газет журнал беттерінде жарияланып тұрған.

«Тоқаш Бокин пьесасы орыс сахнасында» атты рецензиясы 1957 жылы 22-декабрьде «Казахстанская правда» газетінде жарық көрді. Онда әрбір актерлердің кейіпкерді сомдаудағы ізденісі мен шеберлігіне жан-жақты талдау жасайды. Тоқаштың жақын досы ақын Құрышпайдың рөлінде ойнаған республикаға еңбек сіңген артист А. Закк туралы былай деп баға береді: «Это человек не всякого оптимизма даже в самые тяжелые моменты жизни. Осужденный на двадцатилетнюю каторгу. Курушбай, выходя из зала суда, спокойно говорит в ответ на угрозы солдата-конвоя: «Стрелять будешь? Не имеешь права. Царь мне двадцать лет жизнь дарил!».

А. Закк естественен в роли Курушбая. Досадно только, что он не до конца отработал произношение некоторых казахских слов» [51].

Осындай аз ғана эпизодтан өзіндік ой түйіп, көрермен ретінде әділ бағалауы Е. Бөкетовтің бұл өнерге деген ішкі түсінігінің қандайлық деңгейде екендігін танытса керек. Сондықтанда актерлерге қоятын талабы да басқашарақ. «Театрда режиссерді ойын-сөз мысқылынан түсінетін, сахналық болашақ тұлғаны бір-екі ғана интонациялық мінездемемен айқындап тастап, бір-екі ғана сырт қимылмен кескін-кейпінен елес беріп өтетін актерлер болады. Олар өмір құбылыстарын тез көріп, терең сезінеді де кесек сілтеспен сом сурет жазатын дарынды суретшілер сияқты, сахналық портреттерін жасайды» [13, 55].

«Сын — өнер. Сын — уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, эстетикалық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы, – дейді Сағат Әшімбаев. Әдетте, көркем шығарманың эстетикалық әсер-ләззаты көп айтылады. Осы әсер сынға жат па? Жоқ! Сынның да өз эстетикасы бар! Ол әсердің негізі — парасатты сыншы ойларының тереңдігі мен сыншылдығы» [52, 45].

Әшімбаев келтірген «Эстетикалық әсер-ләззатты» біз Е. Бөкетовтің драмалық қойылымдарға жазған сын-рецензия мақалаларынан анық байқаймыз. Мысалы, «Пьеса о Токаше Бокине на русской сцене», «Большая тема жизни», «Легенда о

любви», «Назым Хикмета на казахской сцене», «Народный артист», «Майра» атты сын-рецензияларында актерлердің талант-қарымын ғана сөз етіп қоймай, сол уақыттағы драматургия жанры, театр жұмысының аяқ-алысы, аталмыш саладағы түрлі проблемаларды көтерген көкейкесті ойлары, өнерге деген көзқарас пайымын танытады. Сыншы стиліндегі атап айтарлық нәрсе, сындарының тартымды оқылуы, яғни, мазмұн байлығы екенін ескерсек бұл талаптан Е. Бөкетов мақалаларының шығатындығында күмән жоқ. «Қазақ Академиялық драма театры» атты мақаласында: «Жаңа өмір орнату жолында жанкешті сұрапыл шайқастан өткен халықтың бойында революциялық романтикаға толы рухани күші шексіз еді. Мәңгі азаттыққа, мәдениет жарығына ұмтылған сол қазақ өзінің асқарлы арманы мен тағатсыз талабын, өз күйін шерткен жаңа өнерді құшақ жая қарсы алды. Сахнаға ұмтылып, актер да, көрермен де өмір күресіне араласып жүргендей болатын. Міне, сол кездегі драматургиялық құрылысы мен көркемдік сапасы әлсіз пьесалардың халықты соншама құмарта тартуы жаңа өмірдің идеясын, көкейтесті мақсатын уағыздауы деп түсінеміз», [13,45] – дей келіп, сол уақыт өлшеміндегі өнер бағасының қандайлық дәрежеде болғандығын және неліктен екендігін жан-жақты талдап, саралап түсіндіреді. Сондай-ақ, қазақ драма театрындағы шығармашылық ахуал барысындағы проблеманы да орынды көтерген. «Қазақ сахнасында орыс классиктері шығармаларының берік тұрақтай алмауына режиссерлік жұмыс пен артистер ойынындағы кемшіліктерден басқа, тағы бір айрықша себеп бар. Жасыратыны жоқ, бұл байқалып жүрген олқылық қазақ жұртшылығы орыс классиктерінің, оның ішінде өзінің сахнасында қойылған М. Горький мен А. Островский пьесаларына, ондағы оқиғаға психологиялық жайларға, философиялық ойларға бірдей терең түсіне бермейді» [13, 46].

Шынында да, Е. Бөкетов сөз еткен бұл өнер проблемасы қазіргі кезеңде де шешімін тауып кеткен жоқ. Олай дейтініміз, қазіргі сыншылар да әредік болса да осы мәселе төңірегінде сын-пікірлерін айтып келеді.

Е. Бөкетовтің әдеби туындылар мен драмалық қойылымдарға жазған сын-пікір, рецензияларында өз кезеңінде

біз сөз еткен осындай мәселелер көтерілген еді. Сол уақыттың өлшемімен бағалар болсақ Е. Бөкетовтің бұл тақырыптағы публицистикалық мақала-рецензиялары дәуір шындығының болашаққа аманаттаған белгі-бедері болып қалары сөзсіз.

Әдебиет пен өнерге тән уақыт проблемасы Е. Бөкетовтің мерзімді баспасөзде жарияланған сұхбат-диалогтарында да айқын көрінеді. Целиноград облыстық (қазіргі Ақмола) газетіне берген сұхбатында (сұхбатты жүргізуші А. Смайылов) өзі аударған классикалық туындылар туралы мынандай ой білдіреді:

«Жақсы», «Анна Снегина» поэмалары, басқа да аударылған дүниелерді өз таңдауыммен, көңілімнің қалауымен қазақшаладым. Есенин, Маяковский, Пушкиндерді тебіренбей оқу мүмкін емес. Мен осы тамаша әсерімді қазақ оқырмандарының бәрімен бөліскім келді. Ал «Макбет» трагедиясының жөні бөлек. Режиссер Жакып Омаровтың ұсынысымен бұрын талай оқып шыққан «Макбетті» қайтадан зерттей бастадым. Аярлық, тас жүрек жауыздық, махаббат, даңқ құмарлық, тоғышарлық, батыр-лық бір басына тоғыстырылған Макбеттің тұлғасын жан-жақты аша түскен сайын енді оған аудармашы ретінде ғана емес, осындай сұрқиялықтан түңіліп, салқыны арамызда әлі бар-ау деген ой қинаған жанның көзқарасымен қарайтын болдым» [50].

Публицистика теориясындағы: «Публицист қоғамды (айналаны) суреттеу барысында екі бағыт алады. Біріншісі жалпы типтік (саяси экономиканы типтік тұрғыда түсіндіру) және жеке типтік (өнердегі жеке тұлға туралы түсінік). Бұл кезеңде екеуінің жағдайында да әлеуметтік мәселе ашылады» [36, 54].

Осы айтылған публицистика уәжі екі жағдайда да Е. Бөкетов шығармаларына тән қасиет. Ол шетел орыс классиктерінің шығармаларының бәріне бірдей бас ұрмаған. Шығарма көтерген уақыт шындығының проблемалық сипатын екшеп, өз дәуірінің тамырын дәл басатын, жақсылығын игеріп, жамандығынан жиренетінін бұқара санасына жеткізуді мұрат тұтқан.

Е. Бөкетовтің осынау азаматтық, адамгершілік асыл арманын көрнекті ақынымыз Мұзафар Әлімбаев өзінің «Кісілік

пен кішілік» атты естелігінде былай деп еске алады: «Туысқан халықтардың мәдениетіне қызыға үңілу, тіліне деген пейілі-ықылас, туған тілімен салыстыру Евнейге тән мінез еді. Озық мәдениетке өз жұртын ұмтылдыру — ойшылдардың өмірлік кам-қарекеті екен» [5, 49-50].

Е. Бөкетовтің әдеби сын шығармалары туралы Рәбиға Сыздықова: «Әдеби сын шығармаларының ішінен «Тәржіма туралы ой» деген мақаласын бөліп алып қарасақ, еңбеккерлік пен ізденімпаздықтың үлгісін көреміз. Ол В.В. Маяковский шығармаларының қазақшаға аударылуына аса назар аударған. Ол үшін ақынның творчествосын түгел білуімен қоса, аудармаларды жан-жақты зерттейді. Аудармадағы шеберліктің, көркемдіктің сақталуын және тағы да басқа принциптерді тәптіштей талдайды», – дейді [5, 135].

Жалпы, Е. Бөкетов орыс әдебиетін, орыс классиктерінің шығармаларын жетік білгендігін өз творчествосында айқын аңғартып отырады. Әлем әдебиетінің інжу-маржанын меңгеріп, бойға сіңіру үшін «Орыс тілі — дүниенің кілті» деген ұлы Абай қағидасын жалғастырушылар көшінде Е. Бөкетов есімі бірегейлер қатарында тұрары белгілі.

«Публицистика Чокана Валиханова» атты зерттеу кітабында Султаньяев: «Казахские просветители Чокан Валиханов, Ибрай Алтынсарин, Абай Кунанбаев горячо призывали приобщаться к русской культуре, к тесному общению с русскими, призывали учиться у русских», – деген пікір айтады [53, 5].

Әрине, шындықты мойындаудың өзі ерлік демекші, әлем әдебиетін орыс тілі арқылы танып-білгендігіміз ақиқат. Бұл жолдарды келтіріп отырғандағы себебіміз Е. Бөкетов орыс тілін өз ана тілінен кем білмеген. Шығармаларын екі тілде де еркін жазған. Қай шығармасын алып қарасаңыз да, орыс әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан мысалдар келтіре отырып жазады. Бұдан Е. Бөкетов әсіре орысшыл еді деген ой туындамау керек. М. Қаратаев: «Әрбір қазақ жазушысы орыс әдебиеті арқылы адам табиғатын, оның тағдыр-тауқыметін, мінез-құлқын, адам жанының күрделі диалектикасын түсіне білуді үйренді, инабаттылық және әсемділікке тәрбиелеуші ұстаз аталуы да тегіннен тегін емес» деуі [54, 33-34] бекер айтылмаса керек.

Е. Бөкетов публицистикасындағы проблемалық сипат ерекшелігінің бір парасын М. Әлімбаев айтқандай: «Туысқан халықтардың мәдениетіне қызыға үңілу» машығынан байқайтынымыз да сондықтан.

Ғалымның шығармашылық мұрасына шолу жасап (аудиторияда оқыған лекция, жазған хаттар, баяндама-докладтар, публицистикалық мақалалар, очерк-эсселер, ғылыми зерттеу, деректі-көркем хикаяттар, т.б.), зерделеп өткендегі зерде-зейінімді баурап, ізгілік атты ұлы сезімнің шуағына бөлеген бір соны ұғым — ол шығармашылық (творчестволық) тазалығы болды.

Е. Бөкетов туралы көп айтылып, көп жазылды. Сол естеліктердің дені «оқымысты, әдебиет сыншысы, аудармашы, публицист Е.А. Бөкетовті көре алмай етекпен тартқан, аяқтан шалған қу-сұмдар да болмай қалған жоқ. Е. Бөкетовке жала жапқан эзәзіл, өсекші бүркеншектер қарағандыдан да, пәлекор пасық пасквильшілер Алматыдан да табылды» деген пікір мағынасында жиі айтылады. Бұған күмәніміз жоқ. Ет пен сүйектен жаратылған адам-пенденің тіршілігіндегі кикілжіңі қай ғасырда таусылып еді. Біздің айтпағымыз, 58 жасында жүрек талмасынан бақилыққа аттанған Е.А. Бөкетов тіршілігінде көрген пенделік құқайы жөнінде өз шығармасында ләм деп ауыз ашпаған. Тек бұл Е.А. Бөкетовке ғана тән қасиет шығар. Өйткені, данышпан Абайдың өзі «Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма» деп күңіреніп өткен. Біз Е.А. Бөкетов мұрасының өзіне тән ерекшелігі дегенде оның тазалығын айтқымыз келгені де сондықтан.

Белгілі публицист-қаламгер К. Смайылов «Адал адамдар — адамзат жағында» атты ғылыми мақаласында: «Шын қаламгер, шын қайраткер әлемде өлім мен өмірдің, прогресс пен регрестің, ақ пен қараның айқасы жүріп жатқанда, одан шет қалып, жырақ тұра алмайды. Шеткері емес-ау, кейбіреулер біз саясаттан «жоғарымыз» деп, адамдардың арман-мұңдарынан, өмір күресінен жоғары тұрмақ болады. Ол мүмкін емес», – деп жазған еді [55, 69].

Е. Бөкетов өз кезеңіндегі қазақ әдебиетінің аяқ алысын, жетістігі мен кемшілігінде зерделеп, оған баспасөз беттерінде өзінің пікір-көзқарастарын білдіріп отырған. Ол 1974 жылы

жарық көрген әдеби-туындылар туралы ойын былайша өрбітеді: «Бастау көзін Абайдай дана ашқан, іргетасын Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит сияқты дарқан дарындар қалаған қазақ әдебиетінің бүгінгісі келісті, кешегісі өрісті», – дейді. «Өткен жылы еңбекқор талант Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» атты трилогиясының СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болуы қазақ совет әдебиетінің мерейін өсірген оқиға. Әбділда Тәжібаевтың «Көне қоңырауының» әлі де қуатты күмбірлеп тұрған үніне сүйсіндім». Осылай деп пікір білдірген Бөкетов Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан», Ілияс Есенберлиннің «Көлеңкемен қорғай жүр» атты романдарына да келісті пікірлер айтқан.

Жалпы, әдебиет зерттеушісі ретінде Е. Бөкетов өз дәуірінің көзі қарақты, көкірегі ояу, ойлы оқырмандарын пікір соналылығы мен тәнті еткен қаламгер. Әдебиеттен алған осы әсерлері өзінің ғылыми публицистик шығармаларында өзгеше сәуле беріп, жаңаша таным-түйсіктердің жол ашылуына бағыт болған. Бұл публицистика жанрына тән құбылыс. Зерттеуші М.И. Стюфляева бұл тұрғыда: «Публицистика дегеніміз өнер мен ғылымның жиынтығы ретінде ежелден белгілі. Осыған сәйкес публицистиканың ішінен көркемдік жазудан, логикалық ғылыми сипатқа ауысып отырғанын аңғару қиын емес, немесе логикалық ғылыми сипаттан әдеби-психологиялық сипаттауға ауысуды көру қиын емес. Мұндай өзара алмасулар тұрақты, олардың шегі жоқ үнемі болып тұрады», – дейді [36, 15].

«Публицистикалық мақала — заманымыздың қоғамдық-әлеуметтік саяси мәні зор лебін, оның тек бүгінгісін ғана емес, өткендегісін баяндаумен бірге келешегіне де көз тастайды. Публицистика — бүгінгі күннің әлеуметтік күрделі мәселелерін қозғайтын, дәуірдің негізгі міндеттерін көтеріңкі үнмен, тартымды тілмен жарқын баяндайтын шығарма. Публицистика негізінде қоғамдық ой-пікірлер, оның қайшылықтары мен тартыстары, қоғамдық құбылыстар мен оқиғалар, фактілер жатады» [36, 15].

1992 жылы Қарағандыда шыққан Е.А. Бөкетовтің «Библиографиялық көрсеткішінде» жазушы-публицистің әдеби еңбектерінің тізімі 82 шығарманы қамтиды екен. Бұл әрине сөз жоқ күрделі ғылыммен қатар шығармашылықты қоса меңгерген

ғалым-публицист үшін аз мұра емес. Мұның үстіне архивтегі публицистикалық қолжазбалары, баяндамалары, әр кезеңдегі естелік хаттарын қоссаңыз Е. Бөкетовтің шығармашылық жәдігері сөз жоқ ғылыми зерттеуді қажет ететін мұра. «Тағы бір айта кететін жаңалық аталмыш «Библиографияға» кірмеген, бұрын баспа бетін көрмеген, немесе қазіргі кезде жарияланып жатқан шығармаларының баршылық екені. Мысалы, 2000 жылы «Зерде» журналының екінші, үшінші санында жарияланған «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары» атты ғылыми-танымдық мақаласы белгілі себептермен редакция қоржынында ұзақ жылдар жатып қалған. Сондай-ақ, кейін қарастырған кезімізде Е. Бөкетовтің біраз туындылары 1992 жылғы «Библиографияға» енбеген.

Зерттеу соңында осындай туындыларының тізімін арнайы кіргізетін боламыз.

Мұны тілге тиек етіп отырғандағы себебіміз, Е. Бөкетовтің түрлі тақырыптардағы публицистикалық мақалаларымен қатар деректі хикаяттары мен естелік-эсселерінің де алар орны ерекше екендігін айту. Жалпы Е. Бөкетовтің «әдеби» мұрасы деп аталатын шығармашылық дүниесінен таза көркем дүниеге жататыны жоқтың қасы. «Жиеннің» жиендігі жайында Жақыпбектің айтқаны» атты шытырман оқиғалы хикаятты көркем дүние қатарына жатқызуға болатын шығар. Е.А. Бөкетовтің «Көкейкесті» (Алматы, «Қазақстан», 2000 ж.) кітабында бұл шығарманың астына хикаят деп айдар таққан екен. Бірақ бұл шығарманың өзегі де деректі. Олай дейтініміз хикаят мазмұны өмірде болған оқиғаны баяндайды. Бөкетовті осы оқиға мазмұны қызықтырса керек, шығарма арқауына әп-демі өзек етіп алыпты.

Бұл хикаяның кейіпкері Евней Арыстанұлы жетекшілік ететін институттың аға ғылыми қызметкері Алексей III. деген азамат екен. Бұл туралы жазушы М. Сәрсекеевтің естелігінде: «Ебіней Арыстанұлы, бұл хикаяны мен сізге ғана айтқанмын. Онда да жұртқа жария етсін деген мақсатпен емес», – деп Алексей досымыз қипақтай бастап еді, көшір серігін сөйлеткісі келіп, әңгімені әріден бастаған Ебекең еркіне қоймады, – дей келіп, Алексейдің ұры туралы айтқан қызықты әңгімесінің желісін келтіреді.

Әңгіме соңында мен: “Қызық әңгіме, нағыз детектив!..” - дедім.

Қызық болса, осыны негіз етіп, сен, Медеу әңгіме жаз. Дайын тұрған сюжет, тіпті ештеңе қосудың қажеті жоқ, – деді Ебіней Арыстанұлы Алексейдің әңгімесін өзінше тұжырымдаған.

Шынында да солай сияқты. Жазар-ақ едім, сіз өзіңіз де Алексейді қайта-қайта ежіктей айтқызып, бірдемеге айналып жүрген сияқтысыз. Сондықтан бұл хикаятты өзіңізге қайыра сыйладым, – дедім мен қызығып отырсам да, дайын сюжетті бірден иемдене кетуге ыңғайсызданып.

Бертінде мен Ебіней Арыстанұлының артында қалған қолжазбаларын қарау кезінде, үйіндегі архивінен машинкаға басылған, көлемі 34 бет, «Алексей жайында деректі хикая» деген қолжазбаны көрдім. Көрдім де Жұман қорығындағы көңілді жексенбі, Алексей Ш.-ның бізге тамсана отырып, әңгімеге қарық қылған мерейлі мезеті есіме түсті» деп жазады [5, 65].

Сонымен Е. Бөкетов шығармашылық мұрасында таза көркем, жазушылық фантазия мен ойлау-қиялдаудан туған романтикалық дүниелер жоқ деп кесіп айтуға да негіз бар. Ал шығармашылық дүниеде осы аталған қасиеттердің сирек ұшырасуы қаламгердің публицистігін қуаттай түсетін айғақтар болып табылмақ.

Жалпы публицистика жанрын зерттеуші Т. Амандосовтың пікіріне сүйенсек: «Біздіңше көркем әдебиет публицистикасы және газет публицистикасы деп келелі екі салаға бөлу керек. «Публицистика көркем әдебиетте — роман, повесть, әңгіме, поэма, лирикалық тақпақ өлеңдер біздің саламызда (газетте Т.А.) публицистика мақала» деп бұл пікірімізді советтік журналистиканың көрнекті өкілі Д. Заславский де қолдайды», – дейді [56, 129].

Ендеше, көркем деректі деп, жазушы–публицист деп әдебиет әлемін бөліп жармай, қоғам мен адамзаттың игілікті мүддесіне қызмет ететін шығарманың жалпы атауына публицистика деп қараған жөн. Мейлі газетте, мейлі көркем әдебиетте көтерілген қоғамдық мәселе мен адамгершілік ұждан төңірегіндегі шығарма, адамзат игілігіне қызмет етуі шарт.

Сондықтан да біз Е. Бөкетовтің шығармашылық мұрасына публицистикалық тұрғыдан баға беріп, сол тұрғыдан зерттеу жасаймыз. Ең әуелі Е. Бөкетовтің өзінің көзі тірісінде жарық көрген кітабы төңірегінде ой өрбітіп көрелік. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Атан қомында туған адам» атты кітабының алғы сөзінде белгілі сөз зергері, профессор Зейнолла Қабдолов Е. Бөкетовтің шығармашылығын сөз ете келіп, былай деп жазады: «Евнейдің қаламгерлік қызметі әзірге шағын, бірақ мәнді: Эмиль Золяның бір топ әңгімелерін, Иван Вазовтың «Бұғауда» романын, Владимир Маяковскийдің «Қандала» пьесасын, Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын қазақшаға аударып бастырды. Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов творчествосын тұтас байыптай келе «Оянған өлке» туралы ойлы мақала жазды. Өткен жылы Маяковскийге қайта оралып, оның «Жақсы» поэмасын аударып шықты. қазіргі қазақ интеллигенциясы жайлы көлемді очеркі — «Атан қомында туған адам» мен әдеби-сын мақалалары, міне, «Жазушы» баспасынан жеке жинақ боп жарық көріп отыр. Бұл күндерде Е. Бөкетов академик Қ. Сәтбаев хақында кітап жазып жүр», - деп [57, 3] сол кезеңдегі Е. Бөкетов шығармашылығына шолу жасайды.

Педагогикалық еңбектің ардагері көзі қарақты, көкірегі ояу азамат Қайролла Мұқанов өз естелігінде «Атан қомында туған адам» очеркі туралы өзінің парасатты пікірін былай білдіреді: «Мен бұл кітапты әлденеше рет оқып шықтым. Әрбір оқыған сайын әңгіме арқауы болған адамдардың беймәлім қырларын, біз біле бермейтін сырларын тапқандай боласың. Мысалы, «Атан қомында туған адам» очеркін алайық. Бұл күнделікті оқығанда кешегі көшпелі халқымыздың бүгінгі тұтас дәуірі елес беріп өтеді. Елес емес-ау, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі сырлы суретпен беріледі емес пе? Көшіп-қонып жүргенде атан қомында туған адам мен күміс қанат самолетте дүниеге келген адамның мысалында халқымыздың экономикасы, ғылым мен мәдениетінің өсуі ғажап көрсетіледі» [5, 132].

Аталмыш очерктегі В.И. Вернадскийдің «әрбір ұлттың ғылыми қарекеті үкімет басшылығының саналы жігері мен қажырлы нұсқауының арқасында іске асуы мүмкін, ал үкіметтің өзі немқұрайды қарап, тіпті қарсылық білдірген кезінде, жеке

адамдардың, әйтпесе қоғамдық ұйымдардың қажырлы қайратымен іске асуы мүмкін» деген сөзін тілге тиек ете отырып Е. Бөкетов республикада ғылымның тианақты өркендеуі жолындағы кейбір көкейкесті мәселелерге нақты баға бере сөйлейді. Республикамыздағы ғылыми қызметкерлердің екінші буыны-біздерге жержүзілік үлгілерден кем түспейтін ғылым сарайларына кіріп қызмет істеуге мүмкіншілік жасап берген ағаларымызға шын жүректен алғыс айтамыз деп Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, И. Қарағұлов, Ә. Бектұрсыновтардың творчестволық ізденістері, талғам-таным, тапқан жаңалықтарын жан-жақта сөз етеді.

Сондай-ақ бұл кітапта «Қос алып», «Тәржіма туралы ой», «Жұлдыздар шоғыры», «Парасат білім бұлағы», «Замандас жастар туралы» атты өнер, ғылым, ағарту тақырыптарына жазған публицистикалық-танымдық мақалары топтастырылған. Жалпы, қай тақырып болмасын Е. Бөкетов мақалалары проблемалық тұрғыдан бір-бірімен үндесіп, бірін-бірі мазмұн жағынан байытып отырады. Олар парасатты білім, ізгі ниет, адамгершілік қасиет атты ұлы ұғымдар бойында желі тартып, ой қозғайды.

Мысалы, Мұхтар Әуезов туралы «Атан қомында туған адам» очеркінде: «Жаны адал, жүрегі ақ, сезімі нәзік адамдар ең әуелі өз қара басына қатаң талап қойып, өзін-өзі алдамайды. Мұндай адамдар кейде өз қара басын қайырымсыз жәбірлеуге дайын тұрады. Мұхтар Әуезов тегі осындай адам болған» десе [59, 17], «Қос алып» мақаласында: «Адамның тұла бойы жүрек болу деген не? Шамасы мұндай адам өтіп жатқан өмірдің әрбір үлкенді-кішілі оқиғасына бірде күйіне, бірде жұбана, бірде қуана, бірақ қашанда жедел, белсенді жауап беру деп түсінуге болмай ма? Жобасы осы бір дамылсыз тынышсыздық, осы бір кеше ғана өткен күннің «реніш мен назына», «сыбыры мен қыбырына» аса бір сергектік білдіру тек Пушкин мен Маяковский сияқты тумасынан ерекше адамдарға ғана тән сияқты» дейді [57, 17].

«Жұлдыздар шоғыры» мақаласында: «Қ. Қуанышбаев көрушілерін әр кез ойынының шынайылығы, терең мағыналылығы тартады. Қ. Қуанышбаев театрда актерлік талантымен ғана емес, жастарды тәрбиелеуде ақылгөй

ұстаздығымен де қадірлі» [57, 17]. «Парасат білім бұлағы» мақаласында: «Ежелден құралған адамзат мәдениетін бойға бір жола сіңіру, екінші саласын әділетсіз жоғарылата ұстау, шындап келсе ақыры жалпы тапшылыққа, сорлылыққа әкеліп соғады да, адамның творчестволық қабілетіне нұсқан келтірмей қоймайды» [57, 17]. «Замандас жастар туралы» мақаласында: “Абай халыққа, әсіресе жастарға жақсылықты, ізгілікті ойдағыдай дарыта алмағаны үшін өкініште өткен.

Өкінішпен көп өмір кеткен өтіп,

Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.

Ойшылдың менде санды бірімін деп,

Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

Осы бір өткеннің қасіретті жағдайын біз әдейі келтіріп отырмыз. Өйткені, қазіргі уақытта маркстік-лениндік ілім өркен жайған дәуір, социалистік қоғам адамның өз бойындағы барлық жақсы жағын арттырып, шын мәнінде адал, шарапатты, парасатты азамат болуына мүмкіншілік туғызып отыр. Осы мүмкіншілікті пайдалану — біздің бірден-бір міндетіміз”», – дейді [57, 17].

Зерделей қарасақ, әр мақаладан келтірген Е. Бөкетов ойының негізгі желісі бір арнада тоғысап жататындығын байқаймыз. Ұлыдан ұлағат — болашаққа аманат девизи Е. Бөкетов публицистикалық шығармаларына тән қасиет дейтіндігімізге бұл да бір жарқын мысал. Сол уақыт үрдісімен бағалар болсақ, публицистикаға қажетті қағида: «Публицистикалық мақалада өмір тамырының соғысы үнемі нәзік сезіліп тұруы тиіс; нақты оқиғалар мен фактілер негізінде баяндалып, қоғамдық құбылыс нәзік сезіммен бағалануы тиіс. Оның өмірге батыл да жігерлі араласу сипаты болуы керек» [31, 9].

Публицистика жанрын зерттеуші теоретик ғалымдар айтқан осы уәждағы «өмір тамырының соғысы үнемі нәзік сезіліп тұруы тиіс» деген пікір Е. Бөкетовтің біз талдаған осынау публицистикалық мақала-очерктеріне тән қасиет болып табылады.

Е. Бөкетов публицистикасының ерекшелігі оның өзіндік табиғи болмысы, көтерген мәселесі туралы қаламгер-академиктің замандас-тұстастары, белгілі сөз зергерлері

жазушы-ақындар, сыншы-зерттеушілер аз айтқан жоқ. Атап айтқанда Ә. Тәжібаев, Ж. Бектұров, С. Мәуленов, М. Әлімбаев, М. Сәрсекеев, А. Сейдімбеков, Р. Сыздықова, Ғ. Құлқыбаев, И.С. Белетченко, В.В. Белоусов, Е.И. Никитин, П.А. Новокшонов, В.М. Карлинский т.б. сияқты көптеген ақын-жазушы, қоғам қайраткерлерінің естелік-эсселері мен парасатқа толы байламды ойлары Бөкетов публицистің болмысын айшықтай түседі. Әсіресе, қазақ әдебиеті сынының көш басшысы, академик Мұхамеджан Қаратаевтың Бөкетовтің жазушылық қарымы мен дарынына берген бағасы да бұл ойымызды қуаттайды.

Сергей Есениннің «Менің махаббатым» атты өлеңдері мен поэмалары 1978 жылы Е.А. Бөкетовтің аударуымен жарық көрді. Кітаптың алғы сөзінде М. Қаратаев С. Есенин шығармаларының бұрын-соңды аударылмағанын, оның басты-басты себептерін ашып көрсетеді: «Байқауымызша, мәселенің көңілдегі межеге жуық шешілуі үшін, бірқатар шарт қажет екен: алдымен аудармашы ақындығы түпнұсқаның авторындай болмағанымен, өз ортасында дарынды ақын болуы керек, екінші, түпнұсқа тілінің байлығын, іші-тысты сыр-сипатын өз ана тіліндей білуі де керек, үшінші, түпнұсқа туындының тарихын, әлеуметтік, ұлттық рухани шыққан тегін жан тәнімен түсінуі керек» дейді сыншы [5, 136].

Е. Бөкетов шығармаларында Маяковский мен Есенин тағдырының көбірек сөз болуын Қаратаев айтқандайын «өз ортасында дарынды ақын болуы керек» деген пікірдің астарынан іздеген жөн сияқты.

Е. Бөкетовтің аудармаларын, кез келген ғылыми мақаласына талантты ақындардың өлең шумақтарын арқау етуі, сөз жоқ поэзияға деген сүйіспеншілігінен туындаған қасиет екендігі белгілі. «Қос алып» мақаласында үлкен тебіреніспен, ақынға тән асқан шабытпен суреттеген Маяковский мен Есенин тұлғасы Е. Бөкетов творчествосының шығармашылық нәрі десе де болады. Өлең шумақтарына талдау жасай отырып өмір сүру философиясының азаматтық қағидаларын өрбітуі публицистикаға тән нәзік сезім нұрымен ұрпақты тәрбиелеу, санасына адамгершілік сәулесін ұялату мақала өзегінің негізгі факторы болып шыққан.

Туған әдебиетіміздің әр алуан мәселеріне қатысты, сондай-ақ жеке қаламгер творчествосына байланысты ой түйіп, жүрек тереңінен шыққан толғанысы мен сырын қамтитын сын кітабының атын белгілі сыншы Сағат Әшімбаев «Парасатқа құштарлық» деп атауында үлкен мән-мағына жатса керек. Кез келген қаламгердің шығармашылық мұрасы, оның ішкі жандүниесі мен адамгершілік қасиетінің өлшемін көрсетеді. Қаламгердің өзі үшін жазған дүниесінің өміршең болмайтыны белгілі. Е. Бөкетов публицистикасының өміршеңдігінде біз, шығарма арқауының, шындығы мен көтерген мәселесінің өзектілігінен байқаймыз.

Белгілі орыс әдебиеттанушысы, сыншы-публицист М.С. Пенкиннің мына бір сөзі тікелей Е. Бөкетов сияқты ғалым-публицистке арналып айтылғандай: «Наука — это поиск истины. И путь к ней длится годами и десятилетиями. Потому открытие здесь так редки. На это обратил внимание еще Спиноза. И успех сопутствует здесь больше всего тем, даже самым талантливым естествоиспытателям, которые вооружены знанием гуманитарных наук, тем художникам, которые в познаний природы и общество стоят на уровне знаний своего времени» [58, 63].

Жастарды оқу-білімге шақырып ғылымның терең сырларын білуге баулуы ғалым-публицист Е. Бөкетовтің өмірдегі өзекті мақсатына айналғаны оның шығармашылық мұратынан анық аңғарылады. Бұл тұрғыдан ол Абай Ыбырай негізін қалаған ағартушылық жолды ұстанушы және оны іске асырушы қайраткер ретінде игеру сол жолда жастардың ынтасын ояту мақсаты Абай ғибраттарымен сабақтасып жататындығы да сондықтан. Абайдың отыз екінші қара сөзі: «Білім — ғылым үйренбекке талап-қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмей іздегенмен табылмас. Әуелі — білім-ғылым табылса ондай-мұндай іске жаратар едім деп дүниенің бір қызықты нәрсесін іздемекке керек. Оның себебі білім-ғылымның өзіне ғана құмар ынтық болып бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзұр хасил болады», – деп баяндалады [59, 136].

Белгілі әдебиет зерттеушісі Б. Кенжебаев өзінің Ыбырай Алтынсарин туралы жазған мақаласында: «Ыбырай өзінің алдында болған Шоқан, соңын ала болған Абай сияқты, қазақ халқының азабын жеңілдетудің бірден бір жолы — оны өнер-білімді, мәдениетті ету, батыс-орыс мәдениетіне жетілдіру деп білді» деп жазады [60, 157].

Уақыт үрдісінен байланысты ғылым-білім туралы Е. Бөкетов пікірі Абай қағидасын өз танымында қуаттай түседі: «Ілгері буындағы ғалымдар жастарға мәдениеттілігі мен парасаттылығын көрсетіп, өнеге бола білуі қажет. Жастың еңбегін бағалау, жол аша білу — үлкеннің міндеті, бұл міндетті орындау үшін үлкеннің өзі зор мәдениет иесі болу қажет. Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық, ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық, өйткені, халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары — ғылым адамдары, – деп Абай айтқан «бір ғана білмектің өзін дәулет білсең» ойы Е. Бөкетов көзқарасында “ұстаздың жастарды білмекке жол ашып, тәрбиелеуі”» [13, 128] пікірімен сабақтасып, мағына-мәні толығы түседі.

Е. Бөкетов публицистикасының тағы бір ерекшелігі құрғақ ақыл, қызыл сөзден (дидактика) аулақтығы. Ғасырлар қойнауынан жеткен адамзат баласының ғибратты асыл сөздері мен озық үлгідегі мәдениет мәйегі Евней шығармаларына үнемі алтын арқау болып отырады. Өткені мен бүгіннің, болашақтың пайым-парасаты тұтастық желісін үзбей, оқушы зердесіне тіршілік атты ұлы керуеннің көкейкесті мәселелерін келісті ой, кестелі тілмен әсем жеткізеді.

Мысалы, ағартушылық саласында Абай–Ыбырай–Евней деп елестетсек, ғылыми көзқараста Шоқан–Қаныш–Евней деп пайымдауымызға әбден негіз бар. Осы пікірімізге орайлас Ғ. Құлқыбаев естелігінде мынадай сөздері бар: «Аударуға алған шығармалары ылғи ығай мен сығай. Бұл ретте Евкеңнің шығармашылық ауқымы мен нәзік талғамы кісі таңғаларық. Болгар классигі И. Вазовтың «Бұғауда» романы, француз классигі Э. Золяның әңгімелері, В. Шекспирдің әйгілі «Макбет» «Юлий Цезарь» пьесалары, В. Маяковскийдің «Қандала» драмасы мен «Керемет» поэмасы, С. Есениннің «Анна Снегина» поэмасы тағы-тағылар. Тек қана аттарын атап шыққан

шығармалардан көрініп тұрғандай, ол өз халқының оқырмандарын қандай ғажайып көркемдік әлемнің кәусарынан сусындатуға ұмтылған. Бұл ұмтылыс XIX-XX ғасырлардағы қазақтың Абай мен Шоқан, Шәкәрім мен Ахмет, Мағжан мен Міржақып, Мұхтар мен Жүсіпбек, Сәкен мен Ілияс сынды ұлы зиялылары мен ағартушылары бастаған керемет дәстүрдің жалғасы іспеттес» [5, 167].

Е. Бөкетов есімін ол жазған публицистикалық шығармалар өзегін Алаш жұртының алыптар легінен іздеуіміз әбден лайық.

Өз заманының күрделі проблемасын шығарма шындығына айналдырған Е. Бөкетов таланты сөз жоқ келер ұрпақ қажетіне айналдырар құнды дүние қатарында тұрады.

«Е. Бөкетов — тағдырдың қатал сынынан өткен ғалым-әдебиетші. Әсіресе, тоқырау кезеңінде небір пасық ойлылар, іштен шалушылар оның адымын аштырмады. Баршамызға белгілі, 1978 жылы «Простор» журналында оның «Жарқын тағдыр кезеңі» атты повесі жарияланған. Ол «Ғылыми қызметкер жазбалары» деген айдармен берілді» [5, 164]. Сол кітаптың алғы сөзінде Е. Бөкетов: «Мен осы еңбегімде уақыт туралы, өзім туралы сыр шерткім келеді. Қазір байқап қарасам, екеуінің ауылына жақындай алмаппын. Солай бола тұрса да бұл жазбаларымды оқырмандар тезіне салуды жөн көрдім, өйткені, оларда көптеген кемшіліктерге қарамастан, халық тағдырында ұлы да ғажайып рөл атқарған совет ғылыми қызметкерлерінің аздап болса да тәжірибесі бейнеленген», – деп жазды [61, 4].

Қазіргі кезде жазған шығармасы сынға іліксе «ит көрген ешкі көзденіп» шыға келетін кейбір қаламгерлерге, өз туындысына осылайша өзі баға берген Е. Бөкетов қасиеті үлгі боларлықтай.

Кемшілік өзін-өзі мойындаудан түзеледі. Е. Бөкетов кейіннен повесін қайта өңдеп жазып шықты. Қуаныштысы сол бұл повесть кейін «Алты хат» атты деректі-хикаят ретінде жеке кітап болып шықты.

Бұл кітапта жазылған қысқаша анықтамада «Жаны таза, рухани дүниесі бай оқымысты-химик Мәжит Нұрбаевтың балалық шағынан бастап, институт басшысына дейін көтерілгендегі еңбегі, ішкі толғаныстары мен тебіреністері терең психологиялық мәнерде шынайы суреттелген. Жазушы

адамгершілік, этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударады» деп жазылған [5, 4].

Е. Бөкетовтің бұл шығармасын таза көркем дүние қатарына жатқызуға болмайды. Әрбір шығарма шырайы, соны жазған адамның жан-дүние айнасы сияқты. Парасат-білімін, адамгершілік-ұжданын, қоғамдық көзқарасын автор өз шығармасы арқылы кейіпкер бойына дарытады. Немесе, керісінше өмірден көрген зорлық пен қатігездікті, парықсыздық пен тоғышарлық сияқты жат қылықтарды өз кейіпкері арқылы көрсете отырып, өмір болмысын көз алдыңызға әкеледі. Соның жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренуге тәрбиелейді. Сөз жоқ, Мәжит Нұрбаев бойындағы көптеген қасиеттер мен ол кешкен тағдыр жолы Евней Бөкетов өмірінде болған жайттар, яғни, хат тәсілі арқылы баяндалатын оқиға желісіне құрылған бұл шығарманы деректі монолог-хикаят десек те қателесе қоймаймыз. Мұнда да уақыт, қоғам, адам арасындағы қатынас, әрекет бейнеленген. Хикаяттағы мына бір үзіндіге зер салып көрелік: «Бірақ бір қызығы, ардақты жазушы інім, сол кезде маған сенген жоғарғы орындар мен адамдардың сенімін ақтамадым деп кінәлап жүрмеспін (адалына келсе, ең әуелі өзімді-өзім осы үшін кінәлауым керек еді ғой). Жоқ, менің ұялып, ренжіп жүргенім, мақтанып, мардамсуға ойысымпаз қиялымдағыдай ер жігіт болмай шыққаным екен. Сол кездегі жай-күйімді талдап байқасам, жұрттың көбінің қара басындағы драма әркімнің ісі мен әрекеті қиялымдағыдай болып шықпағанынан туа ма деп ойлаймын» [5, 10].

Осы сөздер астарына үңіле түссек, ғылым жолындағы тағдыр-талайы, соқтықпалы-сонарлы Е. Бөкетовтің өмір жолы ойға оралатындай. Өмір шындығын көркем оймен кестелі жеткізу де қаламгердің өзіндік тәсілі дегеніміз осы болар.

Бұл хикаят көтерген мәселе өзегі тағы да ғылым-білім, тәлім-тәрбие, ар-ождан адамгершілік болып табылатындығы Бөкетов публицистикасындағы алтын арқау, ұлағат жемісіне жетелейтіндігі сондықтан деп білеміз.

«Академик Сәтбаев. Академик Бөкетов. Бұлар халқымыздың бақытына туған жарық жұлдыздар еді. Бірі — ұлы ұстаз, бірі оның шапағатына бөленген шәкірті болды. Ұстаз алдында асыл парызының бір өтеуі болсын деді ме, ғалым

жазушы Евней Бөкетов бертінде көркем сөзбен кестелеп «Жас Қаныш» атты деректі хикаят жазды. Шығарма орыс тілді оқырманға арналып жазылғандықтан, автор қазақтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, тәлім-тәрбие ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып, қызғылықты баяндап отырады. Кітаптың танымдық, тағылымдық маңызы зор» [62, 5].

1999 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген Евней Бөкетовтің «Жас Қаныш» деректі хикаятына осындай пікір білдіріпті.

Осы деректі хикаяттың жазылу тарихы туралы Е. Бөкетовтің Қаныш Сәтбаевтың жары Таисия Алексеевнаға жазған хатында жақсы айтылған.

Бұл хатты Таисия Алексеевнаның: «Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өмірнамасын тек сіз ғана жазуға тиістісіз, тіпті, әрі барса, міндетсіз, деген өтініш-тілегін айта отырып, хикаятта жазған ізденістері мен ойларын былайша білдіреді: «Әрбір адамның ішкі сыры, ұңғыл-шұңғылы көп өз алдына бір дүние екені адамға бұрыннан таныс қағида болса, жобасы, осы қағида үлкен ойшылдар мен ғұламалардың, халық ардагерлерінің рухани өміріне қолданғанда анағұрлым мағыналы болмақ. Сондықтан Қанекен сияқты адамдардың ішкі сырын, ой астарын түбегейлі қайталап, тұтасымен оқушыға елестетіп берем деудің өзі тіпті астамшылық болатын сияқты. Бірақ, дегенмен, біз ұлы адамдардың көпшілік үшін жазылған өмірбаяндарын оқып, көп пайдалы мәліметтер аламыз, сол мәліметтерді рухани азық етеміз. Олай болса, ұлы адамдардың ісі мен әрекеті туралы қалың оқушыға арнап жазып отыруымыз қажет, өйткені Ираклий Андронников айтқандай, “Ұлы адамның өмірбаянын өзінің тірліктегі тәжірибесін сезіне дамыған адамзаттың өрлеу сатысының бірі деп тануға болады”. Әсіресе, халқымыздың ғылым, мәдениет шыңына өрлеуінің жарқын бастаушы бейнесі болған академик Қаныш Сәтбаев, ұлы суреткер Мұхтар Әуезов сияқты кемеңгерлеріміз жөнінде жазуымыз қажет» [13, 57].

Сәтбаев өмірбаянына арналған деректі хикаят көтерген проблема жүгі Е. Бөкетовтің осы пайымдауынан анық аңғарылып тұр. «Қанекен тақырыбын ойлана бастағаннан бері көп деректермен танысып, айналасында жақын болған

адамдармен сөйлесіп, Қанекеннің шығармаларын оқып жүрмін, бірақ Қанекеннің күрделі бейнесіне бір табан жақын түсіп, ол кісінің ішкі сырын ұғына бастадым десем, өтірік айтар едім» [13, 58].

Осы жерде Е. Бөкетовтің кәнігі публицистерге тән шығармашылық машығына тағы куә боламыз. Журналистке қойылар талап: «не жазсаң да біліп жаз, әбден зерттеп жаз» болса, бұл қасиет Е. Бөкетовтің табиғатына тән қасиет екеніне өз сөзі дәлел. Қанекен туралы шығарма жазу барысында Е. Бөкетовтің көп ізденіп, еңбектенгені байқалады. Ол ізденіс мұраты – шығарма арқауының өміршендігі мен ұрпаққа өнегелі болар мұраның мағыналы мәнді болуы.

Ұлы адамдар өмірбаянының жазылу тарихына зор мән бергендігі оны зерттегендігі Таисия Алексеевнаға жазған хатында анық сезіледі. Осы тұрғыдағы Д.А. Фурмановтың сөздерін есіне алып: «Тарихи тұлғалар суреттелген. Олардың шын айтқан ойлары мен сөздері келтірілмей, оның орнына шығармада осы бір түрде ешқашан олар айтпаған ойлар мен сөздер келтірілуінде ешбір оғаштық жоқ. Ең бастысы — тұлғаның шын бейнесі, тарихи тұлғаның шынайылығы сақталуы қажет, уақ-түйек детальдарды құрауда ешбір мән таба алмаймыз. Кейбір сөздер айтылған болар, енді бір сөздер айтылуға тиісті болар бәрібір емес пе? Тек болған істер мен адамдардың шынайылығы сақталса болғаны» [13, 64].

Осындай ой, тың пікір өзіне тән қаламгерлік әдіс-амалмен, іштей ширғып, тыңғылықты әзірлікпен жазған Е. Бөкетовтің Қаныш туралы деректі хикаяты, болмысы бөтен, танымы терең дүние болып шыққан.

Публицист Е. Бөкетов шығармаларының ішінде «Шоқанның әулие ісі» (Святое дело Чокана) атты эссесінің алар орны ерекше.

Этнограф-жазушы, әдебиет зерттеушісі Ақселеу Сейдімбековтің 1981 жылдың 22-мартында Бөкетовке осы эссе жайында жазған пікір хатында мынадай тамаша ойлар айтылған:

«Шоқан туралы публицистикалық очеркіңізді бүгін оқып бітіп, енді алған әсерімді жеткізуді ниет етіп отырмын. Қолжазбаның соңғы бетін жапқанда, сөз жоқ, сәтімен біткен дүние деген пікір көкейде тұрады.

Рас, қазір бізде шоқантану ғылымы қалыптасты. Шоқанның алуан тақырыпты ғылыми еңбектерін былай қойғанда, сол еңбектердің әр сөйлемінен қиқулап көтерілетін көреген ойлар бар ғой. Сол ойларды табу, тану, кәдеге жарату, сонсоң ұлы ғалымның тарихи зердесіне табынып отыру бүгінгі, болашақ ұрпақтардың асыл мұраттарының бірі. Міне, осы тұрғыдан келгенде Сіз айтқан ойларды, Сіз аңғарған тарихи шындықтарды мойындауға тура келеді» [63].

Әрине, Е. Бөкетовке дейін Шоқан туралы да, Қаныш туралы да көп зерттеліп, көп жазылған. Бірақ Е. Бөкетов пайымы, Е. Бөкетов көзқарасындағы Шоқан мен Қаныш образы сөз жоқ болмысы бөлек дүние. Мұның құпиясын тағы да сол Е. Бөкетовтің ғалымдығынан, ғылымды терең түсінген оқымыстылығынан іздейміз. Өйткені ғалым адамға ғана тән кейбір ішкі түйсіктердің ашылуы осыған дәлел. Мысалы, «Дуровтың Шоқан туралы айтатын ойлары» немесе бала Абай мен бала Қаныштың бір-біріне ұқсас танымдарын келтіретін тұстары.

«Бар үміт кіші ұлда, Қанышжанда. Сегіз жастағы бала дейтін емес, қимылы байыпты, мінезі байсалды. Жұрттың айтысы: «Абай да бала кезінде осындай баяу, тіпті болбыр болған» деседі [62, 79-80]. Қаныш бойынан Абайға тән қасиет іздеу, Е. Бөкетов ойының тым әріде, әлі ешкім аша қоймаған тың пайымдауларда жатқандығын қуаттайды.

«Шоқан да, Қаныш ағамыз да әдебиеттің жанашыр досы, зерттеушісі, өнердің қамқоршысы болған. Мен осы ұлағат иелерін ардақ тұтумен бірге, оларда бар қасиеттерді бойыма сіңіруге құштар болдым» [64]. Е. Бөкетовтің осы сөздері бұл кісілер туралы жазған еңбектерінде айрықша сезіліп, ұстазға деген рухани сүйіспеншілігінің табы әрдайым білініп тұрады. Шын пейілмен құрметтеуден — шынайы сезім туатындығы да сондықтан.

Шоқан мен Қаныш туралы жазған Е. Бөкетов шығармалары екі түрлі қоғамның уақыт кеңістігіндегі шындықты шынайы, көркем тілде баяндайтын проблемалық публицистикаға жатады.

«Документальность является важнейшей особенностью публицистики, «Фундамент из точных и бесспорных фактов.» составляет ее основу» [36, 94].

Теоретиктер айтқан бұл тұжырым Е. Бөкетовтің Шоқан мен Қаныш жайлы жазған шығармаларына тән құбылыс. Өмірде болған барлық жағдайды негізге ала отырып, көркем тілмен шығарма желісін шұрайлы құрған. Құр фактіден ұлы тұлға болмысы толық ашылмасы белгілі. Бұл жерде шебер тіл, келісті ойдың, көркем сөздің алатын орны ерекше. Біз зерделеген «Жас Қаныш», «Святое дело Чокана» туындылары осы үрдістен шыққан өз кезеңінің ең озық ойлы публицистикалық шығармалар қатарынан табылуы заңды құбылыс.

1977 жылы «Жазушы» баспасынан «Творчество қырлары» (Грани Творчество) атты деректі очерктер кітабы жарыққа шықты. Жазушы Алексей Брагиннің айтуы бойынша бұл кітапта Қазақстан ғылымы мен мәдениеті қайраткерлерінің (Қ.И. Сәтбаевтың, М.О. Әуезовтің, И.Қ. Қарақұловтың, М.И. Усановичтің, Ә.Б. Бектұровтың, Ж. Шаниннің, Ш. Аймановтың және т.б.) әдеби бейнелері шеберлікпен, өте терең білімдарлықпен және сүйіспеншілікпен жазылған.

Е.А. Бөкетов Қаныш Имантайұлы Сәтбаев туралы әр кездерде «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін» (1969, 3-апрель), «Таң шолпандай жарқырап» (1972, 12-15-ноябрь, № 266-278), «Тұңғыш қазақ академигі» (1979, 12-апрель) және «Академик туралы әңгіме» («Простор» журналы, 1978, № 2) публицистикалық әңгімелер жазды.

Евней Арыстанұлының шығармашылық жолындағы сүйікті тақырыбының бірі Шоқан Уәлиханов еді. «Белгісіздікке жол. Жазушылар ғылым туралы ой толғауда» (Мәскеу, «Советский писатель» баспасы, 1985 жыл) жинағының 18 санында Е. Бөкетовтің «Шоқанның қасиетті ісі» атты эссесі жарық көрді. Е.А.Бөкетовтің осы беделді одақтың баспа орнының редакция алқасының мүшесі болғанын айта кеткен жөн. Ш.Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына арналған Е. Бөкетовтің «Шоқанның асыл мұраты, қасиетті ісі» атты публицистикалық әңгімесі «Простор» журналында (1986, №№ 11-12) жарық көрді. Мұнда қазақ және орыс халықтарының екі перзенті — Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийдің достығы арқылы қазіргі кезде ғылыми зерттеулердің, психологиялық болжамдардың және көркем шығарманың

тақырыбы болып отырған осы екі халықтың тарихындағы бауырластықтың жарқын беттерін көрсетеді. Евней Арыстанұлы Шоқанның ғалым ретіндегі бейнесін былай суреттейді: «Шоқан Уәлиханов шындықты белгілі бір тар көлемді шеңбер деңгейінде анықтауға талпынатын кеңес ғалымдары қатарына жатпайтын, оны өмір өзінің барлық көрінісімен қызықтыратын, бұл қызығушылықтың деңгейі оның зерттеушілік қабілетімен, үндестік алгебрасымен салыстыра алатын сирек шеберлігімен анықталатын да оның жүрек тулататын қайырымдылығы, ойлануының таңғажайып орамдылығы жанының ақындығымен, шеберлігімен, бейнелеп, көре білуімен, нені болса да дәл және жалынды сезіне білуімен ұштасып жататын» (Е.А. Бөкетов. Библиографиялық көрсеткіш. Қарағанды, 1992 ж. 34-35-б.).

«Мәдениет және тұрмыс» журналында жарияланған «Ұлы мұрат мұрагері» мақаласында: «Туа біткі дарыны мен рухани кемел-қуаты жөнінен, кіршіксіз пәктігі мен өмірдегі жоғары мақсат-мұратты ұстанғаны тұрғысынан Шоқан сол кезеңдегі өмір шындығы аяусыз қыспаққа алып, ең қатал тіршілік тауқыметіне тұсаулағандардың алғы қатарынан орын еншілейтінді. Сондықтан Шоқан Уәлихановтың отыз жасқа толмай, 1865 жылы дүниемен қош айтысуы таңданарлық жайт емес», – деп жазады Е. Бөкетов [65]. «Ол өзін туған қазақ жұртының өткендігі, өз тұсындағы, бір сөзбен айтқанда халықтың экономикасы, тұрмысы, наным-сенімі, салт-дәстүріне қатыстылардың барлығының кереметтей жүйрік білімпазы тұрғысында танытты. Шоқанның барлық еңбектері ұлы қолтаңбамен мөрленген» [57, 3].

Шоқан туралы Е. Бөкетов көзқарасы осындай пайымды көрсетеді. Яғни, Шоқан жайлы жазған шығарма да осы пайым-түсінік арқауында өрбіп, үрдіс алады. Жалпы Е. Бөкетов өз бойындағы туған халқына деген құрмет, ғылым-білімге деген құмарлық, адамгершілік ізгі қасиеттердің барлығын Шоқан тұлғасынан тануға ұмтылған. Ол ниеті әрине өте сәтті шыққан. Е. Бөкетов қаламынан туған Шоқан бейнесі Шоқантану ғылымына жарқын, тың беттер қосқаны ақиқат.

«Евней Бөкетовтің ғылыми, әдеби еңбектері өзінің жарқын үшқындарын алыс жағалауларға жарқырата бермек. Академик Е. Бөкетовтің әдеби еңбектерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі —

оның көркем-публицистикалық очерктері дер едім. Өйткені, олар Е. Бөкетовтің шығармашылық кредосы мен талант қуатын емен-жарқын ашып берген. Бұл шығармаларында ол кісі өзіне тән етене жақын қазақтың ғылыми интелегенциясының тар жол тайғақ кешуі мен қиын ізденіс толғаныстары арқылы бүгінгі ғылыми ой шындарына өрлеу жолдарын баян етеді. Оның көбісі өз ойларымен, өз толғаныстарымен қабысып жататындығы, әрине, табиғи. Е. Бөкетов очерктерінің негізгі кейіпкерлері аса көрнекті, жан-жақты дарынды ғалымдар (Қаныш Сәтбаев, Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан, Обручев, Қарақұлов және т.б.). Ол кісінің құмарлана жазатын тұрақты кейіпкерлерінің кең алымды дүниетанымы, жан-жақты таланты, көз қарықтырар ізденістері, тұңғық терең толғаныстары ерекше» [5, 165-166].

Ұлы адамдардың ұлағатты істері мен өнегелі өмірін шығарма арқауына айналдырып, замандастарымен болашақ ұрпаққа аманттап қалдырып отыру әлем әдебиетінің ежелден келе жатқан ізгі дәстүрі. Бұл тұрғыда қазақ көркем әдебиеті мен публицистикасы да құр алақан емес. М. Әуезовтің «Абай жолы», С. Мұқановтың «Аққан жұлдызы», Д. Әбіловтің «Сұлтанмахмұты», Ә. Әбішевтің «Найзағайы», Ш. Мұртазаның «Қызыл жебесі», С. Жүнісовтің «Ақан серісі» сияқты жеке тұлғалар өмірін арқау еткен шығармалар қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алатын бірегей туындылар. Кейінгі жылдары осы үрдіс публицистикалық жанр негізінде толығымен түсті. З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Т. Кәкішевтің С. Сейфуллин туралы жазған зерттеулері, сондай-ақ, Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып туралы қазақ қаламгерлерінің естелік-эссе және зерттеу мақалалары («Бес арыс». Алматы, «Жалын», 1992) әдебиетке қосылған тың еңбектер.

Е. Бөкетовтің ұлы тұлғалар туралы жазған естелік-эссе, деректі хикаяттары туралы біз жоғарыда аз-кем болса да айтып өттік. Солардың ішінде Қаныш, Мұхтар, Шоқан туралы жазған ой-толғамдарының өзіндік ерекшеліктеріне баға беруге тырыстық. Мұның сыртында Евнейдің И. Қарағұлов, Ә. Бектұров творчествосына жазған толғам-таным, тапқан жаңалықтары туралы да пікір-көзқарасымызды білдірген едік. Ендігі сөз етеріміз Е. Бөкетовтің қазақ әдебиеті классиктері

шоғырындағы Сәбит Мұқанов туралы жазған естелігі жайында болмақ.

Сәбит Мұқанов туралы жазған «Жазғаны жазира, айтқаны аңыз еді ғой» атты естелігінде: «Әрбір оқушы өзі сүйген, өзіне ұнаған кітаптардың авторының жеке өмірін бүге-шігесіне дейін білуге ынтық. Тоғышарлық құмарлыққа еріп, біреудің кем-кетігі мен кір-қоңын ақтару үшін емес, ұлы шабыт адамының творчестволық импульстарының шыққан жерін, көз бұлағын айырып табу үшін ынтық. Сондықтан, Сәбит Мұқанов сияқты жазушының ұрпақтарына әрбір басқан ізі, әрбір айтқан сөзі қымбат», – дейді [13, 37].

Сәбең туралы Е.Бөкетов көзқарасы осындай парасатты-пайымға жетелейді. Ұлы адамдар туралы естелік-эсселердің эстетикалық тәлім-тәрбиесі мен рухани ләззаты да Е. Бөкетов пайымдауындағы ынтықтықтан туындаса керек. Жасыратыны жоқ, қазіргі кездегі кейбір естелік-эсселердің ішкі мазмұны, пенделік пікірлерден аспай жатады. Көрген жақсылығы (көмегі), немесе құдайы шығарма арқауына айналып оқырманның санасына тәрбиелік ләззаттан гөрі, есеп айырысу естелігіндей әсер қалдырады. Осыған қарап Е. Бөкетов естелік-эсселерінің тәрбиелік мәні мен эстетикалық-рухани тазалығына тәнті боламыз.

Шығарма шырайы шындық екендігі рас. Бірақ сол шындық, қалай жетелесе солай бағыттайтын пенденің қолындағы шылбырға айналмауы керек. Бұл тұжырым Е. Бөкетов публицистикасындағы парасаты мен адамгершілік ожданым сезінген соң туындап отыр. Олай дейтініміз Ақселеу Сейдімбековтің «Жүрек жылуы» атты күнделігінде Е. Бөкетовтің мынадай бір пікірі бар: «Қанаңның (Қаныш Сәтбаев. – Қ.А) көзін көріп, тәрбиесін алған біздердің міндетіміз — шындықты қағаз бетіне түсіріп кету. Келешекте туатын көркем туындының ірге тасын қалап, кірпіш құйып кетуіміз керек. Бұл оңай міндет емес сияқты» [5, 124].

Е. Бөкетовтің шығармашылық мұрасына объективті түрде қарар болсақ Сейдімбековке айтқан осынау сөзі іс жүзінде орындалып, болашақ ұрпақ біздер үшін берік «ірге тастың» кірпішін өріп шығу міндеті тұрғандай.

Осы жерде публицист Е. Бөкетовтің қазірде тоқырау деп аталып кеткен сонау жетпісінші жылдары кезінде НКВД қызметкері болған Абзал Қарасартовпен болған сұхбатының тарихи құндылығы туралы айта кеткен жөн. Зерттеу барысында замана сырын аңғарған сұңғыла жан деп Е. Бөкетовті тегін айтпағанымызға ұнтаспаға жазылып алынған осы сұхбат (интервью) тағы бір дәлел бола алмақ. Бұл сұхбат кезінде ықшамдалып «Қазақ әдебиеті» (17.02.1989) газетінде «Білмедім Шәкәрімді кім атқанын» атты тақырыппен жарияланған болатын. Толық нұсқасы бертінде «Жұлдыз» журналының 2000 жылғы №11 санында «Шәкәрім туралы Абзал Қарасартовпен әңгіме» атты тақырыпта жазушы Мұхтар Мағауиннің алғы сөзімен жарияланды. Неліктен кеш жарық көріп отырғандығын М. Мағауин түсіндіре келіп, ғалым-публицист Бөкетовтің бұл мұрасы тарих үшін бір кәдеге асарына меңзеу жасайды. Бұл жерде айтпағымыз «Болашақта жазылар шындықтың іргетасын қалап кету борышымыз» деп айтқан Бөкетов кемеңгерлігінің бір парасын тағы бір дәлелдеу еді.

Бұл сұхбаттағы ерекшелік Бөкетовтің адам психологиясын қарапайым сөздер (сұрақтар) арқылы баурай отырып, кейіпкердің барынша ашылуына әсер етуі дер едік. Мысалы:

Е.А.: – Сізге сен деп сөйлесе ме, әлде сіз дей ме?

Абзал: – Маған ол кісі сіз дейді?

Е.А.: – Қарағым деу жоқ баяғы.

Абзал: – Қарағым-шырағым деген сөзді далада, үйімде де, еш жерде естігем жоқ.

Е.А.: – Әдебиетшілердің бәрі сіздің атыңызды атаса болды, Шәкәрімді өлтірген дейді, ой, Алла-ай?

Абзал: – Мен осы, бірақ та менімен сөйлескен, менімен осы өзіңіз сияқты әңгімелескен ешкім болған емес.

Е.А.: – Қызық екен көргендеріңіз. Сіз анау, Шәкәрімнің үйіңізде болғаны есіңізде қалды ма екен, әлде қалмады ма екен? Иә, шәй-қантын, оны-мұнысын беріп, сонда сол шәй-қант беріп, жатқанда, қуанышын білдіріп жатқанда рахметін айтты ма?

Абзал: – Сондай жалпылдамайды.

Е.А.: – Ойпыр-ай, қатты кісі екен [66, 69-88].

Міне, осылайша жылы шырай таныта отырып, іш тарта сөйлескен Е. Бөкетов Қарасартовтың біраз сырына қанығып,

кейіпкерін еркін сөйлетуге мүмкіндік туғызады. Мұның өзі ғалым-публицистің терең психолог екендігін танытады.

Философия ғылымдарының кандидаты, Оңайбек Құдышұлы «Асыл адам айнымас» атты естелігінде: «Евнейдің ғаламат ғалым, шебер қаламгер, от ауызды, орақ тілді шешен адам болғаны туралы аз айтылған жоқ. Десекте қазақтың “сегіз қырлы бір сырлы” деген сөздері Евней сынды табиғатынан талантты адамдарға арналған болар» деп жазады [5, 190].

Әсілі, Е. Бөкетовтің шешен, сөзге жүйріктігі туралы замандастары тамсана еске алысады. Орыс-қазақ поэзиясының озық үлгілерін жатқа білетіндігін, сондай-ақ халық поэзиясы оның ішінде ақын-жыраулар жырына жүйрік екендігін көзкөрген азаматтар сүйсіне әңгімелейді. Табиғатынан бойға дарыған осынау дарын нышаны Бөкетовтің ойлы публицистикасына да әсер етпей қойған жоқ.

«Шешендік стиль өрнектері Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов шығармаларында мол қолданылған. Әсіресе, әсем ырғақ, сүйкімді үйлесім, музыкалық үнділік осынау суреткерлер прозасының шешендік рухының шынайы көрсеткіштері. әрине, мұндай көркем куәліктер жазушының тегеурінді ойлау жүйесінен, кемел дүние танымынан, шымыр көркемдік логикасынан, сұлулықты сезіну қабілетінен туындайды» [67, 4].

Жалпы, «Римдіктер сөз зергерлерін төрт топқа жүйелеген. Солардың ішінде Риторика немесе шешендік өнер ғылымы «өнердің падишасы» ретінде саналған. Ол поэтиканың, логиканың, стилистиканың және грамматиканың өркендеуіне үлкен әсер етеді. Риторика ғылымының өзі төрт бөліктен түзеледі, соның бірі орындау немесе айта білу» [67, 3] (Ломоносов М.В. «Краткое руководство к риторике»). Біз риторика ғылымының қалған үш бөлігін: ойлап табу шығарымпаздық, әшекейлеу, орналастыру сияқты түрлерінің ішінен арнау немесе айта білуді бөліп алған себебіміз, осы кейінгі төртінші түрі Е.А. Бөкетов шешендігіне тән деп айта аламыз. Бөкетов публицистикасында орынды сөз келтіру мен жүйелеп айта білу қасиеті басым.

Мұндай қасиет Ш. Уәлиханов шығармалары мен М. Сералиннің публицистикасында айқын көрініс береді. Ол

турасында зерттеуші-ғалым Б. Кенжебаев мынадай пікірлер келтірген: «Шоқан бұл пікірлерінің қай-қайсысын болсын көптеген дәлелдермен, айқын сипаттармен, аталы сөздермен нанымды дәлелдейді. Оның бұл айтқандары кезіндегілерге зор жаңалық, кейінгілерге даңғыл жол болып қалды» немесе қайраткер ақын, журналист Мұхаметжан Сералин туралы айтқан: «Мұхаметжан Сералиннің журналистік стилінің бір ерекшелігі — ол ой-пікірін қисынды келтіреді: жүйелеп, фактімен, мысалмен, мақал-мәтелмен дәлелдеп, өткір тілмен, көрікті сөздермен суреттеп айтады. Бәрі де үгіт-насихаттық әуезбен ұғымды, көңілге қонымды болып келеді» [68, 173].

Зерттеушінің осы пайымдаулары Е. Бөкетов публицистикасына да тән екендігіне біз зерттеу барысында анық көз жеткіздік.

Ойдан шығару немесе сөзге әсіре қызыл әр беру Е. Бөкетов шығармаларында кездеспейді. Е. Бөкетовтің «Атан қомында туған адам» очеркі: «Мен қазақпын. Ата-бабам, үрім-бұтағым (қашаннан екенін кім білсін) мал баққан. Аға-іні, туыс-туғандарым кезірде мал бағады. Бұлар малды қуана шабыттана бағады, өйткені қой бағып, қозы өсіру — елімізде ардақты мамандықтардың бірі» [57, 3]. Осы сөйлемдегі көтеріңкі үн, мақтанш сезім ұлттық болмысымыздың оң сипатын танытып тұрған «малды қуана шабыттана бағады» деген сөздер әшекейлеу емес, орынды айта білуден туындап тұр. Үнемі ғылыми техникалық процесті дамытушы фактор ретінде сөйлейтін ұлттық болмыс пен этикалық үрдістің негізін ешқашанда жоққа шығармайды. Өткен мен бүгіннің байланысын қашанда жарасымды үйлесімдікпен әсерлі баяндап отырады. «Менің аға досым Ишанбай Қарақұлұлы Қарақұлов атан қомында туған. Жуықта ғана газеттерден мен мына бір оқиға жөнінде оқыдым. Республикамыздың Ақтөбе облысында шамасы, сол Қарақұлдың он төртінші баласы түйе қомында туған жерлерде, Төлегенова Сақып деген келіншектің он алтыншы баласы дүниеге самолетте ұшып келе жатқанда келіпті. Балалардың мұндай жағдайларда тууы сірәде сирек кездесетін шығар. Дегенмен, революциядан бұрын Ақанайдың баласы атан қомында дүниеге келсе, ал қазіргі Сақыптың баласы самолетте дәрігерлердің көмегімен жарық дүниеге көзін ашса —

осы екі оқиғаның өзі-ақ менің халқымның қаншалықты өзгеріп, өскенін, шырқай самғап өскенін сипаттайтын сияқты» [57, 5].

Өмірде кездесетін қарапайым фактілерді тілге тиек ете отырып, халқымыздың өсіп өркендеу болмысын дәл осылай (атан қомы мен аэроплан арқылы) бейнелеп беруі публицистік жазу шеберлігін ғана танытып қоймай, сюжеттік-композициялық жүйесін ширата түседі. Шығарма қаламгер дүниетанымының қағаз бетіне түскен көрінісі десек, онда оның ақыл-ой, парасаты, бойындағы ізгі қасиеттерінің барлығының элементтері айқын көрініп тұрады. Мысалы: «Қысқасы, жақсы инженер, жақсы техник, жақсы дәрігер өз мамандығына қанша машық болғанмен, Пушкин мен Абайды оқымаған болса, Моцарт пен Чайковскийдің, Құрманғазы мен Мұқан Төлебаевтың әуендеріне құлағы жабық болса, ондай адам мәдениетті, білімді адамның қатарына жатпайтын сияқты. Өз мамандығын, әрине, әбден жақсы игеріп білу де қажет, бірақ өзгеге меңіреу болу деген өмірдің бар ләззатынан, бар жақсылығынан мақұрым қалу болып табылады» [65]. Осы сөйлемдердегі авторлық пайым-парасат түйіні мәдениетті адам қандай болу керек деген ойға нақты жауап береді. Бөкетов публицистикасында өнер, білім, ғылым туралы ойларының өзегі эстетикалық тәлім-тәрбие негізінде өрбиді. Мәдениетті адам туралы айтқан көшелі ойларының өзі осыған саяды. Көрнекті сыншы Мұхамеджан Қаратаев «Өнердің эстетикалық сипаты» туралы: «Неңдей құбылыс болғанмен, байыбына барып, ғылыми негізде терең зерттеуді қажет етеді. Былайша айтқанда, әр нәрсенің философиялық түбіріне жетуді қажет етеді. Әдебиет пен өнер құбылыстары сондай. Оның философиялық түбірі эстетикаға саяды. Эстетика әсемділікті зерттейтін ғылым десек, әсемдікті танытатын қоғамдық сананың ерекше саласы — өнер. Ендеше өнер эстетика ғылымының негізі объектісі», – [69, 30] дейді.

Е. Бөкетов публицистикалық шығармаларының негізгі арқауларының бірі өнер дейтін болсақ, онда автордың этика-эстетикалық талғам түсініктерін де ғылыми тұрғыдан бағалау бүгінгі ұрпақ парызы деп білеміз. Бұл жөнінде ғалым-публицистің бірқатар шығармаларындағы тәлім-тәрбие, ұлағат

өнеге төңірегіндегі ой пікірлерін шешендік өнер тұрғысымен қоса қарастырғанды жөн көріп отырмыз.

Е. Бөкетовтің жастарды тәлім-тәрбиеге, ізгілік-парасатқа баулитын «Алғашқы сабақ», «Сыйлас, сырлас, көмектес», «Адам болам десеңіз», «Парасат білім бұлағы», «Замандас жастар туралы», «Арманшыл болғанға не жетсін», «Ағадан ақыл — ініден ілтипат» сияқты мақала-очерктерінің маңыздылығы қай уақыт кезеңі болмасын өзінің эстетикалық қуатын жоймайтындығымен құнды. Е. Бөкетов публицистикасының негізгі мұратының өзі — адамдар бойындағы ізгі қасиеттерді насихаттай отырып, болашақ ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беру болып табылады. Ол бұл жолда өзін Абай, Шоқан, Қаныштардың өнегелі өмірін жастарға жеткізуші, ағартушы-ұстаз ретінде көрсете білді. «Екі сөзінің бірінде Абайдың нақыл сөзін мысалдап, үлгі етіп ұсынатын. Мәселен былай дейтін: «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық. «Абай білімінің орны барлық байлық, атақ, құрмет, бедел сияқтылардан жоғары қояды. Адамның білім өнері адамшылықтың таразысы дейді. Ақын адамның ең қымбат кезі — жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды еске салады. «Алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, ғалымдардан үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс» деп айта келеді де:

Дүние де өзі, мал да өзі

ғылымға көңіл бөлсеңіз, – деп қорытады [70, 66].

Жалпы Е. Бөкетов шығармаларында сан-алуан тақырып мазмұнының көтерер идеясы үш түйіннен құралады: Білім, Парасат, Адамгершілік. Мейлі, өнеркәсіп, өндіріс ғылыми-техникалық прогресс, әдебиет-өнер, оқу-білім, табиғат экологиясы болсын, бәрінің де шешім табар арқауы білімге, парасатқа, адамгершілікке байланысты болып келеді. Ал, эстетикалық тәрбие дегеніміздің өзі осы айтылғандармен тікелей байланысты. Енді осы сөздеріміз дәлелді болу үшін әр тақырыпта бірнеше мысалдар келтіріп көрелік.

«Қарағанды химиясы және оның болашағы»: «Өйткені, Алексей Максимович Горький айтқандай: «Химия ғажайыптар қоймасы, адамзаттың бақыты осы химияда, адам өз ұшқыр

ойының асқақ жетістіктерін дәл осы химия саласынан таппақ» [71].

«Алып адым»: «Темірдің адам өміріндегі прогреске ықпалы жөнінде, темір өндіру ісін игеру халықтың мәдениеті мен білім деңгейінің жоғарлығын көрсету жөнінде осы бір айтып отырған қағидаларымыз қазіргі өскелең, ойшыл оқырман үшін айтарлықтай жаңалықта болмас» [72].

«Табиғат — тіршілік көзі»: «Ғылым мен техниканың дамуы, табиғатты қорғауға тікелей байланысты болуы керек» [73].

«Табиғат ананы аялай білейік»: «Табиғатты аялау керек. Оған қатыгездік жасап, озбырлық етуге болмайды. Тарих осыны көрсетуде» [74].

«Жас замандас келбеті»: «Әрине, шын мәдениетті адам болудың бірден-бір жолы өзінен бұрынғы буынан дұрыс тәрбие алу, дұрыс үлгі көру» [65].

«Алтын босағаны аттағандарға»: «Біздің кезімізде кежегесі кейін тартып, ішімдік уына ұмтыла беруге негіз жоқ. Ондайлар тек көргенсіздерден, тәрбиесіздерден, жегесіздерден ғана шығады. Халқының мәдени мұрасынан мейлінше нәр алмағандардың, аз оқып, аз тоқығандардың ішкілікке бүйрегі бұрғыш келетінін педагогикалық тәжірибемізден көріп жүрміз» [75, 142].

«Пушкин мен Маяковский»: «Әрбір ұлы көркем суретші дәуірден дәуірге ескірмей, тозбай адамның жүрегіне жылы тиіп, бойын алып отырады да, оқушының құлқы мен санасының тазаруына дамылсыз ықпал жасайды, оның рухани тәлім-тәрбиесіне белсене қатысады» [75, 7].

«Жазғаны жазира, айтқаны аңыз еді ғой»: «Жазушының ұрпақтарына қалдарған дәулеті мен мұрасы, әрине, шығармалары. Мұнда шын жазушы қаламгерлік презенттері арқылы сыры мен пиғылын мейлінше кеңінен ашады, өз бойындағы ойларымен армандарын тереңінен шертеді, дүниеден алған әсерін түбегейлі ақтарады. Сондықтан, Сәбит Мұқанов сияқты жазушының ұрпақтарына әрбір басқан ізі, әрбір айтқан сөзі қымбат» [75, 34].

Біз келтірген осы төрт түрлі тақырыптағы қаламгер қозғаған идеяның өзегі ғылым, білім, тәрбие, дәстүр, мәдениет

рухында болып келеді. Мұның өзі Е. Бөкетов публицистикасының проблемалық сипатын өзіндік ерекшелігін, қаламгерлік көзқарасын айқындауға мүмкіншілік туғызады.

«Публицистиканың мақсаты — жұртты иландыра, сендіру мен қатар, үлкен білімдарлық, дербес, ұшқыр ой, саяси ұстамдылық керек. Тартымды фактімен философиялық әуен мәнерлік тіл өрнегіне түссе, оқушысына эмоциялық әсер еткені», [31,7] – дейді осы жанрды зерттеуші ғалымдар. Е. Бөкетов очерк-мақаларындағы оқырманды өзіне тартып отырған басты қасиет ол білімдарлық, дербес, ұшқыр-ой, сосын қаламгердің сабырлы салиқалы ұстамдылығы дер едік. Оқырманның құр сөз, жадағай ойға иланбасы анық. Е. Бөкетов публицистикасындағы дәйек пен деректің үндестік тауып жатуы шығарма шырайына үнемі әр беріп тұрады. Оқырманға айтылар келелі ойдың өзі бірнеше дәйектермен дәлелденіп, деректермен нақтыланып, әбден бабына келген кезде ғана автор өз санасында пісіп-жетілген толаққанды ойын оқырман назарына ұсынады. Бұл тұрғыда зерттеушілеріміз: «Өмір шындығын боямасыз, әсіре қызылсыз-ақ көркемдік дәрежесінде бұқара санасына жақын формада бере алған суреткер шынайы суреткер. Кәзіргі замандас бейнесі де, дәуір келбеті де осы реалистік сурет аясында ашылады» [31, 53] деп көрсетеді.

Е. Бөкетовтің әдебиет-сыншысы екендігін оның сыншыл публицистикалық туындыларының өткірлігі, туралы замандас жазушы әріптестерінің оң пікірлерін зерттеу барысында көп кездестірдік. Белгілі әдебиет зерттеушісі Рәбиға Сыздықова: «Ол әдебиет сыншысы да еді. Е.А. Бөкетовтің әдеби сын шығармаларының ішінен «Тәржіма туралы ой» деген мақаласын алып қарасақ, еңбеккерлік пен ізденімпаздықтың үлгісін көреміз» [5, 135] деп бағалаған болатын. Жалпы, Е. Бөкетовтің сын жанрына қалам тартқандағы алғашқы мақаласы 1953 жылғы 24-февральда «Ленинская смена» газетіне шыққан «О халтурном переводе и невзыскательных издателях» деп аталады. Сол кездегі қазақтың Кен металлургия институтының аспиранты болып жүрген Е. Бөкетовтің бұл мақаласы: «Қазақ педагогикалық оқу құралдары баспасынан» шыққан Н.Г. Чернышевскийдің «Избранное педагогические высказывания» атты еңбегінің қазақша аудармасында

жіберілген олқылықтарды өткір сынға алады. Онда түпнұсқадан аудару барысында сөзбе сөз аударудың сөйлем мағынасын бұзып, мүлдем басқа ұғым туғызатындығын мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Мәселен, түпнұсқадағы: «Развлечение внимание вредно, но еще вреднее когда внимание тупеет от монотонности» деген сөйлем мағынасы аудармада мынадай болып өзгергенін көрсетеді: «У переводчика же получилось такие «назидание»: «Развлекаться вниманием (!) Очень вредное дело. Но если внимание останется в одном и том же положении (!) Это еще вреднее». Осындай мысалдардың бірнешеуін келтіре келіп: «Книга изобилует грамматическими ошибками, опечатками. Многие примечание перпутаны, они не соответствует высказыванием» деп түйіндейді [76].

1953 жылдың 29 март күнгі «Казахстанская правда» газетінің санында «О переводах на казахский язык произведения В.В. Маяковского» деген атпен сын мақаласы жарияланды. Кітапты қазақ поэзиясының талантты өкілдері Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Қалижан Бекхожин, Мұзафар Әлімбаев т.б. аударған болатын. Сын ешкімнің атағына, биік беделіне қарамай өте өткір жазылған. Бұл туралы кейін ақын Мұзафар Әлімбаевтың өзі: «Мақала авторы аудармашыларды шетінен қирата сынапты. Ешкімнің Алатаудай атағына қарамай, бетің бар, жүзің бар деместен сілкілеген екен және сынауы сындарлы, дәлелді, пікірі орнықты сияқты» [5, 39] деп жазады.

Е. Бөкетовтің сыни мақалалары оның ішінде аударма жөніндегі жазғандарының батыл-өткір келетінінің белгілі себептері де бар. Біріншіден, Е. Бөкетов екі тілге бірдей жетік әдебиетші, ақын адам. Екіншіден, өзінің аудармашылығы бар. Сондықтан да аударма ісі Е. Бөкетовке етене жақын, таныс дүние. Публицистің аударма туралы келелі пікірі «Көркем аударма, хал қалай?» атты мақаласында жан-жақты айтылады. «Көркем аударма — творчестволық қызметтің ең қиын салаларының бірі», – дейді Е. Бөкетов. Кейде жемісті шеберлікпен жасалған аудармалармен қатар күнбе-күн шикі, дүмбілез аудармалар да шығып жатады, тіпті мынандай аудармалардан алыс тұрған кәсіби аудармалар азаюдың орнына көбейіп келе жатыр ма деген күмәншіл ой туады. Бұған бірнеше

себеп бар сияқты. Бірінші себеп, аударманы көркем әдебиеттің дарын мен шеберлік тілейтін ауыр саласы деп түсінбеушілікте оған көлденең көк аттының кірісіп кетуінде деп ойлаймыз. Әрине, көркем дүниеге жеңіл кәсіп деп қараған аудармашыдан рухани қанат тілейтін шынайы шығарма туа қалуы екіталай» [13, 24].

«Сын шын болсын» демекші, кез келген сыншы әдебиеттің қай жанры болсын оны сынаудан бұрын сол туындының табиғатын жете түсінуі керек. Е. Бөкетовтің көркем аудармамен театр қойылымдарына жазған сан-мақаларының рецензияларының астарында сол өнерді жете түсінушілікпен туған табиғи пайым-парасат жатыр.

Е.А. Бөкетовтің қаламынан туған «Ғылым көкжиегін көкесек», «Көкжиек көңіл күмбезі» мақалалары ой-пікір негізінде жазылғанымен онда публицистің сыншылық көзқарасы айқын байқалады. Талантты ақын Жұбан Молдағалиевтің «Көкжиекке жетемін» атты жыр жинағына оқырман ретінде пікір білдіруші Е. Бөкетов әріптесіне өзінің сын-ескертулерін де сыпайы жеткізеді: «Алайда кітапта сәтті аудармаларға қол соға отырып, кейбір кемшіліктерді айтқан пайдалы. Ол кемшіліктер ең алдымен «сиқыр сөздің» емеурін сырын тап баспаудан, соған ұрымтал сөздің дұрыс табылмауынан төбе көрсетеді» [77]. «Дойду до горизонта» деген атпен орысша басылымда шыққан бұл кітап сол кезде СССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған еді.

Е. Бөкетов жылдың жаңа шығармаларын үзбей оқып, оған баспасөз беттерінде пікірлерін білдіріп жүретін. Әсіресе, жаратылыстану ғылымдары мен техникаға құштарлық пен құмарлық туғызардай шығармалардың жеткіліксіздігіне алаңдайтын. А. Машанов, Ж. Сыздықовтардың бұл тұрғыдағы шығармаларын тілге тиек етіп, кейінгі жас буынның осы тақырыпта қалам тартысының аздығына қынжылатын.

«Өнер табиғатын байсалды түсіну, эстетикалық тереңдік, эрудиция байлығы публицистік пафос, суреткерлік, шеберлік - сыншы-талантының етене қасиеттері», – [78, 9] дейді Рымғали Нұрғалиев. Үлкен сыншылық биікке көтерілмесе де Р. Нұрғалиев айтқан осы қасиеттердің белгілі дәрежеде Е. Бөкетов бойында болғандығы ақиқат. Оның әдебиет пен өнер

жайындағы сыни-мақалалары мен рецензияларының құндылығы кез келген уақытта маңыздылығын жоғалтпасы хақ.

Шындықтың шылбыры қашаннан нақтылық пен деректілікке тәуелді. Шығармада деректілік нышандары аз болған сайын, қаламгер фантазиясының үстемдік алатынын белгілі құбылыс. Е. Бөкетов ғылыми публицистикасындағы шындық пен деректілік туралы сөз қозғағанда ең алдымен кез келген шығарманың қажеттіліктен туындайтындығын ескерген жөн. Өйткені, рухани қажеттіліктің сұранысынан туындаған шығарманың қашанда деректілік пен нақтылыққа негізделетіні өзінен өзі белгілі.

Е. Бөкетовтің әдебиет, театр, өнер жайындағы көзқарастары мен ағартушы-педагогтығын, қайраткерлік тұлғасын танытатын кез келген шығармасы біз айтқан рухани қажеттіліктен туындағанын зерттеу барысында айтып өттік.

Ендеше, белгілі бір уақыттың жүгін арқалаған көкейкесті ойлардың ғұмыры ешқашанда келте болмақ емес. Өйткені онда замана шындығының шынайы болмыс-бітімі, тарихи бедері айқын суреттеледі. Ал мұндай шығарма бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін қашанда өміршеңдік қуатын жоғалтпасы анық.

## 2. Е.А. БӨКЕТОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 2.1 Публицист шығармаларындағы тілдік қолданыс және эстетикалық талғам

Е.А. Бөкетовтің қаламгерлік шеберлігі мен шешендік қасиеті жайлы сөз етпес бұрын ғұлама ойшылдардың осы тақырыпқа қатысты пікірлеріне жүгіне кеткенді жөн көріп отырмыз.

Ұлы Абай «көңілдегі көркем ой ауыздан шыға келе өңінен айрылады», «қайран тіл, қайран сөз наданға қадірсіз» дегені бар. Сондай-ақ,

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол – ақынның білімсіз бейшарасы, [79,89] – деген факциялары сөздің қаншалықты қадірлі, қасиетті екендігін айшықтап тұрғандай.

«Сөз — ойдың сәулесі. Ойың түсініксіз болса — сөзің де түсініксіз» деп жазыпты В.Г. Белинский. Мұны А. Толстой да қолдаған. Ол: «Тіл — ойлау құралы. Оған қалай болса, солай қарау — қалай болса, солай ойлау деген сөз» дейді [80, 7]. «Бұл тілге салақтықтың ар жағында ойлаудың да олақтығы жататынын еске салады. Ендеше тіл — жазушы ойының мөлшерін танытатын, стилін анықтайтын маңызды нәрсе екені әрқашан көкейден шықпауға тиіс» [80, 7].

Сондай-ақ зерттеуші З. Бейсембаева өзінің «Тіл байлығы — ой байлығы» мақаласында жоғарыда келтірілген пікірлерді былайша қуаттай түседі: «Шеберліктің негізгі сыры — тілдік амал-тәсілдерді орынды қолдана білуде, жазушының талғампаздығында, сөз қолдану мәдениетінде. Тек тілдің көркемдеу тәсілдерін орынды қолдану арқылы автор көздеген нысанасына жетеді» [81, 91].

Бөкетов тілінің көркемдігі — публицистикадағы эстетикалық талғамның айғағы. Оның мәтіндерінде метафора, антитеза, поэтикалық ырғақ кеңінен қолданылады. Бұл тәсілдер оның ғылым туралы жазған мақалаларында көркем шығарма деңгейіне жеткізеді.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым З. Ахметов «Көркем ойлау жүйесі ғалымның да санасына әсер етеді» деген. Бөкетов — осы тұжырымның дәлелі. Оның мақалаларындағы тіл шеберлігі тек әдеби эстетика үшін емес, ғылыми терминологияға да жаңаша рух берген.

Жалпы, Е. Бөкетовтің қаламгерлік шеберлігі мен шешенге тән қасиетінің бастау бұлақ, нәр алар көзін оның табиғи болмысынан, сонау — балалық дәуренінен іздеген дұрыс болар еді. Бала Евней жас кезінен шығыстың қисса-дастандарын жаттап өскенін, ауыз әдебиетінің нәрімен сусындап өскендігін біз зерттеу барысында айтқан болатынбыз. Ананың сүтімен, бесіктің әлдімен тұл бойына дарыған тума талант, қаршадайынан сөзге жүйрік, ойға алғыр Евнейге тән қасиет болатын. Сондығынан да болар, алғашқы аяулы ұстазы Августа Иустиновнаның Евней шәкіртіне деген ұстаздық махаббаты ерекше еді. Парасатты Августа Иустиновнаның ұзақ жылдарғы өмір жолында әлдеқалай кезіккен панасыз қазақ баласы Евнейді аяуы, оған жаны ашып, айрықша көз қырын салуы, бір жағынан оның алғырлығы мен білімге құштарлығы зейіндігінен болатын. «Шығысым батыс боп кетті» деп Абай айтқандайын, Шығыс шығармаларының інжу-маржандарымен көз ашып, көкірегі оянған Евнейді Европа әдебиетіне ынтасын оятқан осы аяулы ұстазы Августа Иустиновна еді. Араға жарты ғасыр салып, академик Е.Бөкетовтің өзі оқыған мектеп пен ұстазы Августа Иустиновнаның орнын іздеп баруы үлкен жүректі қаламгер-академиктің адамгершілік парасының бір қырын танытқандай.

Е. Бөкетовтің публицистикалық мұрасын оқыған, оны зерделеген кез келген адам, оның тіліне, жазу машығына сүйсінері сөзсіз. Шоқан туралы қолжазбасын оқып, оған пікір айтқан белгілі сөз зергері Ақселеу Сейдімбеков: «Тіліңізге сүйсіндім» - деуі тегін айтылмаған жай сөз болмаса керек.

«Тіл — құрамдық жағынан үнемі жаңарып, толысып отыратын құбылыс. Мұндай толығулар жаңа дәуір ерекшеліктері тудырған тың сөздер, жаңа мағынаға ие болған кейбір ескі сөздердің жаңаруы, шет және орыс тілдері арқылы кірген интернационалдық сөздер, жаңа терминдер түрінде іске

асады. Алайда мұндай сөздерді пайдалану ерекше ұқыптылықты керек етеді» [82, 6].

Бұл пікірді келтіріп отырған себебіміз, Е. Бөкетов өмір сүрген дәуір Кеңес үкіметінің өсіп-өркендеу уақытымен тұспа тұс келді. Ана тіліміздің өгейлікке ұшырап, орыс тілінің үстемдік алуы, ұлттық өнер мен әдебиетке барынша кері әсерін тигізіп бақты.

Е.А. Бөкетов тек ой айту ғана емес, соны әсерлі жеткізуге де баса мән берген. Оның публицистикасында метафора, эпитет, риторикалық сұрақтар сияқты көркемдік тәсілдер жиі қолданылады. Бұл — оның публицистикалық мәтіндерінің көркем әдебиетпен үндестігін көрсетеді. Филолог ғалым А. Қыраубаева Е.А. Бөкетов публицистикасы туралы былай дейді: «Бөкетовтің публицистикасы — сөз құдіретін тану мектебі. Онда ғылыми тереңдік пен көркемдік үйлесім тапқан» (Қыраубаева А. Қазақ әдебиетінің рухани арналары. — Алматы: Білім, 2000. — 215 б.).

Е.А. Бөкетовтің публицистикалық мұрасы — қазіргі қазақ публицистикасына жол сілтеуші рухани бағдар. Қазіргі авторлар оның шығармаларындағы терең мазмұн мен көркемдікті үлгі етеді. Оның ой-пікірлері бүгінгі тәуелсіз Қазақстан қоғамы үшін де өзекті.

Мысалы, журналист А. Елеуенов: «Бөкетов — ғылым мен публицистиканы ұштастыра білген санаулы тұлғалардың бірі. Ол әр мақаласында елдік идеяны көркем тілмен жеткізе білді» (Елеуенов А. Қазақ публицистикасының қалыптасуы мен дамуы. — Алматы: Санат, 1997. — 189 б.). Е.А. Бөкетов публицистикасы — терең ой мен биік парасаттың, ұлттық рух пен көркемдік ізденістің жарқын үлгісі. Оның идеялық мазмұны мен эстетикалық құндылығы бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл мұра – болашақ ұрпаққа арналған рухани бағдар, таным мен тәрбие мектебі.

Егіз-қатар екі тілде ой мен өнер адамдары туралы толғаныстары, әдебиет пен театр туындыларын талдаған эстетикалық еңбектері, оқу-білім, ғылым тақырыбындағы ағартушылық көзқарастары, тәлім-тәрбие, парасат жөніндегі келелі ой-пікірлерін қамтитын Е. Бөкетовтің публицистикалық шығармаларындағы тіл мен ой тазалығының сақталуының

өзіндік құпиясы бар. Ол құпия кілті қаламгердің екі тілде еркін жазып, екі тілде ойлана алуында жатыр. Әсілі, екі тілде жазатын қаламгер басқаларға қарағанда шығармаларына өте сақтықпен, жауапкершілікпен қарайтындығы табиғи құбылыс.

Өйткені, мен бұл шығармамды мына тілде жазам деген қаламгер сол жолда ол тілдегі шығармасына барлық ой, сана-сезім, таным-түйсігімен, парасат-білімімен беріле, іздене жазады. Бұл шығармашылық өмірде кездесіп жүрген факт.

Мысалы, Е. Бөкетовтің «Жас Қаныш» деректі хикаяты орыс тілінде жазылған. Орыс тілді оқырмандардың ойлау жүйесі мен қабылдау танымына лайықты тілмен жазылған бұл шығарма өте тартымды жазылған. Ол туралы кітапқа берген анықтамада: «Шығарма орыс тілді оқырманға арналып жазылғандықтан, автор қазақтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, тәлім-тәрбие ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып, қызғылықты баяндап отырады» [62, 2] делінген.

Е. Бөкетов қаламының су төгілмес жорғалығы мен тіл мен ойының шебер үндесуі, «Жас Қаныш» деректі хикаясында барынша ашылған.

«Дін мұсылманның киелі кітабы — құранның астар бетіне мұқияттап араб әріпімен түсірілген сол күннен бастап, Ғабдұлғани аталған сол нәресте де ата-анасы, күллі зәузаты кешкен аттың жалы, түйенің қомында дейтін салқар тіршіліктің кішкентай бір бөлшегіне айналды» [62, 4]. Мұндағы зәузаты, аттың жалы, түйенің қомы, салқар тіршілік сөздері сөйлем мағынасына нәр беріп, қазақы ұғымның қасиетін жарқырай көрсетіп тұр. Сондай-ақ бұл күндері қолданыстан шығып ұмыта бола бастаған: «қам кесек», «қыртыс шым», «қайыс әбзел», «қаптың түбі қағылған қара өзек шақ», «Ексімдеп соққан жел» т.б. қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты көптеген сөздерді осы шығармадан кездестіруге болады. Орыс халқы көп қоныстанған солтүстік өңірде туып өскен, балалық шағынан орыс тәрбиесін, білімін алып өскен Евнейдің туған халқының салт-дәстүрін, тілі мен мәдениетін жетік білуі оның өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігін аңғартады. Е. Бөкетовтің қай шығармасында болмасын ұлттық рух, ұлттық болмыс қашанда биік тұрады.

«Шынайы шешен — жарқын тұлға. Оның ойлау, сөйлеу мәнері, кескін келбеті, рухы, тәжірибесі, ішкі мәдениеті, білім

өрісі, дүние-танымы, талант табиғаты, жан мен тән қуаты, мінбедегі тәртібі, ым-ишараттары, дауыс ырғағы қызықтырмай қоймайды» [67, 23]. Евнейдің табиғат пен адам арасындағы кіршіксіз таза махаббатты көркем сөзбен кестелеуінің өзі ғажап: «Молдабек ауылынан Қаныш ерте аттанған. Оған көкжиектен жаңа көтерілген күн таңғы мұнарды селдірете түсіп, аспанға асқақтай шаншылған қарағайларды бірте-бірте айқындай келетін осы шақ қатты ұнап еді» [62, 148].

«Дәл қазір күздің сары-жалқын бояуына малынған бұталар мен дәурені өтіп, өңі қаша бастаған қалың қау жаз бойы гранит жақпарларына жармасып, өлермендікпен жоғары өрлей берген: сонысына қарап, оларды тастың жон арқасын тесіп, тура өзегіне шеңгелін салған, енді оны жылма-жыл ырғап, берекесін алып, түптің түбінде құм-топыраққа айналдыруға серт етiскен қарағайларға көмекке бара жатқандай сезінуінде мүмкін» [62, 148].

Табиғаттың осынау тамылжыған сәтін дәл осылай бейнелеу, оны адамның ішкі түйсігімен астастыра өру талантты суреткердің қаламынан туса керекті. Табиғат болмысын суреттеу үшін оның тылсым сырын білу қажет. Е. Бөкетовтің табиғатты бұлайша суреттеуін, қоршаған ортаға, айналаға адамгершілік ізгі көзқараста қарағандығынан іздеген жөн сияқты.

Сөз орайына қарай Е. Бөкетовтің публицистік шеберлігін оның көлемді туындысы «Жас Қаныш» деректі хикаятынан бастап жатырмыз. Оның әр кездерде, әр-алуан көкейкесті мәселелерге арналған публицистикалық очерк-эсселерінен қаламгерлік шеберлігі мен ойлау парасатының жарқын үлгісін молынан ұшыратуға болады. Мәселен, жастардың оқу-білімі, ғылымға деген көзқарас құштарлығын қалыптастыратын тәрбиелік мәні зор мақалаларында Е. Бөкетов өзінің шешендік білімдарлық қасиетін барынша байқатып отырады. «Жастардың өмірде тоқсан үйлі тобырды асыраған Қамбар батырдай» [3] болуын немесе «Ақыл жастан, асыл тастан» [3] деген халық даналығын үнемі тілге тиек етіп отыруы өскелең ұрпақты бабалар салған сара жолға шақырғаны, солардан ғибрат ала отырып, өмірлік мақсат-мұратын айқындауға себін тигізер тағлым екендігін аңғаруға болады.

«Әрбір тілдің ішкі сырына бойлап қарасаңыз, жүйе-жүйесімен жіктеліп, жалғасып, ұласып жатқан бір үздіксіз құбылысты байқауға болады. Тілдің осы жүйелі болмысын меңгерген адам қашанда сауатты сөйлеуге, сауатты жазуға бейім. Ал жазу өнеріндегі кемшіліктің көбі осы жүйеге мән бермеуден туа ма деп ойлаймыз» [83, 43].

Е. Бөкетовтің шығармашылық мұрасын оқып, оны зерделей білген кез келген оқырман ең бірінші қаламгердің тілдік қуатының құнарлылығына тәнті болар еді. Е. Бөкетов публицистикасының негізгі арқауы уақыт талабынан туындаған көкейкесті мәселелерді көтеруге арналған. Адамдар бойындағы асыл қасиеттер мен қоғамдағы түрлі ахуалға деген ғалым көзқарасы үнемі шығарма шындығына айналып, оқырман санасына ой саларлықтай салмақты пікірлерімен нұр шашып тұратын. «Көкейдегі көрікті ой, ауыздан шыға көркінен айрылады» демекші, ғалымның ғұлама ойларын барынша айшықтандырып тұратын оның құнарлы тілімен де тығыз байланысты.

Көптеген қаламгерлерге тән ортақ тақырып Табиғат, Адам, Қоғам бірлігі Е. Бөкетов шығармаларының да негізгі объектісі. Осы үш тағанның өз ара байланысын қамшының өріміндей қиюластырып, әдемі жеткізе білу қаламгер ойының тіл кестесімен шебер ұштасқанын аңғартады.

Е. Бөкетов шығармаларындағы ой тұтастығының беріктігі соншалық, дәл қазір мына бір жерін оқып көрелікші деп бөле жарып алып қараудың өзі сәлекеттік туғызар еді. Өйткені, белгілі бір тақырып аясында жазылған проблемалық мақала тілінің бір-бірімен жымдаса өрілгені соншалық, оның бірер сөйлемін оқшаулаудың өзі әдемі ғимараттың бір кірпішін сурып алғанмен бірдей. Бұл жағдай әсіресе, қаламгердің ішкі толғаныстарына құрылған «Адам болам десеңіз», «Алғашқы сабақ», «Алтын босағаны аттағандарға», «Табиғат — тіршілік көзі» атты мақалаларында айқын байқалады.

Филология ғылымының докторы Мүсілім Базарбаев: «Тіл — ең алдымен құрылыс материалдары: жазу-сызу дәстүріміздің де, көркем әдебиетіміздің де құрылыс заты. Онан сәулетті сарай тұрғызуға да болады, жай қарапайым үй салуға да болады», — дейді [84, 57].

Е. Бөкетов шығармасының тілі әсіре қызыл, алып ұшқан мінезден ада. Діттеген межесіне жету үшін өзін де, оқырманды да жалықтырмай, жүйелі ой мен кестелі тіл үйлесімі аясында жол табады. Е.А. Бөкетовтің жазу стилі — ғылыми дәлдік пен көркем бейнеліліктің шебер үйлесімі. Ол деректерге негізделген логикалық құрылым мен поэтикалық тілдік өрнекті қатар қолданып, оқырманды терең ой мен сезімге жетелейді. Оның мақалаларында афористік тіркестер, метафоралар мен эпитеттер жиі кездеседі. Бұл — тек ақпарат жеткізуді емес, оқырманмен эмоционалдық байланыс орнатуды мақсат еткен публицистиканың ерекшелігі.

Мысалы, «Алтын босағаны аттағандарға» атты мақаласында ол ғылыми-философиялық пайымдауды романтикалық стильмен жеткізеді: «Әлем — жұмбақ, ал адам — сол жұмбаққа жауап іздеуші жолаушы» дейді. Бұл сөйлем эстетикалық мәнге толы ғана емес, ғылыми таным процесін көркемдік құралмен сипаттайды.

Бөкетов өз публицистикасында қазақ әдеби тілінің байлығын, көркемдік мүмкіндіктерін толық пайдаланады. Оның мәтіндерінен ұлттық дүниетаным мен әлемдік ойлау жүйесі үндестік табады. Бұл – оның публицистикасының идеялық-эстетикалық қуатын арттыратын маңызды фактор.

Сөзіміз дәлелді болу үшін бірнеше мақаласынан мысал келтіре кетейік. Өнер, ғылым өрісі тақырыбындағы «Пушкин мен Маяковский» атты мақаласы: «Маяковский қалжың-күлкілі сөзге шебер еді ғой» деп басталады. «Жазғаны жазира, айтқаны аңыз еді ғой» атты мақаласы да: «Сәбит ағамызға байланысты қатты бір ұялғаным есіме түседі» деген оқыс сөзді оқығанда қызығушылық көңілмен елең ете қалатынымыз рас. Немесе: «1960 жылдың жазы еді. Алматы телефон көтертті» деп, бірден оқырманын өзіне тарта жөнелетін тағылымы мол мақала-эсселерінің эстетикалық мәні өте зор. Бұларды келтіріп отырғандағы себебіміз, Е. Бөкетов шығармалары жоспар арқылы жазылған жоқ. Барлық мұрасы да табиғи төл туындылар қатарына жатады. Кез келген шығармасы қаламгердің зерде-зейінінде пайда болып, уақытысы келгенде дүниеге келген перзенттей жарқ етіп, ақ қағаз бетіне түседі. Сондықтан да болар, Бөкетов шығармаларындағы ой қуаты тіл

құнарлылығымен шебер жымдасып, оқырман жүрегіне бірден жол табады. Зерттеуші ғалым М. Базарбаев осы тұрғыда мынадай тамаша пікірлер айтады:

«Тіл көркем болса, шығарма да көркем болатыны талас тудырмаса керек. “Сөз жібек жіп, жыр кесте” деген екен Дулат ақын. Бейнелі, бедерлі сөз көркем туындының қаны мен сөлі. Талапкер жанның қай-қайсының болса да бұл жадынан шығармайтын альфа-омегасы болуы шарт. Көркем сөз бен сұлу сөзді де айырған жөн. Әдебиет тілінің көркем болуы шарт болса, сұлу болуы міндет емес. Кейбір қаламгерлер сырттай сұлу, мәнерлі сөзге шимай тілге құмар. Бұл құптарлық жай емес. Өйткені, ондай жылтырауық сөздердің жылуы болмайды, ой мен жүрекке әсер етпейді. Бір Қытай сөзінде: “Жылтырауық сөзге үйір, көп мәнерлеп, мүләйім сөйлейтін адамның кісіге тигізер жақсылығы аз болады” деген екен. Демек, әдебиетте де бұл ұнамсыз көрініс болмақ» [85, 161].

Ғалым-зерттеуші келтірген бұл пікір маңыздылығы қолына қалам ұстаған кез келген жазушы-публицистердің қаперінде жүрер негізгі қағида болмақ. Біз Е. Бөкетовтің публицистикалық мұраларына зер сала отырып, ой жинақылығы мен тіл шеберлігінің табиғилығынан осы ерекшелікті айқын аңғардық.

Зерттеуші ғалым Серік Негимов шешендік өнердің тектері мен түрлерін үш топқа бөледі:

1. Әлеуметтік-саяси тақырыптағы шешендік.
2. Академиялық шешендік.

3. Әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптағы майталмандық [86, 115].

Е. Бөкетов бойына осының алғашқы екі түрі тән екендігін сенімді түрде айта аламыз. Әсіресе, С. Негимов жазуындағы «Академиялық шешендік» (лекция, ғылыми баяндама, ғылыми хабарлама бойынша) Е. Бөкетов өмірінде айқын дәлелденген құбылыс.

Сырбай Мәуленов естелігіне жүгінсек: «1974 жылы Вадим Кожевников бастаған жиырма шақты москвалық жазушылар Қарағандыға баратын болды. Солармен бірге маған да Қарағандыға жол түсті. Барып түскен күні түсте Қарағанды университетінде үлкен кездесу өткізілді. Ол кезде Евней Қарағанды университетінің ректоры болатын. Евней

жазушылармен кездесуді өзі ашып, жазу-сызусыз, баяндамаға бергісіз қырық минуттай сөз сөйледі. Қатысып отырған орыс жазушыларының барлығының шығармаларына тоқталды. Сөз аяғын сонда қатысып отырған қарт ақын Яков Шведовтың «Орленок» деген өлеңін жатқа айтумен аяқтады.

– Бұл қандай білімді адам! Өзі металлург, химик бола тұра, әдебиетті қандай тамаша біледі. Ректор, трибун, – деді Вадим Кожевников» [5, 16].

Е. Бөкетовпен жиі араласқан замандастары, ақын-жазушы, ғалымдар оның тілге шешен, сөзге жүйрік екендігін ілтипатпен еске алады. Ауыздан шыққан көрікті ойы қағазға түскенде одан сайын салмақтанып, ажарланып отыратындығын оның шығармаларын оқыған, зерделеген жан бірден аңғарады.

Е. Бөкетов публицистикасына тән қасиеттің бірі — Абай дәстүрін жалғастырушылығы деп атар едік. Абайдың тәрбиетағлымы, ғылымды білмекке құмарлық, адамдар арасындағы татулық, бірлік, ынтымақ жөніндегі ғибратты ойлары Е. Бөкетов шығармаларында жаңаша сипат алып, қоғамдық болмыс үрдісіне байланысты өрбиді.

Абай:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім» [87, 43].

Е. Бөкетов: «Менің назарым көбінесе, ғылымдағы жастарға ауа береді. Жастардың болашаққа құлаш сермеп өсуіне бірден-бір кедергі — өз адалдығына нұқсанды заттарға кешіріммен қарау болып табылады, өсем деген жастар мұндай қасиеттерге қайырымсыз, кешірімсіз болуы қажет. Үйткені, ғылымда бірден болжаған мақсатына жету жолында шытырман бұлтарыстар, сәтсіз адымдар көп болады. Көрікті мақсатына осының бәріне шыдаған қайсар, қажырлы адам ғана жетпек» [88].

Абай:

«Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек бекер мал шашпақ -

Бес дұшпаның білсеңіз,  
Талап еңбек терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой -  
Бес асыл іс көрсеңіз» [89, 65].

Е. Бөкетов: «Жақсы маман, парасатты адам беделді азамат болып өсу жолы оңай жол емес, қиын жол, бірақ өмірдің өзгешелігі сол: қиын жол, ізденіс жолы адамгершілікке апарды, жеңіл жол, ізденіссіз жол жұпынылық пен мардымсыздыққа апарды. Біздің жастар тек адамгершілік жолында болуға тиісті» [90].

Абай:  
«Бірінді қазақ, бірін дос,  
Көрмесең істің бәрі бос» [91, 119].

Е. Бөкетов: «Ісіміздің, тұрмысымыздың, қарым-қатынасымыздың өлшемі — коллективтік, коммунистік принцип. Сыйласу, сырласу, көмектесу — өсер жастың жан серігі, ең мықты буыны. Сол буынға ақау түсірмеңдер, жас қауым!» [92].

Жалпы, Е. Бөкетов ұлы адамдардың ұлағатты сөздерін өз шығармасына үнемі, алтын өзек етіп отырады. Әсіресе, Абай тағылымы, Абай ғибратын Е. Бөкетов публицистикасының өнбойынан мольнан ұшыратуға болады. Мұның өзін публицистің өзіне тән шеберлігі, пайым-парасаты деп түсінген жөн.

Эпиграф — шығарма мазмұнынан хабар беретін қанатты сөз немесе даналық ой түйіні. Эпиграф кейде үлкен дүниелердің өмірге келуіне мұрындық болатын идея құралы. Эпиграф қолдану Е. Бөкетовтің қаламгерлік жолындағы ізденісі мен шығарма арқауының проблемасынан хабар береді. Мысалы, «Адам болам десеңіз» атты ғылыми ой-толғамдарының эпиграфы (Абай):

«Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге» [93, 65].

«Святое дело Чокана» публицистикалық очеркінің эпиграфын: «...Не великая ли цель, не святое ли дело, быть чуть ли первым из своих, который растолковал бы в России, что такое Степь, ее значение и ваш народ относительно России, и в то же время служить своей Родине просвещенным ходатаем за нее у русских» [94, 317] деген Ф.М. Достоевскийдің Шоқанға жазған хатынан үзінді берген. «Атан қомында туған адам» очеркінің шекесіне үш бірдей эпиграфты қатар беріпті. Сірә, бұл шығарманы жазу үстінде Бөкетов көп ойланып, көп толғанса керек. Әйтпесе:

«Атам менің жер жыртқан!» (И.С. Тургенев, «Әкелер мен балалар»).

«Мойынқұмның қар басқан құмында атақты шопан  
Үшбақай қой жайып тұрған еді. Сол кезде аруақ аян берді.

– Уа, үш өгіз әулетінен шыққан Үшбақай,

Сауалыма жауап бер

Сенің жұбайың Шамқат сұлу ма?

– Не деуге болады, аруақ.

Әйтеуір бала тууы дұрыс» (Олжас Сүлейменов, «Қыш кітап»).

«Басқа заман, өзге көрініс

Боларын мен сеземін» [95, 3] (А.Н. Некрасов)

– деген ұлы ойшылдардың бұл сөздері шығарма эпиграфына тегін қойылмаса керекті. Осы эпиграфтарды оқыған кез-келген оқырман шығарма арқауының нені меңзейтінін бірден түспалдайды. Әрине, ондай сәтте оқырманның қызығушылығы бірден байқалып, кітапты қолға алары белгілі.

Е. Бөкетовтің эпиграф қолдану тәсілі мерзімді басылымдарда шығып тұратын әр-түрлі тақырыптағы мақала-пікірлеріне де тән.

Жастарды білім-ғылымға, тәлім-тәрбиеге шақыратын «Сыйлас, сырлас, көмектес» атты ғибратқа толы мақаласына Юлиан Тувимнің мына сөздерін келтіріпті: «Білім саласын куәландыратын диплом. Бұл қағаз ақылдыға өзінің тым аз білетінін ескертеді, ал ақылсызға біліп-жетілдім деген жалған ұғым туғызады» [96]. Білім іздеген жастарға немесе ата-

анасының жетегімен жүрген студенттерге арнап айтылған бұл сөз бірден мақала мазмұнынан хабар беріп тұр.

Әрине, мұндай эпиграфты мақала-очерктер Е. Бөкетов публицистикасынан көптеп кездестіруге болады. Мұның өзі жоғарыда айтқанымыздай, шығарма шырайын ашудағы публицист шеберлігін байқатса, екіншіден, автордың білім-парасатын, ойлау қабілетінің қарымын, ізденгіш-тапқырлығын танытатын көрініс.

Әлем әдебиетіндегі озық ойлы классик ақын-жазушылардың, философ ойшылдардың, ғалымдардың ой пікірлері мен ғылыми тұжырымдар, көзқарас-пайымдаулары Е. Бөкетов публицистика-сындағы қоғамдық проблемалармен мағына-мазмұнына қарай үнемі сабақтасып, бірге өріліп жатады. Ұлттық әдебиетімізде Абай, Шоқан, Ыбырай, Қаныш, Мұхтар, т.б. ойларынан нәр алса, орыс әдебиетінде Достоевский, Семенов, Чехов, Менделеев, Пушкин, Маяковский, Есенин, Тургенев, Некрасов, т.б. ғибраттары шығарма шырайын аша түседі. Сондықтан да, Е. Бөкетов публицистикасындағы цитата қолдану әдісі тек өзіне тән үрдіс пен шеберлік деңгейінде оқырман жүрегінен орын алады.

Қаламгер шеберлігіне тіл мен стиль тұрғысынан ғана қарау, сол тұрғыдан бағалау әрине, жеткіліксіз болар еді. Жалпы, шеберліктің шыңына көтерілген публицист-жазушының шығармасын қоғамда еншілеген орнымен, идея өміршендігімен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын ғибратымен өлшеген дұрыс сияқты. Жазушының тілі мен стилі — оның ойының өмірге сол қалпында мағына-ажарынан айрылмай жетуінің кепілдік қызметін атқарады. Абайдың «Көңілдегі көркем ой ауыздан шыға келе өңінен айырылады» дегені де біздің осы пікірімізді қуаттап тұрған жоқ па?

Е.А. Бөкетов қай шығармасын жазбасын, үлкен әзірлік, тыңғылықты ізденіспен барған. Өмірдегі өзекті проблемаларды дөп басып, көрген-білгендерін ой елегінен өткізіп, әр сөзіне, әр ойына үлкен жауапкершілікпен қараған. Қарағанды архивінде публицист Е. Бөкетовтің көптеген қолжазбалары сақталған. Қолжазбалардағы жекелеген сөздердің қайта түзетілуі, қалып қойған ойлардың сыналып кіргізілуі публицистің

еңбекқорлығын, әр сөз бен сөйлемге ыждахатпен қарағандығын көрсетеді.

Мәселен, Ақселеу Сейдімбековтің «Көңіл күнделігі» естелігінде: «Мұнан әрі жазу азабы туралы сөз өрбіді. Евней көп сызып, көп өшіріп жазады екен. Сонсоң қолға түскен деректі жүйелеудің де үлкен маңызы бары айтылды. Қанаң (Қаныш Сәпаев. – К.А.) туралы жиналған материалдың бес-алты папканы толтырғанын көрсетті» [97, 124].

Е. Бөкетов сондай-ақ қазақтың қанатты сөздері мен мақал-мәтелдерін жетік білетін. Е. Бөкетовтің аузынан шыққан ондай сөздер де баршылық. Ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Кісілік пен Кішілік» атты мақаласы Е. Бөкетов өмірінің кейбір сәттерін бейнелейді. Ақын мен ғалымның үлкен достығын паш ететін бұл естеліктің эстетикалық тәлім тәрбиесі мол, әрі Е. Бөкетов талантының шешендік, шеберлік қырын танытатын құнды дүние.

«Қаншама шәкірт тәрбиелеп, қаншама ғалымды қанаттандырды? Ол адал достығымен, қамқор жүрегімен, ағыл-тегіл пейілімен біздерге, дос-жаранына, сыйластарына-қимастарына қаншама қуаныш сыйлап еді? Шынайы жас ғалымды көрсем де Евнейді еске аламын. Шалағай оқымыстыларды көрсем де, «Қайран Евней сияқтылар неге аз болды? Қалай аз жасайды?» деп өкінемін» [97, 39].

Ақын ағамыздың бұл толғанысы бекерден-бекер айтылмаса керек. Қазақ мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін жинап, зерттеп жүрген ақын Е. Бөкетов сөзінен де біраз асыл ойлар алып үлгеріпті.

«Қазақ халқының мерейін шырқау биікке көтеріскен кемеңгер ұлдарының бірі Илияс Омаров қайтыс болған күндерін шығарып салғаннан кейін Алматыда кездескенінде:

— Басқаның иті өледі, біздің китіміз өлетіні не пәле осы? – дегені есімде қалыпты» [97, 42].

«Ал айтшы «Куй железо пока горячо» дегенді «Темірді қызған кезінде соқ» деп аудару дұрыс па, әдемі ме?

Мен:

— Бұл өзі қазақтардың талай ұрпағының құлағына сіңген тәржіма ғой, – деп сырғатпалау-сырғақтау жауап қаттым. Ал мынау сенің өз вариантың болды ғой тегі.

— Меніңше, – деді Евней нықтап, «Темірді суымай тұрып соқ», өйткені орысшасындағы «пока горячо» қызып тұрған емес пе?» [97, 48].

«1979 жылғы бір жолығыста:

— Украина тілінде дрофа — «дурак» делінеді екен. Біздің қазақтың «дуадағы» ғой. Тек бір дыбыс түсіп қалып қана ықшамдалған. Енді бір қызығы украиндықтар тырнаны «лелека» дейді. Бұл — қазақша «ләйлек». Күншығыс жұрттарымен қашаннан бері араласқан халық «құтан» мен «тырна» атауын алмастырып алуы мүмкін ғой, – деді досым. «Бірде мен Е. Бөкетовтің аузынан жапонның танкасын (бесаяғын) және хайкуін (үшаяғын) жазып алыппын. Соның біреуінің орысша тәржімасы: «Опыт старика надежнее панциря черепахи». Соны Е. Бөкетов өзінше қазақшалайды: «Тасбақаның қабығынан қарт адамның танымы сенімді» [97, 50].

«Жастау жігіттерден ректор:

«Сеп» деген не? – деп сұрады. Әдебиетшілердің өздері де іркіліп қалды. Сонда Евней:

— Сеп, меніңше, дүние-мүлік, мүкаммал, – деп бір-екі сөзбен түптеп беріп еді.

«Блокнотымда Евнейдің аузынан шыққан әдемі бір нақыл тағы да таңбаланған екен: «Отызында есірмеген, елуінде есінен айрылмас» [97, 52].

Сондай-ақ М. Әлімбаев замандас, құрдас-құрбылар ортасында Евнейдей орыс поэзиясын, оның ішінде әсіресе Владимир Маяковский мен Сергей Есениннің өлең поэмаларын осыншама мол жатқа білетін ешкімді білмейтіндігін, Евнейдің ұзақ дастандардың өзін атап берген кез келген тұсынан бастап жатқа оқи жөнелетіндігін, сол сияқты өткендегі ел ақындарының, жыраулардың жүйрік жырларын да көп білетіндігін жазады.

Е. Бөкетов бойындағы осы тапқырлық, шешендік қасиеттер оның публицистикасында үнемі көрініс тауып отырады.

«Адамның мәдениеттілігінің, ой-өрісінің кеңдігінің, жан дүниесінің, ләззатшыл нәзіктігінің бірден-бір белгісі көркем әдебиетті қол үзбей оқи білу» [98, 3].

«Шын мәдениетті адам болудың бірден-бір жолы өзіңнен бұрынғы буыннан дұрыс тәрбие алу, дұрыс үлгі көру» [98, 3].

«Дегенмен, киім кию, сырт сымбаттылық мәселелерін көп қозғаудың өзі керек те ме екен, өйткені бұл мәселеге артық көңіл бөлудің өзі жасанды сымбаттылық пен жасанды әдемілікке апарып соққаны қызық емес қой» [98, 4].

«Өз мамандығына бейімділігі ерте, уақытылы білінген адам, әрине, бақытты адам» [98, 4].

«Ғылыми ізденіс дегеніміз творчестволық процестің барып тұрған биік шыңы» [98, 5].

«Творчество адамдарының өзгелерден айырмашылығы сол — оның ойында, миында қарама-қарсы фактілер мен құбылыстар қашан да қақтығыста жүреді, содан барып осындай драмалық шым-шытырық айкастың негізінде жаңа ой, жаңа тұжырымдар туып жатады» [98, 5].

Е. Бөкетовтің мәдениет, өнер, білім, ғылым туралы айтқан мұндай қағидаларын оның публицистикалық мұраларынан молынан ұшыратуға болады.

Мұндайды зерттеуші ғалымдарымыз: «Тіл байлығы — ой байлығы. Ойы бұлдырдың сөзі де бұлдыр.

Сөзі тәтті мағынасы түзу келсе,

Оған кімнің ұнасар таласуы, — деп ұлы Абай айтқандай, шығарманың тілі, стилі, ойы, образы бір-бірімен жымдасып, қабысып теп-тегіс жұмыр келсе, нұр үстіне нұр», - деп бағалайды [99, 97].

Шығарманың тілін ажарландыратын, көркемділігін арттыратын тілдік тәсілдердің бірі — бейнелеу, сөзді образдарды қолдану.

«Ал мына бетте шашып тастаған құмалақтай болып ертемен өрген қой отары жатыр. Күн шекені қыздыра бастапты, енді құйрықтары теңкиіп қойлар да суатқа құлайды» [100, 115].

«Қазақтың аяқты малы — жүрмелі, байлығы ұшпалы бақыт есепті болатын». «Жүректі суырардай мұңмен айтылғанда тыңдаушынында көкірегі қарс айрылар еді». «Күллі дала күніренумен жатты». «Дала буырқанып жатты» [100, 116-118].

Адамның көңіл күйін, тұрмыс тіршілігін, табиғат болмысын қабыстыра өріп, ерекше реңк беретін мұндай сөздер шығарма тілін ажарландырып, көркемдігін арттыра түседі. Мұндай, образдарды, бейнелі теңеулерді, Е. Бөкетовтің «Жас Қаныш» деректі хикаятынан көптеп кездестіреміз. Е. Бөкетов

сондай-ақ өнеркәсіп, өндіріс тақырыбына жазған проблемалық мақалаларында кәнігі публицистер ше диалог қолдану әдісінде шебер пайдалана біледі. Кейбір публицистер екі адамның диалогы арқылы мақаланың проблемалық сипатын ашатыны бар. Е. Бөкетовтің өнеркәсіп тақырыбын сөз ететін «Алып адым» проблемалық очеркінде:

«Енді бір күні Юз Павловқа:

— Сіз осы домна цехна несіне келе бересіз? Осы домна сізге ұнағаны ма сонда? – деп сұрапты.

— Әрине, ұнағаны, – деп жауап беріпті Павлов.

— Несі ұнайды, неге ұнайды?

— Жобасы, басқалар әлі түсінбегендігінен, әрі ұнатпағандығынан шығар.

— Бұл не дегеніңіз?

— Бірде бір шебер, бірде бір ғалым домна пешін түсінбейді деп өзіңіз айтқан едіңіз ғой. Дегенмен, бұл домнаны түсінуіміз керек қой. Ол ол ма. Түсініп қана қоймай, өз ырқымызға көндіріп, айтқанымызды істеуіміз керек қой» [101, 149].

«Өйткені домна жүргізу біздің Англияда әкеден балаға ауысып отыратын құпиялылығы көп өнер. Жабайы адам бұл өнердің құпиясына жете алмайды» деген жас Юздың сөзіне Совет қара металлургия өндірісіне домнаның дұрыс жұмыс істеуіне ғылыми негіз қалаушылардың бірі академик М.А. Павловтың жауабы екен бұл. Бұл диалогтың да күні ертең тарихи мәнге ие болатындығы шүбәсіз. Қара металлургия өндірісінде домнаның іске қалай, қандай жағдайда жүзеге асырылғанын хабар беретін диалог мақала арқауында өзіне тән мазмұн көтеріп тұрғандығы сондықтан.

Қара металлургия тақырыбы Е. Бөкетовке етене таныс, ежелден қанығып, біліп өскен тақырып. Сондықтанда оны бүгешігесіне дейін білуі, оның өсіп-өркендеуі, дамуы жайында айтқан ғылыми негіздері мен тұжырым, болжамдары өз уақытысында аса маңызды болды. Публицистикалық шығармаға тән негізгі қасиеттің бірі факты болатын болса, оны Е. Бөкетовтің өндіріс-өнеркәсіп турасында жазған очерктерінен молынан ұшыратуға болады. Кейде очеркте ресми деректер келтіру, цифрларды сөйлету қажет болады. Хронологиялық

фактілер мен мақала мазмұнын ашатын цифрларды қолдану Е. Бөкетов публицистикасына да тән.

Әсіресе, «Өндіріс пен ғылым егіз», «Алып адым», «Қара металлургия алыбы» сияқты күрделі проблемалық мақалаларынан осы құбылысты анық байқауға болады. Бірақ, кілең факті мен цифрға құрылған деп айту ағаттық. «Жай фактінің өзін журналистің ой-қиялыңыз жазу мүмкін емес. Фактіні суреттемес бұрын журналист өмірлік фактіден қажеттілік тауып алады, оны жан-жақты зерттейді, қоғамдық-әлеуметтік мәнін ойластырады» [102] деген зерттеушілердің уәжді пікірін Е. Бөкетовтің проблемалық очерктері толығымен қуаттайды.

«Алып адым» очеркінде қара металлургия өндірісінің өсіп-өркендеуін көрсететін хронологиялық дерек-көрсеткіштің берілуі шығарма шырайын арттырып тұрған публицист шеберлігі деп айтуға негіз бар. 1938-1960 жылдар аралығындағы қара металлургияның өсіп-өркендеу болмысы цифр тілдерімен-ақ публицистикаға қажетті информацияны оқырман санасына еш қиындықсыз-ақ жеткізіп тұр. Осынау ауыр өнеркәсіп өмірнамасының хронологиялық жүйесі осы тақырыпта көлемді шығарма жазушыларға салынған сонарлы сәтті соқпақ сияқты.

«Очеркте творчестволық ой қосу, фантазия қанаты фактіні күшейту үшін, очерктің сюжеттік-композициялық желісін ширату үшін керек» [103, 177].

«Творчестволық ой қосу» мен «Фантазиялық қиял» кез-келген публицист қаламгерге тән қасиет. Поэзия жолынан проблемалық мақала тудырып, оны үлкен ғылыми танымдық дәрежеге ұштастырып жүрген Е. Бөкетовке бұл қасиет ерекше жақын. Оны қай тақырыптағы жазған мақалаларынан болмасын деп басып тануға болады. Фибратты, қанатты ойлары ретінде ондай сөздерінің біразына зерттеу барысында тоқталып та өткенбіз. Ауыр өнеркәсіп тақырыптарына жазған мақалаларына да мұндай ой, қиялдар қосу Е. Бөкетовке тән. Бірақ бір ғажабы біз айтқан ой-қиял Е. Бөкетов публицистикасында құрғақ қиял, құр сөз ретінде емес ғылыми негізде айтылған, келелі пікір ретінде кездеседі.

«Лисаков рудасының жақсы қасиеті де мол. Лисаков рудасында темір тотығына қоса глинозем (бұдан алюминий

металлы алынады), фосфор және ванадий (ол болатты шыңдайтын қоспа ретінде қолданылатын қымбат металл) бар. Біз Лисаков рудасынан шойын, болат алу үшін қорытқан шақта осындай асыл металлдарды іске жаратарлықтай етіп, қорытып алу әдістерін ұсынып отырмыз. Демек, Лисаков кеніне тек темір қоры ретінде қарамай, оны комплексті пайдалану әдістерін ойластырған жөн» [104, 50].

«Ұқыптылықтың ең бір ұтымды жолы — коксті үнемдеу» [104, 51].

«Алдағы мақсат — химия технологиясы мен металлургия саласында жаңалық іздеуді тоқтатпай, табылғандарын жан-жақты зерттеп, өндіріске жедел енгізу» [104, 52].

Міне, осы сияқты ғылыми негіздегі ұсыныс, болжам, тілектерді мақала барысында жиі кездестіріп отырмыз. Бұл айтылғандар жоғарыда келтіргенімізден цифрлар мен фактілер негізінде құрылып, тұтас болмысы, мақала мазмұнын аша түседі.

Қаламгердің ойы жер астындағы кен болса, соны жарыққа шығарып бұқара халық игілігіне жарататын құрал оның тілі екендігі белгілі. Көңілдегі көрікті ойдың өз қасиетін жоғалтпай жарқырай көрінуі тіл шеберлігіне көп байланысты. Е. Бөкетов публицистикасындағы шешендік тіл мен шебер ойлаудың өзара үндестік табуы қаламгердің болмыс қасиетін айшықтай түсетін критерий.

Бұл салада публицист ғалымның шеберлігінің кейбір қырларын жоғарыда айтып өттік. Әрине, шеберлік пен қаламгердің еңбекқорлығын шендестіре айтқан әбден орынды сияқты. Болмашы нәрсеге бей-жай қарамай үлкен мән беру, сол жолда ерінбей еңбек ете білу, кез келген қаламгердің маңдайына жазыла бермейтін қасиет. Біз Е. Бөкетов шығармашылық мұрасын талдап саралай отырып, осыған көз жеткіздік.

## 2.2 Қаламгер этикасы және психологиялық аспектілер

«Адамның жан әлемі, сезім толғанысы сыртқы жалаң әрекет қимылдан әлдеқайда күрделі де қызықты. Көркем өнердің ұлағатты мақсаты да оқырманға шұбырған оқиғалармен емес, терең ой, әсерлі толқындары арқылы тағдыр суреттерін, үлкен өмір құбылыстарын шешетін де шебер бейнелеу ғой.

Көркемдік эстетикалық принцип ретінде психологизм суреткер назарын кейіпкер дүниетанымы, сезім сарайындағы кейбір процестер ғана көгендемеуін, объективті құбылыстар, сыртқы орта, материалдық тіректердің органикалық тұтастығы бұзылмауын талап етеді» [107, 189-190].

«Шығармадан ең алдымен әлеуметтік-психологиялық талдау өрнектерін көруіміз керек» [105, 190] дейтін әдебиет зерттеушісі Б. Майтановтың бұл тұжырымдарына Е. Бөкетовтің ғылыми публицистикасын тереңдеп оқыған сайын көз жеткізе түскендей боламыз.

Ұлттық публицистика тарихында көрнекті орын алған Евней Бөкетов — тек ғылыми-академиялық ортада емес, әдебиет пен мәдениет саласында да елеулі еңбек еткен тұлға. Оның әдеби шығармалары, аудармалары мен эсселері қазақ прозасына өзіндік өрнек, философиялық тереңдік әкелді. Жазушы ретінде ол қалам ұстаудағы этикалық жауапкершілікті бірінші орынға қоя білді. Сонымен қатар, шығармаларында адамның ішкі жан дүниесін, психологиялық иірімдерін шебер бейнеледі.

Е. Бөкетовтің ғылыми-техникалық прогресс, кен-металлургия ғылымы, өнеркәсіп, өндіріс ошақтары туралы жазған күрделі-проблемалық мақалаларының өміршеңдігі мен өзектілігін, көпшілік ықыласына бөленуінің сыры неде деген орынды сұрақтың тууы әбден мүмкін. Мысалы, кез келген кәсіби публицист осы аталған тақырыпта проблемалық мақала жаза алады. Өте сәтті шыққан дүниелерде баршылық. Дегенменде «атымның сыры өзіме мәлім» дегендей, Бөкетов қаламынан туған шығармалармен салыстырғанда бәрі-бір бірдеңе жетіспей тұрғандай боламыз. Менімше оның сырын былайша түсіндірген жөн сияқты:

Біріншіден, Е. Бөкетов — кен-металлургия саласын жетік білетін маман. Осы салада ғылым докторы, академик дәрежелеріне көтерілген ғұлама.

Екіншіден, Е. Бөкетов — публицист-жазушы. КСРО Жазушылар одағының мүшесі, бірнеше публицистикалық ғылыми мақалалардың авторы.

Үшіншіден, педагог, психолог адам. Ұзақ жылдар бойы ағарту салаларында қызмет істеп, жетекшілік еткен тәлімгер ұстаз.

Олай дейтініміз, ол кісі ғылыми публицистикалық мақалаларын тек сол саланың адамдары үшін ғана жазбай-ды. әрбір шығармашылық туындысын адамзат игілігінің бір қажетіне жараса екен, солардың жүрегіне жол тауып, санасына, рухани жан дүниесіне әсер етсе екен деген тілекпен жазады. Е. Бөкетов ғылым адамдарына түсінікті ғылыми терминдерді немесе атауларды үнемі жақшаның ішінде оның жай оқырманға түсінікті болуын қадағалап, баламасын, мағынасын ерінбей жазып отырады. Осының өзінен публицистің өз творчествосына деген көзқарасының қандай дәрежеде болғанын аңғару қиын емес.

Мысалы: «Біз болаттың беріктік, қуаттылық, уақыт пен ортаға төзімді, ыстық-суыққа шыдамдылық қасиеттерін арттыру үшін оған керекті мөлшерде (болаттың арнаулы сорттарына қарай) марганец, молибден, хром қосылады» [106, 143].

«Мұндай заводты передельный (қайтадан іске жарату) деп атайды» [106, 144].

«Домна деген тік қойған шұңғыма пеш. Бұл пештің 50-60 метр биіктіктегі (Ахмед Яссауи мешітінің биіктігі 49 метр) төбесінен есепті мөлшерде темір кені (ізбес таспен, кейде басқа қоспалармен қосылып, кесектелген агломерат күйінде), кокс дамылсыз төгіліп жатады» [106, 148].

«Мұның өзі отынды (мазутты, газды, ұнтақ көмірді) көптеп шығындауға апарып соғады. Ал конверторға (осыған оқырманның сенуі қажет, бұл шындық) ешбір отын қажет емес» [106, 150].

«Лисаков рудасының жақсы қасиеті де мол. Лисаков рудасында темір тотығына қоса глинозем (бұдан алюминий металы алынады), фосфор және ванадий (ол болатты

шындайтын қоспа ретінде қолданылатын қымбат металл) бар» [106, 152] сияқты сөйлемдерде авторлық түсіндірме оқырманға беймәлім ғылыми термин сөздердің баламасын берумен ерекшеленіп тұр. «Осыған оқырманның сенуі қажет, бұл шындық» деуі автордың бұл мақаланы тек сол саланың ғана емес, көпшілік бұқараға арнап жазғандығын көрсетеді.

«Театр киім ілгіштен басталады» демекші, шығарманың шырайлы болуы, оның ішкі психологиялық иірімдері автордың қойған тақырыбынан бастап, ондағы эпиграф, цитата, тіпті емле белгілерінің де орынды-орынсыз қойылуына дейін әсер етіп тұратындығынан екендігін ескере бермейміз.

«Тақырыптың таңдаулы оның журналист ақыл-ойында қалыптасуы автордың өмір тәжірибесі молдығына байланысты. Тақырыпты дұрыс таңдап алу дегеніміз - дер кезінде қалың бұқараның назарын аударатын өмір фактісі туралы әңгімелеу, белгілі бір мәселені я проблеманы көтере білу деген сөз. Өмірдің елене бермейтін, бірден байқала қоймайтын құбылыстары мен фактыларына мұқият назар аударып зерттей жүрген журналисттің алғыр ойы таңдар тақырыбына тап болмай қалмайтыны даусыз» [107, 139].

Тақырып қоя білудің өзі кез келген қаламгердің ойлау мен қиялдау шеберлігін танытатын мүмкіндік. «Театр — киім ілгіштен басталады» дегендей, шығарма мазмұны мен проблема жүгін кейде тақырыпқа қарап-ақ бағамдауға болады. Бұл туралы зерттеуші-ғалымдарымыз: «Тақырып табу журналисттің қабілетіне, тәжірибесінің молдығына, творчестволық лабораториясына, іздену әдісіне байланысты. Бірақ осылардың бәрі тамаша өміріміз шындығына бағындырылуы керек» [107, 140] дейді.

Тақырып қою немесе таңдау жағынан Е. Бөкетов керемет тапқыр еді деп айта алмаймыз. Бірақ, басқаларға ұқсамайтын өзіне ғана тән ерекшелігі барын дәлелдеп көрмекпіз. Е. Бөкетов публицистикалық шығармалар тақырыбының басты ерекшелігі оның жай ғана қарапайымдылығында жатса керек. Е. Бөкетов тақырыптары алаулаған қиял мен шамырқанған шабыттан ада. Шығарма мазмұны мен көтерер проблемадан туындаған немесе соны меңзейтін қарапайым сөздерден құралған. Мысалы: «Өндіріс пен ғылым егіз», «Жас замандас келбеті», «Пушкин

мен Маяковский», «Арманшыл болғанға не жетсін», «Көркем аударма, хал қалай?», «Қара металлургия алыбы», «Тұңғыш қазақ академигі», «Два спектакля наших гостей», «Второй в республике» т.б. тақырыптарды алып қарар болсақ, біз сөз еткен қарапайымдылықтың болмысын байқағандай боламыз. Дегенменде, бұл тақырыптар мақалаға мен мұндалаған әсемдік бермегенмен, шығарманың ішкі мазмұнын еш қиындықсыз-ақ табуға мүмкіндік береді. «Табиғат ананы аялай білейік», «Сыйлас, сырлас, көмектес», «Ағадан ақыл, ініден ілтипат», «Табиғат тіршілік көзі» атты тақырыптар ешқандай бүкпесіз, күнделікті өмірде жиі айтылып жүретін таныс сөздерден тұрады. Әңгіме ауанының не жайында екенін оқырман мақаланы оқымай-ақ бірден жобалайды. Осы қарапайымдылықтың өзі кейде публицист шеберлігінің бір қырын танытады.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Бақытжан Майтанов ғалым-жазушының өзіндік ерекшелігі туралы: «Көлем толтыруды көздейтін көп сөзділіктен алыс қонып, айтар ой, көтерер мәселенің төңірегінде нақты сөйлеуі, бұлтақсыз айқын тұжырымдар жасалуы, ғылыми дәлелі берік, орынды жинақтаулар түйіндеуі деп айта аламыз» деп жазады [108, 242].

Публицистикалық шығармалардың шымыр да шырайлы болуы көбіне нақты фактілер мен авторлық ой-тұжырымдардың негізді болуынан туындайды. Е. Бөкетов публицистикалық мұраларының ең ұтымды, ұрымтал тұсында осы тұрғыдан қарастырған жөн. Адамзат цивилизациясындағы ұлы ойшылдар мен талантты тұлғалардың сөздері мен өмірін үнемі тілге тиек етіп шығарма мазмұнын қоюландырып, байытып отыру, Е. Бөкетовтің қаламгерлік қырының өзіндік бейнесін ашады. Нақты деректер келтіре отырып, цитата сөйлетуді Е. Бөкетов шебер қолдана біледі. Ол қолданыс мақала барысында үнемі қажеттіліктен туындап отырғандай әсер береді. Тіл мен ойдың үндестік тауып, стиль мәнерінің ашылуына бұл әдіс кең мүмкіндік тудырып отырады. Мысалы, жастар жөнінде жазған очерк-эсселерінің өн-бойы осындай гибратты, дәйекті цитаталарға құрылып, тақырып мазмұнын әрлендіріп, қаламгер ойының еркін ашылуына мұрындық болады.

«Орыстың атақты ғалымы В.Е. Грум-Гржимайло әрбір жас ғалымға шексіз шыншыл болуын тілей келе, ғылым түбіне-тек өзіне-өзі қатал сыншы, өз қарабасының қамын қорғаштамайтын адам ғана, жетеді деген екен» [109].

«Сондықтан кезінде А.В. Луначарский осы «білімді адам» деген ұғымға мынадай анықтама берген екен: «Білімді адам. бәрін білуге ұмтылмақ. Бірақ, бәрін үстірт білуге емес, білімді адамның өз мамандығы болуға тиіс, ол өз ісін білуі қажет, сонымен қатар ол білімнің басқа салаларына да көңіл аударып, оның да қызғылықты қағидаларын түсіне алуға тиісті» [110, 128].

«Егер Алексей Пешков шіркеу сынынан өткенін арқау етіп, консерваторияға түссе, ал Шаляпин, мысалы, университеттің филология факультетіне түссе не болар еді? Пешков, жобасы, консерваторияны да бітіріп, жан-жақты музыка маманы болар еді де, Шаляпин жан-жақты лингвист тіл маманы болар еді» [110, 139].

«Бұдан 200 жыл бұрын болған Ломоносов жөнінде Пушкин «... ол бізде бірінші университет ашты, шынын айтса ол өз қара басы біздің бірінші университетіміз болды» деп орыстың ұлы ғалымның жан-жақтылығының, әрі ғалым, әрі ақын болғанын айтып өтеді» [110, 152].

Міне, Е. Бөкетовтің жастар тақырыбындағы мақала-эссе, интервьюлерінен осындай ғибратты, өнегелі сөздер мен ұлы адамдар өмірінен алынған үзік-үзік цитата жолдарын көптеп кездестіреміз. Бұлар ілкі сөз арасында жай келтеріле салмаған, керсінше, тақырып ажарын ашып, мақала мазмұнына әр беріп, мәнділігін арттыра түседі.

Мұндай көріністі Е. Бөкетовтің әдебиет-өнер тақырыбындағы публицистік мақалаларынан да байқаймыз. Мысалы: «Өткен ғасырдың сексенінші жылдардың орта шенінде Нижний Новгород — қазіргі Горький) қаласында бойы сырықтай екі жасөспірім бала жігіт күн көрерлік табыс іздеп, шіркеу хорына жалданбақ үшін сыннан өтуге жазылады. Екі баланың бірі, даусы мен мақамы ән шырқау тілегіне сай болғандықтан, өтеді де, екіншісі өтпей қалады. Өткені болашақ жазушы Максим Горький екен де, өтпегені болашақ ұлы әнші Федор Шаляпин болып шықты» [110, 137].

«Үлкен композиторлардың бірі қартайған шағында айтқан екен: «Әуелі өзім ғанамын деп жүрдім. Сонсоң өзім және Моцарт қана дедім, одан кейін Моцарт және мен ғана деп едім, енді тек Моцарт деймін» [111].

«Орыстың шебер аудармашыларының бірі, үлкен ақын Жуковский»: «Өлеңді аударған адам — автордың бәсекелесі, прозаны аударған адам автордың құлы» дейді екен [112, 25].

«Ғылым кейбір адам үшін асқақ періште ханым болса, екінші біреу үшін маймен қамтамасыз ететін сауын сиыр орнында». Бұл сөздер бұдан екі жүз жыл бұрын өмір сүрген ұлы ақын Шиллердің айтқаны» [113, 15].

Мұндай қызықты да тағылымдық мәні мол цитаталар Е. Бөкетов шығармасында ғылым, өнер, тәрбие салаларында жиі кездеседі. Бір аңғарғанымыз осындай өнегелі-ғибратты немесе тосын ұғым, тың-ой салатын сөздер тек авторлық баяндау тұрғысында ғана айтыла салмай ол сараланып, талданып, сол уақыт үрдісімен үндесіп жатады. Цитата қолданып, сол арқылы авторлық ой-өрбіту әдісі Е. Бөкетов публицистикасының барлық тақырыбына тән қасиет.

Біз жоғарыда цитата қолданудың әдебиет өнер, тәрбие-тағлым тақырыптарындағы маңыздылығын сөз етсек Е. Бөкетовтің өнеркәсіп-өндіріс, қоршаған орта, табиғат, экология мәселелеріндегі дерек пен дәйекті орынды қолдануына ерекше тоқталуды жөн санаймыз.

«Табиғат ананы аялай білейік» мақаласында: «Имперализмнің табиғатқа қастандығын мынадай фактілерден көруге болады. Америка Құрама Штаттары тек Оңтүстік Вьетнамда 9 жыл ішінде химиялық қарулармен жердің 43 процентін, орманның 44 процентін зақымдады. Бұл бұл ма, осында қолданылған «Күлгін қызыл» деп аталатын қоспа жан-жануарлар нәсілдеріне ем қонбайтын дерт әкелді» [114] деп оқырман назарын үрейлі деректерге аудартады.

Белгілі бір өнеркәсіп немесе өндіріс ошағынан басталған экологиялық ахуал төңірегінде ой қозғаған автор жеке ұлт пен ұлыс ұғымындағы проблемалардан шығып, адамзаттың, әлемдік деңгейіндегі экологиялық ахуалға алаңдаушылық білдіреді. «Планета тұрғындары сан жөнінен жедел көбейіп келе

жатқанын айттық. Бірақ жер көлемінің өспей сол қалпында қалатынын ескерген жөн» [114].

«Алпысыншы жылдар ауқымында дүние жүзілік шаруашылық аграрлық кәсіптен өнеркәсібі басым дамыған планетаға айналды. Бұған қоса тікелей өндірістің өз ішінде де айтулы өзгерістер болды. Әсіресе, химия өнімдері синтетикалық өнімдер ерекше қарқынмен артты. Міне, соның бәрі табиғатқа әсер етуде» [114]. Осындай әлемдік деңгейдегі экологиялық ахуалдың шығу тәркінін Е. Бөкетов адамдардың өздерінен қарастырады. «Сөйтіп, табиғат тазалығын қорғаудың мәселелері де, проблемалары да әлі көп. Ал соның бәрі өз қолымызда. Демек бұл өз денсаулығымыз өз қолымызда деген сөз» [114].

Жалпы, Е. Бөкетов публицистикасын үнемі бір-бірін толықтырып, проблемалық сипаты мағыналас-мәндес болып келетін күрделі екі топқа жатқызуға болады. Оны ғылыми түрге бөлсек, гуманитарлық және жаратылыс тану саласы дер едік. Жоғарыда сөз еткен ұлы адамдардың өнегелі істері мен ұлағатты сөздерін, даналық ойларын публицистің әдебиет, өнер, ғылым-білім, жастар тәрбиесі жөніндегі ағартушы-педагогтық көзқарастарындағы шығармаларынан байқаймыз. Ал, жалпы баспасөзде күрделі тақырып саласына жататын өндіріс пен өнеркәсіп, ғылыми-техникалық прогресс, кен-металлургия, химия сияқты жаратылыс тану ғылыммен байланысты жазылған мақала-очерктерінің өзегі көбіне дерек пен дәйекке құрылып, сол арқылы мазмұн-мағынасы ашылып жатады.

Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақаласында: «Біріншіден, ацетилен затын ацетальдегид сұйығына айналдыру үшін реакцияны жеделдету мақсатымен сынап қолданылады. Сынап әрі қымбат, әрі адам денсаулығына өте зиянды зат» [115].

«Тас көмірді баяу тотықтыру үшін оны сұйықпен араластырып, сол сұйықтан тұрақты электр тогын өткізу әдісін (ғылымда бұл әдіс электролиз деп аталады), әйтпесе сол көмір аралас сұйықты белгілі бір қысымда оттегін беріп тотықтыруға болады» [115].

«Мысалы, қазіргі синтетикалық каучук сырттан әкелінетін екі затты стирол мен гидролир спиртін тоғыстыру арқылы өндіріледі» [116, 11].

Е. Бөкетов өзінің ғылыми публицистикасында осы аталған ғылыми-дәйекпен деректерді орынды қолдана біледі. Әрі бұл дәйек пен деректер жалаң ғылыми тілде емес, публицист шеберлігінің нәтижесінде оқырманға түсінікті ғылыми публицистикалық тілде жазылады.

«Кез келген мұнай дегеніміздің өзі аты да аңғартып тұрғандай түрлі көмірсутек пен химиялық қосылыстардың, яғни көміртек пен сутек атомдарының байланысынан пайда болған табиғи қоспа» [116, 11].

Ғылыми техникалық прогресстің өсіп-өркендеуі мен қарқын ала дамуы Е. Бөкетов публицистикасында уақыт үрдісіне сай жан-жақты сөз болып жазылып отырған. Кен-металлургия химия ғылымдарының қоғам игілігі үшін қаншалықты маңыздылығын ғана айтып қоймай, өзі айтқандай, «Бұны оқырман дұрыс түсінуі тиіс» [117] деген мақсатпен сол ғылым әлемінің көптеген беймәлім құпияларын бұқараға қара сөз, қазақы ұғыммен жеткізуі, сөз жоқ, ғалым-публицистің қаламгерлік шеберлігі мен үлкен білім иесі екендігін танытады.

«Әрбір тілдің ішкі сырына бойлап қарасаңыз, жүйе-жүйесімен жіктеліп, жалғасып, ұласып жатқан бір үздіксіз құбылысты байқауға болады. Тілдің осы жүйелі болмысын меңгерген адам қашанда сауатты сөйлеуге, сауатты жазуға бейім. Ал жазу өнеріндегі кемшіліктің көбі осы жүйеге мән бермеуден туа ма деп ойлаймыз» [118, 43].

Зерттеуші-ғалымның бұл теориялық тұжырымның негізі халқымыздың «Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады» деген даналығына саяды. Біздіңше тілдің осы жүйелі болмысын меңгерудің өзі адамның жүйелі ойлай білуінен туындайтын тәрізді. Әсілі, тіл байлығы — ой байлығы деген сөзді керсінше оқысақ та мағынасына келтірер сөкеттігі жоқ. Жүйелі ой көп оқып, көп ізденуден туындайды. Көп оқып, көп ізденген адамның тіл байлығы артары өзінен-өзі белгілі.

Е. Бөкетов публицистикасындағы ой тасқыны, көркем тілмен келісті өріліп оқырманын тұңғыыққа тартқан иірімдей бірден үйіріп ала жөнелетінін біз қаламгердің сөзден қамшы өрген шеберлігі деп танймыз. Е. Бөкетов тілінің шешендігі, көсіліп жазып кеткендегі терең білімі мен тағылымы мол фибраты оқыған жанды бей-жай қалдырмайды. Әсіресе, студент-

жастарға арналған баяндама-лекцияларының (бұлардың көбі баспасөзде жарияланып, жеке кітаптарға енген) тілдік тартымдылығы өте ерекше. «Мен бұл әңгімемді «Ашық лекция» деп атамақпын» деп басталатын «Алғашқы сабақ» атты лекция-мақаласының тілдік жүйесі оймен өріліп, сөзбен төгіліп тұрған ақ өлең үлгісін еске түсіреді.

Тұманбай ақынның «Жиырма жаста жетпеген арманыма» деп басталатын өлеңі Е. Бөкетов «лекциясының» негізгі өзегіне айналған.

Жиырма жаста жетпеген арманыма,  
Жиырма жаста бармаған тауларыма,  
Жиырма жаста жүрмеген жолдарыма,  
Бүгін жете алам ба, жүре алам ба,  
Барша бақыт тілеймін бар адамға.

Бес шумақ өлеңді түгел келтіре отырып: «Мен осы бір тебіреністі, нәзік сезімге толы өлеңнің шумақтарын әдейі келтіріп отырмын. Бұл өлеңнің мағынасына қарағанда, адам бар ісін жиырма жастан бастап, жиырма жаста қамтып қалуы керек сияқты, олай болмаса адамның қалған өмірі өкініше толы болмақ сияқты. Ақынның осы сөздерінде терең сыр, мол шындық жатыр» [119, 8], – дей келіп, 18-20 жасында студенттік жолға түскен жастарға оқуға түскендегі бірде-бір мақсат-өмірге, елге керекті жақсы маман болып шығу керектігін айтады. Әрине, жай ғана айту емес, жастарға Чкалов пен Гризодубова, Гагарин мен Терешкова арманын, Қаныш пен Мұхтар парасатын, Шаляпин мен Горький тағдырын, Менделеев өмірін тілге тиек ете отырып, мамандықтың жаманы жоқтығын тек соны дұрыс таңдай білу керектігін, таңдаған мамандықты игеру жолында қандай істер атқару керектігін, кестелі ой, шебер тілмен барынша жеткізген.

Кез келген жазушы-публицистің қаламгерлік қабілеті мен парасат пайымын, қоғамдық көзқарасы мен таным-түйсігін танытатын шығарма түрі бұл — эсселер, жол сапар очерктер болып табылады. Олай дейтініміз белгілі бір кеңістіктен шыққан сана-сезім үшін өзіне бейтаныс, жат әлемнің тұрмыс-салты, әдет ғұрпы, қоғамдық болмысы, саяси-экономикалық ахуалы бәрі-бәрі де таңсық болып көрінуі табиғи жағдай. Дәл осы кезде

жазушы яки публицистің бойындағы жоғарыда біз айтқан қасиеттердің барынша ашылуына табиғи мүмкіндік туады. Кейде рухани дүниедегі сілкіністерде осындай саяхат-сапарлардан кейін бой көрсетіп жатады. Жалпы осындай жолсапар очеркінің тарихы, шығу төркініне көз жіберсек орыс әдебиеті мен баспасөзінде Радищевтің «Петербургтен Москваға саяхаты», Карамзиннің «Орыс саяхатшысының хаттары», Пушкиннің «Арзрумға саяхатын» айтуға болады. қазақ жолсапар, саяхат очерктерінің төл басы ретінде Ш. Уәлихановтың «Жоңғария очерктерін» сондай-ақ М. Әуезовтің «Индия очерктері», С. Мұқановтың «Алыптың адымдары», Қ. Шәріповтің «Америка алыс емес» еңбектерін айтуға болады.

«Жол сапар очерктерінің бір ерекшелігі — автор өз атынан сөйлейді, оқиғаға өзін араластыра отырады. Шығарманың басты кейіпкері де — автордың өзі. Бұрын болмаған, көрмеген, танымаған елдің жер-суы, тұрмысы, салт-санасы, мәдени ескерткіштері, халықтардың өміріндегі тарихи өзгерістер автордың өзіндік толғам, әсері, саяси көзқарасы арқылы баяндалады» [120, 78].

Осындай жол-сапар очерктердің қатарына Е. Бөкетовтің «Канада көріністері» атты очеркін жатқызамыз. Бұл очерк «Орталық Қазақстан» газетінің 1967 жылғы сентябрь айындағы № 218, 219, 220, 221 сандарында жарияланып, кейіннен публицистің «Көкейкесті» кітабына енгізілді.

«Мен еліміз социалистік өмір құра бастағанда туып, капиталистік өмірді көрмей өскен адаммын. Тірі капиталистердің еліне барып, оларды көру деген маған бір миллион жыл бұрын өлген ихтиозавр мен мамонтты тірідей көрген сияқты таңсық» [121, 196] деп басталады очерк әлқиссасы.

«Кең жерде (біздің елден кейінгі жері мол ел осы Канада) жиырма-ақ миллион халық тұрады. Халқының аздығына қарамастан Құрама Штаттардан кейін мысты, алюминийді көп қорытатын осы Канада, уран кенін көптеп шығаратын осы Канада, бидайды көп сататын осы Канада» [121, 197].

Е. Бөкетовтің осы сөздерінен-ақ бұл ел туралы, бұдан бұрындары да хабардар мағлұматты болғанын байқаймыз.

Өзінің кен металлургия саласының білгірі екендігін Канаданың осы саласындағы жетістіктерін баяндағаннан-ақ аңғартады.

Жалпы елден шығып Канада топырағына табаны тиген сәтке дейін көрген, білгенін тілге тиек ете бермей, өз көзқарасы мен ойын үнемі сабырлы салиқалы жеткізіп отырған автордың бұл жолсапар очеркіне сол уақыттың өлшемімен қарар болсақ, мүлдем болмысы бөлек дүние. Көрген әсерлері мен түйген ойларын саралай келіп автор: «Әрине, Канада елі бай ел. Өнеркәсібінен, ауыл шаруашылығынан, тұрмысты бастауынан көптеген ғибрат алуға болады» [121, 214] деп қорытындылайды. Дәл сол уақытта капиталистік елге мұндай баға беруге екінің бірінің жүрегі дауаламаса керек. Бірақ шындық бәрінен де қымбат дейтін Е. Бөкетовтің былай деуі оның азаматтық позициясы.

Әрине, өзінің шығармашылық кредосына айналған адамгершілік асыл қасиеттер, байлық пен мансапқа деген көзқарасы бұл очерктерінде де айтылады.

«Адамның бақыты тек дүниелікте болса, үйі бар, машинасы бар Канаданың адамы бақытты-ақ. Бірақ Монреальда бес процент жұмыссыз, бүкіл елде 2,5 процент жұмыссыз бар көрінеді. Мұнда бай адамның бір-ақ күнде кедей болып қалуы ғажап емес. Әрине, болашаққа мұндай сенімсіздік, осы тұрмысынан бір күні айырылып қалам ба деген қорқыныш адамның рухани өміріне жақсы әсер етпейді. Қуаныштың өзі шала қуаныш, жабырқаудың өзі саңылаусыздау жабырқау болып отырады» [121, 214] деп Канада елінің күнгеілі мен көлеңкелеу тұстарын салыстыра салмақтайды.

«Сөздік өнер ретінде публицистиканың көркем әдебиеттен принципті айырмашылықтары бар. Біріншісі — нақты ойға, фактіге, дерекке құрылуында.

«Оның негізгі күші, — деп жазды В.Г.Белинский, шығармашылығы мен көркемдігінде емес, терең де салмақты ойында». Екіншісі — шынайы өмір құбылыстарын сол күйі жеткізуінде. Әдебиеттегі суреткер типті образды нақты характер арқылы сомдайтын болса, публицист жалпы құбылыстың мәнін ашуға тырысады» [122, 178].

Зерттеуші-ғалымның осы теориялық тұжырымнан негізге алсақ, Е. Бөкетовтің «Канада көріністері» жолсапар очеркі өз

дәуірінің шынайы шындығын көрсеткен, қоғамдық мәні зор, публицистикалық туынды ретінде қарастырылады.

Жалпы Е. Бөкетов публицистикалық шығармаларында кез келген факті немесе оқиға жалаң бір жақты ойға құралмайды. Автор әдетте мәселенің түп-төркінін салыстырмалы түрде пайдалысы мен қажетсізі, ғибраттысы мен келеңсіздігін, жақсылығы мен жамандығын, әдеби тілмен айтсақ, күнгейі мен көлеңкесін қатар алып отырады. Бір сөзбен айтқанда жақсысынан үйренуге, жамандығынан жиренуге үндейді. «Канада көріністері» жолсапар очеркінде де автор осы әдіс-амалын қолданған. Автордың бұл позициясына сол кездегі коммунистік идеялогия да ықпал ете алмады. Өйткені, Е. Бөкетовтің адамгершілік принциптері барды бар, жоқты жоқ деп айтуға бастайды. Ол Канада елінің, жалпы дамыған капиталистік елдердің жетістіктерін, ғылыми потенциалын, бай тұрмысын, әлдекімдерше бүркемелеген жоқ. Сондай-ақ, өз ұғымындағы кейбір келеңсіздіктерді де жасырмады. Барды. Көрді. Көңілге түйген әсерлерін, өзіндік көзқарас пайыммен қағазға түсірді. Мұнда әсіре қызыл ой, басы артық сөз жоқ. «Публицистиканың негізгі күші, терең де салмақты ойында» [123] деген қағиданың шынайылығын да біз Е. Бөкетов публицистикалық мұраларынан көретіндігіміз сондықтан.

«Публицистикада психологизмнің болуы — ол шығарманың көркемдігін білдіретін критерийі. Публицистік шығармаларындағы құралдарды пайдалану журналист шеберлігіне, талантына байланысты. Қазіргі журналистиканың даму жағдайына, ілгерлеу тенденциясына сәйкес уақыт қойып отырған міндеттердің бірі — «адам жанының диалектикасын» (Н.Г. Чернышевский) ашу, бүгінгі қаһарманның рухани әлеміне үңілу, жан-сарайына психологиялық талдау жасау — публицистен көп ізденімпаздықты қажет етеді» [124].

Психологизм жөнінде тұжырымды пікір айтқан ғалым Д.С. Лихачевтің анықтауынша, әрбір туындының «психологиялық әлемі» болады. Ал, психологиялық әлемнің қыр-сырына қанығу үшін психологиялық талдау қажет. Бұл жөнінде зерттеуші Т. Карлова мынадай дәйекті ой айтады: «Характердің өзін-өзі ашуы — монолог-толғаныста, хаттарда, күнделікте көрініс береді» [125].

Публицистикада психологизмді сөз етуімізге Е. Бөкетовтің «Алты хат» көлемді хикаясы негіз болып отыр. «Алты хат» жеке кітап болып басылып (Алматы. «Жалын», 1996) шыққанға дейін мерзімді баспасөздерде журналдық-газеттік нұсқалары жарияланып жүрді. 1989 жылы «Жалын» баспасынан орыс тілінде «Шесть писем другу» болып жарыққа шықты. Е.А. Бөкетовтің әдеби-публицистикалық шығармаларының ішінде көлемдісі осы «Алты хат» хикаяты. Архив деректеріне көз жүгіртсек бұл хикаяттың қолжазбалық нұсқауындағы аты «Ғалымның жазушыға алты хаты» деп аталады екен.

Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінде осы «Алты хатқа» байланысты жазушы-ғалым Акселеу Сейдімбековтің 1978 жылдың 20-мартында жазған пікір хаты сақтаулы. Зерттеу барысына байланысты осы хаттағы кейбір пікірлерді келтіре кетуді жөн санадық.

«Мен «Ғалымның жазушыға алты хатын» оқып шықтым. Басы қайтқан еңбек екен. Інілік қуанышпен қолыңызды қысамын. Менің тарапымнан шын тілеулесіңіз ретінде қосар пікірлерім төмендегідей. Ең алдымен кітаптың атын ойланған жөн секілді. «Ғалымның жазушыға алты хаты» деген атау — тақырыпшаға (подзаголовок) лайық. Екіншіден неге алты хат? Неге жеті, немесе тоғыз, тіптен он үш хат болмасқа? Мұны еңбектің ішкі болмысы, тараулардың көлемі жағынан тең бөлінбеуі тіленіп тұрған секілді. Қазақ ұғымында жеті, тоғыз сандары — киелі сандар, халық болмысы мен үндескіш сандар.

Егер соңғы екі тараудың бірін екіге, екіншісін үшке бөлсеңіз тоғыз хат шығады. Соңғы пікірім, осы естелік еңбекте неге өз аты-жөніңізді атап жазбағансыз. Меніңше бұл қатты ойлануды қажет етеді. Өйткені шығарманың бүткіл болмысында көркем шығармадан гөрі деректілік басым ғой. Асылы, шығарманың бүгінгі оқырмандар тарапынан болатын күйініш-сүйінішінен, дау-дамайынан гөрі, ұзақ өмірлі алыс болашағын ойласаңыз жұмбақ-тұспалдаудан да нақты өмір тынысы болғаны пайдаға шешіледі. Демек, өз аты-жөніңізбен кейіпкерлер аты-жөнін бүркемелемеген жөн. Тіптен мұның өзі халқымыздың ғылыми ой-санасының қаз тұрар тұсындағы нақтылы атмосферасын тілге тиек еткендіктен де қажет. Егер бұл пікірмен санасар болсаңыз хат формасына тиіспеу керек.

Өйткені, сіздің хат жазып отырған жазушының — ой айтудың, уақиғаны жүрдек жеткізудің тәсілі болуымен бірге, ол — қалың оқырманның жиынтық бейнесі. Демек сіз хат жазып ашық әңгіме өрбітіп отырсыз. Бұл өте-мөте орынды ұрымтал форма» [126].

Әрине, А. Сейдімбековтің архивте жатқан бұл хатын зерттеу өзегіне айналдырсақ, Е. Бөкетов марқұмның ішкі жандуниесін немесе қаламгерлік құпиясын көпшілікке жариялау емес: «Алты хатты» оқыған кез келген зерделі оқырман оқымысты-химик Мәжит Нұрбаевтың өмірдегі Евней Бөкетов екендігін жазбай таниды. Пікір білдіруші А. Сейдімбековтің: «Шығарманың бүкіл — болмысында көркем шығармадан гөрі деректілік басым ғой» деуі де сондықтан. «Алты хат» сөз жоқ, Е. Бөкетовтің қаламгерлік шеберлігін танытатын бірегей дүние. Автордың ішкі толғаныстары мен тебіреністері терең психологиялық мәнерде шынайы суреттелген. Барлық публицистикалық шығармаларына тән: адамгершілік, этика, мораль мәселелері бұл хикаятта барынша ашылып, публицистің рухани әлеміндегі бар асыл қасиеттері жарқырай көрінген.

Шығарма белгілі бір уақыт кезеңіндегі шындықты шынайы сипаттауымен құнды. Қаламгердің бұл шығармада хат формасын таңдауы, оқырманмен етене-жақын сырласуға, бар шындықты боямасыз айтуға қолайлы да қарапайым жол ашқан.

А. Сейдімбековтің хатындағы орынды пікір, ескерулерді оқи отырып, «Алты хатты» өзі ұстанған формада қалдыруы Е. Бөкетовтің азаматтық адамгершілік этиканы аттап кеткісі келмегені-ау деп ұққан жөн. Өйткені «Алты хатта» кейіпкердің ішкі толғанысы, өмірге деген өзіндік көзқарасы барынша кең, терең жазылған. Егер автор сол толғаныс, көзқарастарын өз атынан баяндаса, бәлкім «Алты хат» көтерген замана толғанысы сәл де болса, кемшіндеу шығарма еді. Олай дейтініміз, публицистикалық шығармаларында үнемі, сабырлы, салмақты, өз пікірін айтпас бұрын ұлылардың ұлағатты уәжіне жүгініп сөйлейтін Е. Бөкетовке көлемді шығармадағы ішкі толғаныстың «еркіндігі» сәл артықтау көрінуі мүмкін.

«Алты хат» хикаятының бір ерекшелігі ой желісінің жинақылығы, тілінің мәдениеттілігі дер едік. «Әрине, сөз өнері оның ішінде жазушылық өнер — өнер атаулының ең қиыны мен

күрделісі. Ол көсіліп жазуды, көтеріңкі сөйлеуді, еркіндікті қажет етеді. Әр жазушының өзіндік үні, ойы, образ жасау ерекшелігі, тілдік амал-тәсілдерді қолдану шеберлігі бар» [127, 93]. Е. Бөкетовтің «Алты хатындағы», «Ардақты жазушы інім» сөзі автордың тізгін тартар, тоқтам сөзіне айналған. Ой желісінен қара үзбеу үшін қолданған авторлық әдіс-амал.

Қазақ ғалымы Мәжит Нұрбаевтың өмірі мен ғылым жолындағы ізденістері, жетістіктері, бастан кешкен қиыншылықтарын тартымды тілмен баяндай отырып, автор ғалымның ішкі толғанысы арқылы замана болмысына деген азаматтық көзқарасын баяндайды. Бір сөзбен айтқанда Нұрбаев бейнесі арқылы уақыт шындығын көреміз. Бұл хикаят Кеңестік Одақ деп аталатын алып елдің, бодандығындағы Қазақстан ғылымының өсіп-өркендеуі мен белгілі бір кезеңдік ғұмырын сипаттайтын шығарма. Е. Бөкетов публицистикасын зерттеуші ретінде бір аңғарғанымыз, «Алты хат» автордың қаламынан туған барлық публицистикалық туындыларының типтік (жиынтық) болмысын танытатын еңбек.

Әрине, мұны тек Е. Бөкетов публицистикасын толық зерделеген оқырман ғана пайымдары анық. Хикаят соңындағы профессор Нұрбаев-Бөкетовтің сөзі де бұл ойымызды қуаттайды: «Осыдан бірнеше жыл бұрын ағаңыздың Данте жасына келгендігі аталып өтті. Менің ғылыми жетістіктерімді тым-ақ артық бағалаған жиналыс болды. Сол жиналыстан қартая бастаған оқымыстыны, әсіресе талай атақтарға ие болған ғалымды тек мақтау, мадақтау арқылы қозғап, жұмыс істетуге болатын шығар деп отырдым. Осы ойымды сол жерде айттым да. Сондықтан да профессор Нұрбаевтың ғылыми жетістіктері көтеріңкілеу әңгіме болатын болса, нені жете істей алмадым екен, нені жіті ойлай алмадым екен, нені жетілте алмадым екен деп қобалжи бастаймын. Осылай ойланып қобалжудың өзі, ардақты жазушы інім, тіршілік өмір деп аталатын шығар» [128, 172].

Автор хикаят нүктесін осындай философиялық оймен аяқтайды. Ойланып, қобалжи білген адамның текке өмір сүрмейтінін меңзейді. «Публицистиканың негізгі күші — көркемдігінде емес терең де салмақты ойында», [129, 37] – деген В.Г. Белинский сөзі осындайда еріксіз ойға оралады.

Әрине, «Жарқырай берген сайын жауың көбейеді» демекші, бұл «Алты хаттың» жолы ауыр болды. Бұл туралы Ғ. Құлқыбаев өз естелігінде былай деп жазған: «Евекеңнің «Алты хат» романының «Простор» журналына «Жарқын тағдырдың сырлы сәті» деген атпен жарияланған кезі бір естен кетпес, өкінішті кезі еді. Академиктің жарқырай ашылып, жалындай лапылдап келе жатқан әдеби таланты іші тар көрсоқырлардың қызғанышын өрттей лаулата бастаған болатын. «Хлестаковпен бірігіп жазған» деген атпен «Ленинская смена» газетінде жарияланған Роцин деген бір міскіннің пасквиль мақаласы көпшіліктің әлі есінде болса керек. Сталиндік заманның ең қарау кездерін еске салатын бұл мақаласымақ, әрине, академик Е. Бөкетовтің жарты өмірін жерге жастандырғаны анық. Осы мақала шыққан соң Евекеңнің қандай күйзеліс толғаныстарға душар болғанын айтып жату артық та шығар. Дегенмен де, жаралы жаны ауырып, жүрегі сыздаған кездерде өзінің жақын көрер достары мен іні шәкірттері алдында Абай өлеңдерін жатқа дауыстай оқығанды әдет етер еді.

“... Жаны жақсы адамды қаптырам деп,  
Өркім бір ит ұстап жүр ырылдатып”» [5, 164-165].

Ғ. Құлқыбаевтың бұл естелігін зерттеу барысында келтіре кетуді жөн көргеніміз, публицист-ғалым Е. Бөкетов өмірінің азапты сәттерінің де бет-пердесін көрсете кетуді жөн санадық. Өйткені, адам тағдыры оның қоғамдағы көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Әсіресе творчество адамы үшін рухани күйзелістің орны ерекше. Бірақ Е. Бөкетов өзінің қайсарлығы мен төзімділігін таныта білді. Шығармашылық жолында бағыт берер жарық жұлдызы болған Абай рухы Е. Бөкетовті жігерлендіре білді. Сол жігер, сол қуат публицистикалық шығармаларына нәр беріп, өзінің өміршендік қасиетін сақтап қалды. Е. Бөкетов өзінің саналы ғұмырында баспасөз органдармен үнемі творчестволық байланысын үзген жоқ. 1971 жылы қаламгерлік қызметі үшін КСРО Жазушылар Одағына мүше болып қабылданды. Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы (Химия сериясы бойынша) (1969-1971 жылдар), «Минералды шикізатты жинақы пайдалану» (1978-1983 жылдар) атты ғылыми журналдың, «Совет

жазушысы» баспасының «Белгісіздікке жолдар» жинағының (1978-1983 жылдар) редакциялық алқаларының мүшесі болды. Сондай-ақ, республикамызда шығатын газет-журналдардың барлығына мақала-очерктерін жариялап, белсенді автор, әрі тұрақты оқырман ретінде өзін танытып жүрді. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналының ең алғашқы редакциялық алқасының мүшесі, әрі белсенді авторы және жанашыры болған. Жазушы Медеу Сәрсекеев өз естелігінде: «1957-1958 оқу жылында Кен-металлургия институтында «За инженерные кадры» деген атпен көп тиражды газет шыға бастады. Оның тұңғыш редакторы болып партбюроның шешімі бойынша Е.А. Бөкетов тағайындалғанды» деп жазады [5, 62].

Бұл деректерді келтіріп отырғандағы мақсатымыз, ғалым-публицист Е. Бөкетовтің журналистика мамандығына деген бейімділігі мен ынтасын көрсету. Медеу Сәрсекеевтің естелігінде Е. Бөкетовтің көп тиражды газет шығарудағы редакторлық шеберлігі мен істі ұйымдастырудағы қабілеті жан-жақты жазылған. «Қысқасы газеттің төртінші беті де институттың қазақ жастары іздеп жүріп оқитын жағдайға келді. Бір ғажабы, Евней Арыстанұлы бұл мәселеде менің қолымды қаққан жоқ. Беттің макетін жасап, бар материалды тазалап көшіріп алдына қойғанда мұқият қарап, қайсы бірін түзетіп шығады да, «Бопты», немесе «Енді бүлдіреміз» дейді де, бетті баспаханаға жөнелтеді. Осы күні ойласам, ол кісі жастарға көп шаруада еркіндік берген, демек сенген» [5, 64].

Әрине, Е. Бөкетов өмірнамасындағы бұл — дерек, естеліктер оның публицистикалық шығармаларының жанрлық, формалық нұсқаларына белгілі бір дәрежеде әсер еткендігін көрсетеді. Евней В. Маяковскийдің «Хорошо» поэмасын аударып «Жақсы» деген атпен «Лениншіл жас» газетіне жібереді. Кейін газет поэмаға үлкен алғы сөз жазып тақырыбын клишелеп, үш номерге береді. Тек Евнейдің «Жақсы» деп аударған тақырыбын «Керемет» деп өзгертіпті. Бұл жөнінде Евней: «Керемет» деп айқайлатып тақырып қоюды мен де білдім. Бірақ, поэманың рухы, бар болмысы, Маяковскийдің үлкен өзгерістерді қарапайым мысалдармен келтіруі «Хорошо»ны «Жақсы» деп аударуды қажет етеді. «Лениншіл жас» Аян Нысаналин жас жігіт болу керек. Оның үстіне ақын

көрінеді, сондықтан ондай-ондай бола береді, – деп риясыз кеңкілдеп күлген екен [5, 127].

Осының өзі баспасөзге, ондағы редакциялық ахуалға деген Е. Бөкетов түсінігінің тазалығын танытып тұрғандай. Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінде Е. Бөкетовтің ауыл-село тілшілерінің облыстық кеңесінде жасаған баяндамасы сақталған (ГАКО. Ф. 1484. Оп. 1. Д. 41. Лл. 68-73).

Онда жұмысшы тілшілердің тарихта алар орнының есте қалар ерен екендігі жөнінде тамаша мысалдар келтіре отырып сөйлейді. Әсіресе, от-жалынға оранған сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы, ауыл-село тілшілерінің патриотизмге толы мақала-эсселерінің ел еңсесін көтерудегі рухани ықпалының орасан зор болғанын, бүгінгі ұрпақ ұмытпайтындығын, сондықтан да сол аға буын толқынның шығармашылық жолын жалғастырушы жұмысшы тілшілердің бүгінгі таңдағы міндеттерінің қомақты екендігіне тоқталады. «Разно образятся наши интересы, и наши газеты, наше телевидение, наше радио должны в какой-то степени обгонять нас, опережать наши интересы, предугадывать наши желания, словом, говоря словами поэта, наши журналисты должны постоянно:

«...стремиться в завтра, вперед,  
Чтоб брюки трещали в тягу» [130].

Тағы бір ойланарлық сөзі: «Маған жергілікті журналистер жиі келеді. Очеркке лайықты адамыңыз бар ма деп сұрайды. Мені таң қалдырғаны сол, жақсы адамды журналистер мен сияқты басшы адамдардан сұрамай, өздері неге таппайды. Әрине, қазіргі журналистер лауазымды, мансапты адамдарды жағалайды деген ойда екен деменіздер, мені алаңдататыны, журналистердің қарапайым еңбек адамдарынан қара үзіп кетпеуі» [130].

Талап қоя білудің өзіндік тәсілі бар. Е. Бөкетовтің ауыл-село тілшілеріне жасаған бұл баяндамасының да көтеріп тұрған проблемалық маңызы сол уақыттың ғана емес, қазіргі кезеңнің де көкейкестілігін көрсетіп тұр деп айтуға негіз бар.

Қоғамдық проблема қайталанған сайын, сол кездегі айтылған уәжді пікірдің де қуат алып өміршең болып отыратындығы заңды құбылыс.

Жазушы інісіне жазған үшінші хатында («Алты хат». — Қ.А.) Е. Бөкетов өзінің қаламгерлік қасиетінің кейбір қырларын былайша ашады: «Мені бұл арада, жазушы інім, дұрыс түсініңіз. Өзімнің өткендегі өмірімді еске түсіргенде, соларға сіздерше бір ерекше көркемдік беріп, еске түсіргім келіп отырған жоқ. Мен ондай ойдан аулақпын. Тек өз өмірімдегі кейбір болмашы оқиғалар үлкен орын алып, оның орнына ықпалы мол болған оқиғалар мен адамдар мүлдем аталмай, не аз орын алып қалмасын деген ойым ғой» [131, 147]. Е. Бөкетовтің осы бір ішкі толғанысы ғалымның, жазушының мақсаты мен өмірлік көзқарасын көрсетіп тұрғандай. Біз Е. Бөкетовті публицист ретінде танып, осы саланың бірегей талантты қаламгері деп бағалауымызға да ғалымның осы бір сөздері алғышарт болып табылған еді.

Е. Бөкетов кәсіби публицист болғанымен, кез келген журналист-жазушыдан жазу шеберлігі кемшін емес. Өзінің жан дүние толғанысын, өткен өмір жолын, қоғамдық көзқарасын, пайым-парасатын танытатын «Алты хат» деректі хикаяты қазақ әдебиетіндегі болмысы бөлек дүниелер қатарына жатады. Бұл хикаяттағы ой-өрімдер бірін-бірі қуалаған теңіз толқынындай баяу тербеліп, әсем тілмен келісті өрнек тауып, оқырманды өз иіріміне шым-шымдап тартып отырады. Әдебиет тарихында мемуарлық роман, хикаят, естелік жазу бұрыннан қалыптасқан дәстүр. Әсіресе, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі тұста көптеген аға буын ақын-жазушыларымыз әдебиеттің осы жанрына ден қойғыш болып алды. Әрине, олардың атын атап, түсін түстеп жату мақсат емес. Бұл жердегі біздің айтпағымыз — әдебиет дейтін киелі ұғым аясындағы эстетика мәселесінің ұмыт болып бара жатқандығы. Шындықты айту ұлы мұрат екені рас. Бірақ сол «шындықтың» кейінгі ұрпаққа берер тәлімі қарабайырлау болса, ұтпағымыз қайсы?! «Өз өмірімдегі кейбір болмашы оқиғалар үлкен орын алып, оның орнына ықпалы мол болған оқиғалар мен адамдар мүлдем аталмай, не аз орын алып қалмасын деген ойым ғой» деген Е. Бөкетов парасаты осындайда еске түседі.

Еңбекшілер қауымын туған Отанына шынайы берілгендік рухында тәрбиелеудегі көркем әдебиеттің рөлі мен маңызына баса назар аударып, зерттеген филология ғылымының докторы

Әбділхамит Нарымбетов: «Көркем әдебиеттің басты объектісі адам екені ежелден мәлім. Қай жанрдағы, қандай шығарма болмасын, оның жырлайтыны, бейнелейтіні адам өмірі, адамдардың қарым-қатынасы, сол жекелеген адам өмірін суреттеу арқылы ақын-жазушының бүкіл қоғам өмірінің шындығын ашуға тырысатынын білеміз», [132, 123] – дейді.

Ә. Нарымбетовтің бұл ғылыми тұжырымы Е. Бөкетов шығармаларында былайша өрнек табады: «Өмірде, тіршілікте өз орныңды табу үшін әрбір адамның өз мамандығы болуға тиісті, яки ол өмір оркестрінде бір өзіне лайықты аспапқа ие болуы қажет. Қазіргі ғылыми-техникалық революция дәуірінде ғылым мен білімнің, өнер мен техниканың өзі сансыз салаларға бөліне тұңғыық тереңдікке ұмтылған кезеңде әрбір адам тиісті мамандық алса ғана, сол мамандықта жемісті қызмет істей алса ғана, қоғамға пайда келтіре алатыны ақиқат жай» [132, 127].

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан» деген Абай қағидасын Е. Бөкетов осылай жаңғыртады. «Әрбір азаматтың өз мамандығы болуы қоғам, үшін азаматтың өз қара басы үшін қажет нәрсе. Адамның қоғамдағы рөлін тек еңбекпен және өзінің табиғи болмыс, зерде-қабілетіне лайық маман иесі болуымен бағалайтынын Е. Бөкетов өз шығармаларында жиі келтіреді. Және жай келтіріп қоймай оны үнемі адамгершілік, ар-ұждан, мәдениет биігімен астастыра қарайды. «А.В. Луначарскийдің айтқанын аңғарсақ, білімді, мәдениетті адам жалпы адам баласының мәдениет байлығына өз үлесін қосуымен қатар, тіршілік оркестрінің гармониясын түгелдей түсініп, ұғынуға тырысуы қажет. Қысқасы, жақсы инженер, жақсы техник, жақсы дәрігер өз мамандығына қанша машық болғанымен, Пушкин мен Абайды оқымаған болса, Моцарт пен Чайковскийдің, Құрманғазы мен Мұқан Төлеубаевтың әуендеріне құлағы жабық болса, білімнің басқа тарауларындағы көпшілік ұғатын қағидалардан алшақ болса, ондай адам мәдениетті, білімді адамның қатарына жатпайтын сияқты» [133, 3].

Е. Бөкетов публицистикасының қайнар көзі ізгілік пен адамгершілік, парасат пен білім, ар-ұждан тазалығы болып табылады. Біз осы аталған ұлы қасиеттер нышанын қаламгердің барлық шығармашылық мұрасынан молынан ұшыраттық.

Әрине, жалаң ой, құрғақ қағида түрінде емес, ғибратқа толы даналық ойлар мен ұлы адамдардың ұлағатты сөздерін қайта-қайта еске түсіре отырып, шебер тілмен жазылған, шешен тұжырымдарға куә болдық. Бұл жағдай Е. Бөкетов қаламынан туған әдебиет пен өнер, табиғат-экология, жастар тәрбиесі, ғылым мен техника, жекелеген тұлғалар туралы ой-толғам, эссе-очерктерінің бәрінде де айқын байқалады.

Е. Бөкетов публицистикасының өзіне тән бірегей ерекшелігінің өзі біз келтірген осы мәселеден бастау алады. Кез келген шығармасында ғылым мен әдебиеттің, өнердің туыстығы жайлы жиі сөз қозғайтын Е. Бөкетов өзінің саналы ғұмырында осыны ісімен дәлелдеп кеткен қаламгер.

Кезінде жазушы О. Бөкеевпен арада болған «Ғылым мен әдебиеттің творчестволық туыстығы» туралы сұхбат-диалог та біздің ойымызды қуаттап тұрғандай: «Қазір психологиялық күрес майданы, яғни ғылым да, ғылымның иесі адам да анағұрлым күрделеніп, қиындап бара жатқан уақытта өмір сүрудеміз. Ендеше бастағы — мидағы екі ұдай талас-тартыс, ғылым адамының ішкі сарайындағы шым-шытырық ойлар көркем туындыда сәулеленсе ғана бүгінгі ғылыми-техникалық революция заманына лайық образдарды жасай аламыз. Әрине, ол үшін ең әуелі қабілет, содан соң талмайтын ізденіс және творчестволық климат керек» [134, 126].

Орыстың белгілі сыншы-публицисі Михаил Пенкин «Искусство и наука» (Москва, 1982) зерттеу кітабында: «Михаил Пришвин пришёл в литературу из науки. Всю жизнь он искал сочетания методов художественного и научного — поэзии образов и поэзии понятий. Агроном, этнограф, географ, став художником слова, говорил: “Нужно посмотреть на вещь своими глазами и как будто встретиться с нею первый раз; пробил свою скорлупу интеллекта и просунул свой носик в мир. Это знает художник, и первого глаза” писал Пришвин лежит в природе человека, и оно соединяет природу человека и природу мира воедино» [135, 4].

Осылай дей тұрса да М. Пенкин өнер мен ғылым айырмашылығы туралы бірнеше кереғар пікірлерді келтіреді. Ең соңында данышпан Гетенің төмендегі сөзіне тоқтам жасайды: «Говорят, что между двумя противоположными мнениями

находится Истина. Ни в коем случае! Между ними лежит проблема» [135, 35].

Гетенің бұл тұжырымы Е. Бөкетов пайымдауында бірнеше рет айтылады. Және нақты, батыл, сенімді түрде айтылады.

«Біздің қоғам шын мәнінде көп оқып, көп ізденіп, кеңінен толғап, қай жағдайда болса да кездескен адаммен қызғылықты пікір алысуға дайын тұратын адамдарды тәрбиелеп өсіруге жағдай жасап отыр. Бір қуанатын нәрсе — халқымыз арасында академиктерден бастап мал бағатын шопандарға дейін, мұндай адамдар көбеюде. Мұндай адамдар өз мамандығында жемісті қызмет істеумен қатар, космосқа ұшу, Маяковский мен Сейфуллин поэзиясын ұғыну, қазақ музыкасындағы симфониялық бағыттардың даму жағдайларын әңгіме ете алады. Мұндай адамдар не тым-тырыс үндемей, не өзі әбден жетік өз мамандығының ғана мүдделерін қайта-қайта әңгіме етіп, жанындағы адамды ығыр қылмайды. Мұндай адам әрі сүйсіне, әрі сүйсіндіре әңгімелеседі, жанындағы адамға рухани сабақтас, дидактас бола кетеді. Осы себепті Шоқан Уәлихановтың дидактас достарының ішінде халқымыздың байырғы адамдарынан бастап, бір жағынан ұлы жазушы Ф. Достоевский болса, екінші жағынан ұлы химик Д. Менделеев болған, осы себепті асқан геолог-ғалым Қаныш Сәтбаев әрі домбырашы, әнші, әрі тарихшы, әрі әдебиетші, өнер-білімнің қай саласынан болса да сезімі жүйрік болған» [136, 3].

Ғылым мен өнер туралы осылай толғанған Е. Бөкетов енді бір сөзінде мынадай мысал келтіреді: «Белгілі жаратылыстанушы ұлы ғалым Чарльз Дарвин жетпістен аса бастаған шағында өзінің бір жолдасына: “Көркем кітап оқуға әуестігім азайып бара жатыр, сондықтан осының өзі менің жан дүниеме келген жамандықтың белгісі ме деп қорқам” деп жазған екен», – дейді [136, 3].

Ғылым мен өнерді бөле-жара қарамаған, бірінсіз бірі жартыкеш дүние деп сезінген Е. Бөкетов бұл тұрғысында өзіндік пікірден еш ауытқымаған. Публицистикалық мұраларының өн бойында осы пікірі үнемі көрініс беріп, айшықты орын алып отырған. Әсіресе, жастар мәселесіне арналған мақалаларында осы мәселе проблемалық деңгейде, жиі қолданылады. «Арманшыл болғанға не жетсін» атты мақаласында студент

жастарға былай дейді: «Шын дарынның өзі тек бір қырлы болмайды, өнер мен білімнің бір саласын мықты игерген адам, керек болса, екінші саласын да кем игермейді. Осыған орай сіздердің ескеретін бір жайларыңыз бар, өз мамандықтарыңызды, өнер мен білімнің басқа салаларынан бейхабар бола тұра жетіле игереміз десеңіздер, қателесесіздер. Өз мамандықтарыңызды шамасынша терең, мұқият, тиянақты игерулеріңіз, әрине қажет. Бірақ өнер мен білімнің басқа салаларынан да оқып ізденіп, білгендерді тыңдап, шама келгенше әмбасынан хабардар болу керек. Тек білім шеңбері шынайы кең адам ғана мәдениетті адам қатарына жатпақ та, парасаттылық пен шарапаттылық сондай адамнан шықпақ» [137].

«Қазақстан күрделі индустрия ордасына айналғалы қашан. Өндірістің, ғылыми-техникалық революцияның әлемдік алып проблемалары — туған еліміздің де тынысын, бүгінгі даму деңгейін танытарлық ортақ мәселелер. Кемелденген социализм әдебиеті, социалистік тұрмыс салтымыз, ғылыми-техникалық революция. Бұлар дәуірлік проблемалар. Таза техникалық қырларын былай қойғанда, мұның бәрі жеке адам мен қоғамның ара қатынасы арқылы ғана көркемдік биік деңгейде шешілмек» [138, 5].

Өткен ғасырдың 80-ші жылдары әдебиет сыншылары қоғамдық ахуал болмысын осылай зерделеп, әдебиетке жоғарыдағыдай талаппен қарағаны белгілі. Өндіріс, өнеркәсіп, ғылыми-техникалық прогресс. Е. Бөкетов публицистикасының негізгі арқаулары еді. Өндіріске жаңа, тиімді технология енгізу Е. Бөкетовтің ғылым жолындағы ізденістерінің жемісі болатын. Яғни, өндіріс пен ғылыми-техникалық прогресс арасындағы қарым-қатынас, оның былайғы жұрт біле бермейтін қыр-сыры ғалымға етене таныс еді. Сондықтан публицист Е. Бөкетовке бұл тақырып әрі таныс, әрі қызықты болатын. Бұл салада ол көптеген проблемалық зерттеу мақалалар жазғанын зерттеу барысында айттық. Біздің ендігі айтпағымыз — осы аталмыш мәселелердің қай-қайсында болмасын шығарма түйінінің тоқетер шешімі үнемі қоғам, уақыт бірлігімен үндесіп жатқандығы.

Публицистің «Алып адым», «Қара металлургия алыбы», т.б. сияқты көптеген проблемалық мақалаларының негізгі факторы — адам. Бұл жөнінде: «Шын мәніндегі цивилизацияның өзі тек адамзаттың темірді игеріп, өз пайдасына жаратуына байланысты» [139, 139]. Немесе, «Өйткені, Алексей Максимович Горкий айтқандай: «Химия ғажайыптар қоймасы, адамзаттың бақыты осы химияда, адам өз ұшқыр ойының асқақ жетістіктерін дәл осы химия саласынан таппақ» [140]. Осы сияқты сөздерді Е. Бөкетовтің өндіріс, өнеркәсіп салаларына арналған мақалаларынан көптеп кездестіруге болады. «Табиғат — тіршілік көзі» атты мақаласында «...Өмірге адам келді. Ол өндірістік күшті іске қосты. Сөйтіп, кәдуілгі садақ пайда болды. Оның жебесі желмен жарысып, аңды да, құсты да іліп түсті. Бірақ күн сайын өрбіп, өсіп жатқан алғашқы қоғам үшін аңшылық кәсіп тым тарын еді. Олар жер мен көктегі аң мен құсты қолға үйретті. Сөйтіп, тұңғыш рет мал шаруашылығы пайда болды», [141] – дей келіп, қоғам дамуындағы адамзат рөлінің шарықтау шегін ғылыми тұрғыда өрбітеді: «Ғылыми-техникалық революцияға байланысты, әсіресе, соңғы 25-30 жылдың ішінде дүние жүзі елдерінің барлығында да өндірістік күштер жедел дамып, ірі өнеркәсіп қаулап өсуде. Ғылыми-техникалық прогресс адамның планета байлығын игеруін бұған дейін болмаған көлемге жеткізді. Адамның жер экосферасына, биосферасына, литосферасына, атмосферасына әсерін жедел арттырып, жердің космосферасын игеруіне жеткізді» [141] дейді. Бір сөзбен айтқанда, жер бетінде гомасапиенс (саналы адам) пайда бола бастағаннан бергі қоғамдық дамудың барлық тетіктері сол адам ақыл-ойы арқылы іске асты, демек оны экологиялық апаттан сақтап қалу да сол адамдардың өз қолында: «Қорыта айтқанда, табиғат-ананы қорғау – әр адамның және барша қоғамның төл ісі» [141] деп ой түйіндейді. Е. Бөкетов публицистикалық шығармаларының негізгі арқауы Адам, Қоғам, Уақыт төңірегінде болатыны да сондықтан.

Қазақ әдебиетінің ардагер сыншысы М. Қаратаев: «Адам — өнердің объектісі, зерттейтін заты, мақсаты. Ал шығарманың күші адамның бейнесі, оның ішкі-сыртқы дүниесі қаншалықты айқын да нанымды көрсетілетіндігімен, оның мінезі, оның

қоғамдағы орны мен рөлі, басқа адамдармен қарым-қатынасы каншалықты шынайы да терең бейнеленгендігімен өлшенеді», [142, 37] – дейді.

Е. Бөкетов шығармаларындағы көлемі жағынан екшеп алар қомақтысы қазақ халқының ұлы перзенттері Ш. Уәлиханов пен Қ. Сәтбаев өміріне арналған деректі көркем хикаяттары. Бұл екі тұлға да Е. Бөкетовке дейін біршама зерттеліп, қоғамда лайықты орнын алып, суреттелген болатын. Бұл кісілер туралы ғылыми зерттеулерден бастап, көркем туындыларда жазылған. Е. Бөкетов осы мәселені қозғағанда жанашыр жазушы әріптестері: «Қалай болар екен?» деген күдікті ойларын жасырмағаны да рас. Бірақ Е. Бөкетов пайымындағы Шоқан мен Қаныш образы өзіне тән сонылығымен оқырман ілтипатына бөленді. Қаныш Сәтбаев туралы еңбек жазу Бөкетовке де оңай болған жоқ. Көп толғанды. Бұл туралы автордың өзі «Ардақты шешеміз Таисия Алексеевна!» атты мақаласында былай дейді:

«Оқушыны жеңіл қызықтыру жолын қуып, беллетеристикалық әдістерді артық қолданудың қауіптерін мен жоғарыда айтып өттім. Бірақ та үлкен адамның өмірінің кейбір құбылыстарын көркемдік тұрғыдан толғап өтпесе де болмайтын шығар, өйткені, оқырманның көз алдына адамның тірі тұлғасын беруге тырысу керек қой, бұл үшін, әрине, ең алдымен адамның ісі мен әрекетін өз ортасынан, өз байланысынан, қарым-қатынасынан үзбей, сол іс-әрекеттерге тән диалектиканы сақтай отырып жаза білу қажет. Өмірбаянды (әсіресе, өмірді ерекше сезіне білген Қанекен сияқты адамның өмірбаянын жазғанда) мейлінше тартымды етіп жазған тәуір болар еді ғой» [143, 63].

Е. Бөкетовтің «Шоқанның әулие ісі» атты эссесінің жазылуы жайлы да деректі материалдармен таныстық. «Святое дело Чокана» деген атпен орыс тілінде жазылған бұл эссе туралы жазушы Медеу Сәрсекеев өз естелігінде былай деп жазады: «Көлемі 146 бет, машинкаға тазалап басылған орысша қолжазбаны мен сол түнде-ақ бастап, келесі күні түске дейін отырып, бір сөзбен айтқанда, бас алмай оқып шықтым. Тегінде, бұл ұлы ғалымның өлмес шығармаларынан сусындап, рухани ләззат алуға көңілім қалағанда, иә әлденеден қатты шаршағанда тыныстау үшін қолданатын амалым. Оның үстіне ол туралы жазылған Сергей Марковтың, өзіміздің Сәбит Мұқановтың,

Әлкей Марғұланның еңбектерімен де таныстым. Рас, бұл И. Стрелкованың ЖЗЛ сериясында шыққан тамаша кітабы әлі жариялана қоймаған уақ. Демек мен Ебіней Арыстанұлының эссесін оқуға алғанда, Шоқан жайында азды-көпті мағлұматы бар, әмбе оның негізгі еңбектерімен де біршама таныс оқырман болатынмын. Жасыратыны жоқ, қолжазбаны қолыма ала тұрып, “Апырау, зерттеушілермен жарысқа түскенде нендей абырой-бедел алады?”, – дегендей күпір ойдан да құралақан емес едім» [143, 63] деп жазады.

Кейіннен Евней Арыстанұлына жолыққан М. Сәрсекеев:

– Әуелі бір сұраққа жауап беріңізші, Ебеке. Бұл эссеге материалды қайдан алдыңыз? Шоқанның бес томдығы менің де сүйіп оқитын кітаптарым.

– О, бауырым, өзің сұрап, жауапты да өзің қайтарып тұрсың. Шоқанды қайта тану үшін мен ескі архивтен ештеңе қазған жоқпын. Бәрін де сол өзің айтқан бес томдықтан сүзіп алдым.

– Апырау, не дейсіз? Әлденеше мәрте қайыра оқығанда мен неғып бұларды көрмегенмін.

– Оныңды білмеймін, бауырым. Бірақ, сен бір мәселеге илан. Әркімнің өз Шоқаны бар емес пе?.. [5, 98-99].

Бұл деректі диалогты келтіре кеткенді жөн көріп отырғанымыздың өзіндік себебі бар. Белгілі сыншы М. Қаратаев бір сөзінде: «Әдемілікке қызықпайтын, сүйсінбейтін адам жоқ. Бірақ осы қызығу мен сүйсінудің мөлшері бірдей емес. Әдемілікті түсініп, танып бағалаудың да дәрежесі әртүрлі. Мұның себебі тәрбиеде. Әдемілікті ұнататын табиғи сезім туа пайда болғанымен, жүре дамиды. Оның дамуы біреуде жоғары, біреуде төмен болуы адамның көркемдік мәдениетіне, көркем өнер туындыларын біліп, ұғынып, ләззат алып дағдылану тәжірибесіне байланысты» [144, 33], – дейді.

Асылы, Шоқан мен Қаныш өмірі Е. Бөкетовтің үлгі-өнеге алар, ойы мен бойын соларға қарап түзейтін, соларша өмір сүруді қалайтын асыл арманы болып қалыптасқан. Шоқан мен Қаныш әлемі тазалықтың, биік адамгершіліктің, талант пен парасаттың әдемі асқар шыңы іспеттес. Қос алыптың бойындағы осынау ізгі қасиеттер нышаны Е. Бөкетовтің өзінде де болды. Сондықтанда көптеген жазушы зерттеушілер көре бермейтін,

қос алыптың жұмбақ қасиеттерін Е. Бөкетовтің байқауы, оны жан-жүрегімен сезіне білуі ол жазған шығармалардың шырайын келтірді. Е. Бөкетовтің Шоқан туралы эссесінің қолжазбасын оқыған жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбеков: «Ал Сіз айтқан жаңалықтар, тың аңғарымдар, соны түсіндірулер баршылық. Дуровтың Шоқан туралы айтатын ойларын қандай нанымды шешкенсіз, аңғарғансыз! Князь Андрей мен Шоқанды салыстырған тұстарыңызға сүйсіндім. Гасфорттың аруағы бүткіл Deutsche тұқымынан гөрі Сізге разы болуы тиіс. Өйткені, осы бір аңғал да ақымақ сабаздың образын естен кетпейтіндей етіп сомдаған екенсіз. Бұған біраз күліп те алдым. Тіптен белгілі деректердің өзінен соны пайымдаулар жасап отырсыз. Сіздің бұл еңбегіңіздің қажеттілігі де, қасиеті де алдымен осында», [145] – деген пікір білдірген.

Ал Қаныш туралы Евней Арыстанұлы: «Менің бақытыма орай танысқан, жүрекпен табысқан адамдардың арасында мұндай жандар аз болған жоқ. Солардың ішінде тамаша ғалым, үлкен парасат иесі, әдебиетшілердің шынайы досы, жаны ақын адам марқұм Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың орны мен үшін бөлек. «Атан қомында туған адам» очерктер жинағының жазылуына осы өмірі ізгі жанның алдындағы шәкірттік парызымды орындау, абзал ағаға деген ыстық ілтипатымды білдіру, көрнекті ғалымның өнегесін көпке үлгі етіп ұсыну ниеті себеп болды» [146] деп жазады.

«Е. Бөкетов пайымдауында сомдалған Шоқан мен Қаныш образы, сөз жоқ, қазақ әдебиеті тарихы беттерінде тың тараулар қосатын сүбелі дүние. “Ақынды ақын түсінбесе сол қайғы” демекші бірегей таланттардың бір-бірін алыстан тани білуі, сондай-ақ жай ғана тану емес бір-бірінің көпшілік біле бермейтін жұмбақтау тұстарын дөп басып аша білуі, әдебиет үшін, жалпы қоғам үшін аса мәнді тарихи құндылық екендігін әр кезде де уақыт төреші көрсетіп келеді» [147, 8].

Белгілі сыншы, филология ғылымдарының докторы Рымғали Нұрғалиев «Әдеби дәстүр мен даму» атты монографиясында: «Үздік үлгілерден үйренуге құмарлық, адамзат дәстүрлеріне ден қою, туған топырақ байлығынан қол үзбеу — әлемдегі барша талантты қаламгерлерге ортақ қасиет. Ұлттық дария, әлемдік телегей теңіз — осы талағыстың

тоғысуынан қазақтың арналы қазынасы - көркем әдебиеті жасалады», [148, 8] – деп жазған еді.

Зерттеушінің бұл пікірін таза көркем әдебиетке арналып айтылған десек, қателескен болар едік. Шығармашылық дәстүрдің қай саласында қалам тербемесін бұл қағида барлық қаламгерлерге ортақ деп түсінген жөн. Е. Бөкетовтің публицистикалық мұраларын зерттей отырып, біз осыған көз жеткіздік. Түрлі газет-журналдардағы мақала-очерктерінен бастап, беделді ғылыми журналдар мен түрлі баспалардан жарық көрген зерттеу, эсселеріне шолу жасап қарасақ, Е. Бөкетов эрудициясының жан-жақтылығына еріксіз қайран қаламыз. Ұлттық деңгейде немесе ежелден етене араласқан орыс әдебиеті мен өнері, тарихы мен дәстүрі төңірегінде ғана қалмай, Е. Бөкетовтің әлем классиктерінің шаһар (шедевр) дүниелерінен мол сусындағаны оның шығармашылық мұрасынан анық байқалып тұрады. Мысалы, өнер, ғылым хақында қалам тербесе Абайды аузына ала отырып, Пушкин мен Маяковский, Лермонтов, Байрон, Блок, Шекспир, Мольер, Гольдони, Бальзак әлеміне саяхат жасай келіп, Шоқан, Қаныш, Мұхтар, Ғабит, Сәбит ауылдарына ат басын тірейді. «Кейінгі жылдары Д.С. Даниннің Резерфорд жөнінде жазған кітабы көптің көңілін аударуда. Жуықта «Наука и жизнь» журналында осы жазушы Бордың өмірбаянын жариялады. Одан бұрын Рут Мурдың «Нильс Бор — ғалым және адам» деген кітабын оқып шықсам да, Д.С. Даниннің жазғанын тағы қызыға оқыдым. Д.С. Даниннің жазуында адамды тартатын мына бір жағдайлар бар. Оның жазуында фактілер көп, оның әрбір фактіні психологиялық мінеземелік тұрғыдан талқылап, толғауы нақтылы, шынайы, көңілге, ойға қонымды» [149, 62]. Е. Бөкетов шығармаларынан мұндай көзқарас, авторлық пайымдауларды жиі ұшыратуға болады. Әлем классиктерінің шығармаларын сүйсіне оқып, оны көзі қарақты оқырман ретінде таразылап отыратын Е. Бөкетов қаперінен өзінің туған халқы, олардың игі дәстүрі, жақсылығы мен дарындылығы әсте шықпайды.

Туған халқына деген ықыласы, оның шығармасына ерекше әр беріп, шабыттандыра түседі: «Халқымның бақытына қарай ата-бабамның бетіне қарап танып, оның ашық, жарқын жүзінен адамгершілік парасатты, табиғи дарындылықты айырып,

бағалай білген достары да көп болды. Р. Карутц саяхатынан шамасы алпыс-жетпіс жыл бұрын қазақ даласын патшаның тұтқыны А. Янушкевич аралаған-ды. Бұл кісі менің ата-бабам туралы былай деп жазды», — деп ұлы мақтаныш сезіммен А. Янушкевичтің қазақтар туралы жазған сөздерін келтіреді [148, 78].

Е. Бөкетов шығармаларында қазақтың кемеңгер ақыны Абай туралы былайша пікір білдіреді: «Абай кемеңгер ақын еді. Ол басқа орта мен басқа бір жағдайларда туғанда Шекспир мен Гетеден кем белгілі болмас та еді, кем оқылмас та еді. Бірақ ол қараңғы, артта қалған көшпелі халықтың ұлы еді. Осы ортада бұл қуатты рух ақындық даналықтың асқақ шыңына көтеріле алды. Ол өз өлеңдерін оқыған сайын жаңа, соны ой туғызарлықтай етіп, жалпы адамзатқа тән, ішкі сыры тұңғыық ғақлия пікірлерін зергердің қолынан шыққандай мінсіз ұсына білді. Ол өз өлеңдеріне бұрын болмаған, естілмеген биік талап қойды, сондықтанда оның ақындық туындыларының әрбір жолында, шын мәнісінде, А.Н. Некрасов айтқандай: “Ой-пікірге орын көп, сөзге ғана орын аз болды”» [148, 102].

Әлем классиктерінің шығармаларын зерделеп, авторлары туралы өзіндік пікір айта білген Е. Бөкетов ұлт мақтанышы Абай, Шоқан, Қаныш, Мұхтарларды сол биіктен көрсете біледі. Болашақ ұрпақты қандай жолмен болса да, ұлылар ғибратынан өнеге, тәрбие алуға шақырады. Бұл публицист-ғалымның өмірдегі ізгі-мақсат, ой-арманы еді.

Сыншы Сағат Әшімбаев «Баянды бағыт басы» атты сын мақаласында рухани мәдениеттің өрісі туралы: «Рухани мәдениет қазынасына жататын асыл мұраның бірі әдебиет екені мәлім. Өйткені, әдебиеттің атқаратын эстетикалық, этикалық орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды. Тәрбиелік, тәлімдік һәм өмір танушылық мәнін былай қойғанда, халық мерейін қаншама көтеріп тастайды десеңізші! Сондықтанда әдебиетті өркендету бағытында жасалған игілікті шаралар халық мүддесін, оның нұрлы болашағын терең ойлаудан туғандығына күмәндануға болар ма екен?!» [149, 34].

Кез келген шығармаларында адам бойындағы рухани қасиеттер туралы толғана баяндайтын Е. Бөкетовтің де қаламгерлік қуаты ұрпақты тәлім-тәрбиеге баулу тұрғысына

жұмсалды. Бұл тұрғыда талантты қаламгерге ешқандай қоғам кедергі келтіре алмайды. Қоғамдық дамудың қай түрі болсын адамзат баласын прогрессивті бағытқа бастайды. Е. Бөкетов өмір сүрген кемелденген социализмнің де ұраны адам баласының бақытты болашағы еді. Сондықтанда ол уақыт өлшемі де адамдар бойындағы ізгі қасиеттер адалдық, адамгершілік, оқу-білімге құштарлық, Отанды, отбасын сүйуге, сыйлауға кедергі келтірген жоқ. Қазақ қаламгерлері шоғырында парасатты публицист ретінде танылған Е. Бөкетов те өз заманының шынайы суреткері саналатыны да сондықтан.

Е. Бөкетов шығармалары және аударма жөнінде жазған сын-зерттеу мақалалары туралы кезінде баспасөз беттері мен ғылыми зерттеулерде біраз айтылғаны белгілі. Е. Бөкетовтің «Көркем аударма, хал қалай?» атты мақаласы, автордың бұл салада жан-жақты хабардарлығын көрсетеді. «Көркем аударма — творчестволық қызметтің ең қиын салаларының бірі. Бұл қалыптасқан қағиданы дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ сияқты. Бүгіндері басқа бауырлас әдебиеттермен терезесі тең тұрған төл әдебиетіміз өзінің балаң кезінен бастап оған үлкен ықылас-ілттипат қойып отыр», [151, 24] – дейді автор аталмыш мақаласында.

Жалпы Е. Бөкетов аударған С. Есенин, В. Маяковский, Пушкин, Шекспир шығармаларының шедевр туындылары қазақ тілінде қалың оқырман жүрегіне жол тапқан дүниелер болып саналады. «Есениннің «Анна Снегина», «Письмо женщине», «Собака Качалова», Маяковскийдің «Хорошо», Пушкиннің «Полководец», Шекспирдің «Макбет», «Юлий Цезарь», Надсонның «Только утро любви хорошо» атты туындылардың Е. Бөкетов тәржімасындағы нұсқаларына қазақ әдебиетінің белгілі сыншылары жоғары баға береді» [147, 8].

Сыншы Рәбиға Сыздықова: «Е.А. Бөкетовтің тамаша аудармаларына берілген құнды пікірлерді оқып, жазушы-аудармашының әдебиет пен өнерге деген көзқарасы, әңгімелерінің деңгейіндегі парасаттылығын байқап, марқайып қаласың. Оның аударған шығармалары халқымыздың рухани қазынасына қосылатындығы даусыз» [5, 136].

Болгар жазушысы И. Вазовтың «Бұғауда» романын 1959 жылы, И. Василенконың «Артемка» повесін, Э. Золяның

әңгімелері мен мақалаларын 1956 жылы аударып жарыққа шығарған да Е.А. Бөкетов. С. Есениннің «Менің махаббатым» атты өлеңдері мен поэмалары 1978 жылы Е.А. Бөкетовтің аударуымен жарық көрді. Кітаптың алғы сөзін жазған академик-сыншы М. Қаратаевтың Е. Бөкетов аудармасына берген пікірін біз зерттеу барысында келтірген болатынбыз.

Осы жерде Е. Бөкетовтің аударма саласына ден қоюы, оны әдебиеттің күрделі саласына балай тұрып, оған талап қылуы, былайғы жұрттың қызығушылығын туғызды. Біздің айтпағымыз, аудармаға деген әуестік Е. Бөкетов бойына бала кезінен бастап пайда болған қасиет. Педагогикалық еңбектің ардагері, қарт ұстаз Қари Сенқібаев «Бәрімізге бауыр еді» атты естелігінде мынадай бір қызық дерек келтіреді: «Евней — көпшіл де, “артист” те болатын. Жаңылмасам, 7-8 кластарда оқып жүргенде болар, ол А.С.Пушкиннің «Тас мейман» атты шағын драмасының қазақша аудармасын өзі бас болып мектеп сахнасына шығарды. Драманы да өзі қойды, басты кейіпкерді де өзі ойнады. Осы күнге дейін ұмытпағанымға қарағанда, бұл қойылым әсерлі шыққан болар деп топшылаймын» [5, 140].

Е. Бөкетов ең алдымен аудармаға үлкен жауапкершілікпен қараған адам. Оған өзінің: «Аударманы көркем әдебиеттің дарын мен шеберлік тілейтін ауыр саласы деп түсінбеушілікте, оған көлденең көк атының кірісіп кетуінде деп ойлаймыз. Әрине, көркем дүниеге жеңіл кәсіп деп қараған аудармашыдан рухани қанат тілейтін шынайы шығарма туа қалуы екі талай», [151, 31] – деген сөздері дәлел болса керек. Аударма көкжиегін бетке алғанда Е. Бөкетов санасында орыстың атақты ақыны, әрі аудармашысы В.А. Жуковскийдің: «Прозаны аударушы — автордың құлы, поэзияны аударушы — автордың бәсекелесі» деген сөздері тұратын. Ол осы қағиданы ұстанды, сол жолда еңбегі де жеміссіз болған жоқ. Қарағандылық ғалымдар Ж.Қ. Смағұлов пен Ш.Ш. Жалмақанов: «Е.А. Бөкетов және көркем аударма мәселелері» атты ғылыми мақалаларында аудармашы, ақын В.А. Жуковскийдің біз келтірген пікірінің Е. Бөкетов ұғымындағы сипатын былайша өрбітеді: «Бұл сөздер, - деп нақтылайды Е.А. Бөкетов, — аудармашы ақынға зор сын, зор жауапкершілік алдында тұрғанын, ұлы ақынның асыл

казынасын басқа тілге аудару үшін аудармашының өзі шебер, талантты ақын болу керектігін дәлелдейді».

Көркем аудармада, оның ішінде поэзияда ұлы ақын шығармасын тәржімалағанда стиль мен ритмиканы, ой мен бейнені дәлме-дәл келтіруге ұмтылу қажеттігін басты мақсат тұту керектігіне баса көңіл аударған. Е.А. Бөкетов өз аудармаларында және ол туралы ой-көзқарастарында дәлме-дәл тәржімалауға басты мән берген. Дәлме-дәл тәржімаға жету үшін ақынның аударуға алған шығармасын ғана емес, бүкіл шығармашылық жолын, ақындық кредосын жан-жақты зерттеп, болмыс-бітімін түгелдей түсініп барып, кірісуді қалағанын аңғару қиын емес», – дейді [152, 47-59]. Мысалы: Шекспирдің «Макбеті» Бөкетов аудармасында өзінің поэзиялық бояуы мен ұлттық тұрпатын сақтай отырып, шебер аударылған. Б. Пастернак аударған орыс тіліндегі Дунканның: «Наш храбрый родыч! Чести образец!» деген сөздері Бөкетов аудармасында: «Қаны бір арысым, жіберсін бе, намысын!» деп тіптен әсерлі болып естіледі. Немесе үш мыстанның қосылып айтатын:

«Взявшись за руки, бегом  
В круговую в пляс пойдем.  
Замелькает хоровод,  
Из под ног земля уйдет.

Десять раз кругом, кругом  
Обежим и круг замкнем.

Круг заклят, и солво наше крепко!» [153, 544-545]

– деген өлең жолдары Е. Бөкетов тәржімасында қазақтың төл өлеңіндей тілге де, жүрекке де жылы тиіп, бірден оқырманын еліктіріп әкетеді.

«Қол ұстасып жөнелейік,

Дөңгеленіп би билейік.

Жер мен аспан көзден ғайып

Болғанынша зымырайық.

Тоғыз рет айналып кеп

Би шеңберін тұйықтайық!

Орта қарғысқа толсын!

Сөзіміз бекем болсын!» [154, 390].

«Аудармашы ақынның бәсекелесі болуы» керектігін Е. Бөкетовтің мақсат ететіні де осындай жолдарды аударуынан іздестірген жөн сияқты. Абай аудармаларындағы Пушкин мен Лермонтов поэзиясының қуатын да аудармашы талантының қарымынан қарастыратынымыз сондықтан. Белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы Ж.А. Жақыпов: «Қазіргі аударма теориясы аудармаға қатаң талап қояды. Ол “орысшаны қазақшалау, қазақшаны орысшалау” дейтіндей деңгейден әлдеқайда жоғары көтеріліп кеткен. Қазіргі аудармаға қойылатын талап — екі тілді қарым-қатынасты бір тілді қарым-қатынасқа барынша жақындату. Евней Арыстанұлы шығармашылығынан біз жарыспалы қостілдікті де, аудармаға қойылатын жаңа талап деңгейінде көре аламыз», [155, 42-46] – дейді.

Е. Бөкетовтің аудармаға деген көзқарасы, сондай-ақ батыл, шынайы пікір айта білетіндігі оқырман қауымға 1953 жылдардан бастап таныс бола бастады. 1953 жылдың 24- февральдағы «Ленинская смена» газетінде жарық көрген «О халтурном переводе и невзыскательных издателях» атты мақаласы сол кездегі аударманың көркемдік деңгейінің қандай дәрежеде екендігін әшкерелейтін өткір сын ретінде бағаланады. Бұдан кейін де Е. Бөкетов көркем аударма мәселелеріне үлкен көңіл бөліп, оны үнемі назарында ұстап жүрді. «Казахстанская правда» газетінің 1953 жылғы 29-март күнгі санында ұлы ақын В. Маяковскийдің қазақ тіліне аударылып басылып шыққан кітабының көркемдік мәселесіне арналған екі подвалдық үлкен мақала жарияланды. Авторы әлеуметке әлі таныла қоймаған Евней Бөкетов еді. Біз бұл туралы М. Әлімбаев естелігінде айтқан болатынбыз. Ондағы: «Мақала авторы болса аудармашыларды шетінен қирата сынапты. Ешкімнің Алатаудай атағына, биік беделіне қарамай, бетің бар, жүзің бар деместен сілкілеген екен. Және сынауы сындарлы, дәлелді, пікірі орнықты сияқты», [156, 39] – деген Мұзафар Әлімбаев сөзі Бөкетов мақаласының мәніне берілген орынды пікір болып саналады.

Көркем аударма жөнінде жазған «Повести Гоголя на казахском языке», «О переводах на казахский язык произведений В.В.Маяковского», «О халтурном переводе и

невзыскательных издателях», «Көркем аударма, хал қалай?», т.б. сын-пікір мақалалары өз уақытындағы әдебиет өмірінің кескін-келбетін, даму, өркендеу жолдарын баяндайтын дүниелер қатарына жатады.

Көркем аударма мәселесі әдебиетімізде әлі күнге дейін үлкен проблема болып отыр. Сондықтанда Е. Бөкетов оған үлкен жауапкершілікпен қарауды міндеттейді. Мысалы, «Совет елінің өнерінің үлкен өкілі — Э. Межелайтис лирико-философиялық ойдың ақыны. Өлемде өтіп жатқан қоғамдық оқиғаларға тынбай үн қосып, дара даусын танытып келе жатқан күрделі құбылыс, кең танымал суреткер. Оның туындыларын жеңіл-желпі, жүрдім-бардым қазақшалауға болмайды. Өкінішке орай, ол біздің аудармамызда әлі күнге дейін ойдағыдай шықпай келеді. Жасампаз адамға арналған гимн іспеттес атақты «Адам» деген өлеңін алайық», – [157, 29] деп, сондағы өлең жолдарының аудармаларын келтіре отырып, Е. Бөкетов былай деп жазады: «Э. Межелайтис жырларының рухы, арқалылығы қазақшасында өшіп, тым қарабайырланып кеткен. Бос белбеу, жырдың көркемдік құнын кемітетін арзан сөздер көбейген. Еш уақытта Литва ақыны:

«Егіз шырғадан сияқты  
Планеталарды жайнатшы» (*Түпнұсқада – К.А.*)

Так стою, меж двумя Шарами –  
солнечным и земным [147, 8]

– деген болар еді. Ол жер мен көкті тіреген адам құдіретін жыр етеді. Және, ол «ми қыртысы», мидың алуан байлығы жердің кең қабатынан аумағанды айтпаған, керісінше «Кен қазба байлығы секілді ми қабаттары терең, бай» дегенге сілтеп тұр емес пе айдан-анық?» [157, 29] – дейді.

Бұл Е. Бөкетовтің көркем аудармада жіберілген кемшілікті келтірген бір ғана мысалы. «Көркем аударма, хал қалай?» атты сын-мақаласында осы сияқты көптеген көкейкесті мәселелерді сөз етеді.

Е. Бөкетовтің аударма жайлы жазған ой-пікірлері, сын-ескертпелері өз дәуірінің қажеттілігіне ғана жарап тұрған жоқ. Публицист қаламынан туған толғақты пайымдаулар мен дәлелді дәйектер құндылығы бүгінгі таңда да өз көкейкестілігін

жоғалтқан жоқ. Сондықтанда: «Көркем аударма — өскелең әдебиетіміздің аса бір көрнекті, аса бір салмақты саласының бірі, оның дамуын, өсіп-өрбуін, сапасы артуын әдебиетіміздің басқа салаларымен бірдей қарастырып, оған күйбеңсіз кең өріс ашуымыз қажет» [157, 34] деген Е. Бөкетов сөзі бүгінгі күнде де, болашақта да өз маңыздылығын жоғалтпақ емес.

Публицист шығармаларындағы психологизм негіздерін сөз ете отырып, Е. Бөкетовтің тақырып таңдауы мен цитата қолдану ерекшелігі, көркем аударма жөніндегі шеберлігі мен шешендігі жайында саралап айтуымыздың өзіндік мәні бар.

«Штампақ, формулаға жаны қас өнерге — байтақ өлке, ұлан асыр кеңістік керек. Әр алуан ізденістер, жан-жақты жаңашылдық, сан қилы формалық, мазмұндық өзгерістер содан шығады. Психологиялық талдауға еліту, оны ширата, ширықтыра келіп, осы таңдаудағы іргелі әдебиеттің үзілмес берік арқауына айналдыру талай дәуірлерге созылған шатқалаң соқпақтарды елестетеді» [158, 190].

«Өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық болмыстың қай саласы болмасын, Е. Бөкетовке жат емес еді. Ол қоғам деп аталатын алып жан иесінің өн бойындағы қан тамырларының соғысын дәл танып анықтаған, соған сәйкес рухани дәлмедәлдікпен диагнозын дөп қойған білгір психолог-публицист те бола білді. Сондықтан да көркем әдебиеттің көкейкесті мәселелеріне рухани жанашырлықпен қарап, оған өз ойын, көзқарас-пікірін білдіруі кездейсоқтық емес» [147, 8].

«Психологизм — мазмұн мен форманың да маңызды проблемасы: ол адамның аса бай ішкі өмірін бейнелеп жеткізуде мазмұн мен форма мәселесіне соқпай өтпейді. Бұл ретте әсіресе жазушының психикалық машығы мен жеке бастық тәжірибесі, жалпы барша болмысы ашық әрі көрнекті роль атқарады», — [159, 191] деген А. Иезунтов сөзі де біздің жоғарыдағы тұжырымдарымызды қуаттап тұрғандай.

Е. Бөкетов шығармалары адамның ішкі рухани дүниесін терең пайымдауға негізделген. Ол кейіпкерлерінің ішкі қайшылығын, ой-толғанысын психологиялық тәсілдер арқылы шебер береді. Кейіпкерлердің ішкі жан әлемін жеткізуде Бөкетов ішкі монолог тәсілін жиі қолданады. «Алты хат» деректі хикаятында бас кейіпкердің өткенге ой жүгіртуі, өмір

мен өлім, ар мен ұят арасындағы арпалысы терең психологиялық талдаумен беріледі. Оның кейіпкерлері көбіне ішкі шешімге келу үшін күреседі. Бұл процесс тек сыртқы әрекет арқылы емес, ішкі күйзеліс, өзін-өзі тану арқылы іске асады. Бұл әсіресе «Білмедім Шәкәрімді кім атқанын» диалог әңгімесінде айқын байқалады. Бөкетовтің шығармаларында адам тек жеке тұлға емес, қоғаммен тығыз байланыстағы субъект ретінде сипатталады. Кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі дағдарыстар қоғамдағы әділетсіздік, рухани жұтандықпен байланысты беріледі. Ол кейіпкерлерінің ішкі күйзелістерін қоғамдағы теңсіздікпен астастырады. Бұл қаламгердің әлеуметтік жауапкершілігін де көрсетеді. Бөкетов шығармаларында оқиға тым күрделі емес көрінуі мүмкін, алайда ішкі мазмұны терең. Бұл қаламгердің ерекше тәсілі — жәй құбылыс арқылы күрделі рухани процесті ашуы.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Евней Бөкетовтің публицистикалық мұраларын ғылыми негізде тұжырымдай келіп төмендегіше қорытындылар жасауға болады.

Ең бастысы, Е. Бөкетов өз заманының қоғамдық сипатын публицистика тілімен айқындап, бейнелеп кеткен қаламгер. Кеңес заманында өмірге келіп барлық саналы ғұмырын сол қоғамның даму, өсу, өркендеу кезеңдеріне бағыштаған, сол дәуірдің шындығы мен ақиқатын боямасыз көрсеткен ғалым-публицистің шығармашылық мұратының қандайлық дәрежеде екендігін өмір көрсетті. Қазіргі кезде кеңестік замандағы әдебиет пен тарихтың денін мансұқ етуге, даяр топтың барын да, уақыт дәлелдеп отыр. Бұл зерттеу ең бірінші сондай ойдағы адамдарға нақты жауап болып табылмақ. Өркениетті елдерде, қай қоғамның болмасын әдебиеті мен мәдениетіне, дәстүрі мен өнеріне үлкен құрметпен қарайды. Өткеннің бәрі тарихтың бедері деп бағалайды. Соған қарап кез келген қоғам бағыт алып, бесігін түзейді.

Е. Бөкетов публицистикасының бір ерекшелігі, сол әсіре қызыл науқаншылдықтан белгілі дәрежеде адальғы, әрі салқын қандылығы болып табылатындығында. Өмірде саясатқа да, заңға да белгілі бір жүйеге де бағынбайтын, тек бүкіл Адамзат тіршілігіне ғана ортақ ізгі қасиеттер болады. Олар Адамгершілік, Адалдық, Парасат атты ұғым төңірегінде үйлесім тауып, қоғам дамуының негізгі тетігі ретінде бейбіт өмірдің баяндылығының алғышарттарын жасайды. Кез келген қоғамның прогрессивті бағытты ұстанатыны белгілі. Кеңес мектептерінде тәлім алған оқушылардың бірі осы зерттеудің авторы. Біздің ұстаздардан алған тәліміміз: Отанды сүю, ата-ананы қадірлеу, өтірік айтпау, ұрлық жасамау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты ең ізгі қасиеттер емес пе еді. Мұны айтып отырғандағы себебіміз, Е.Бөкетов публицистикасындағы: «Ісіміздің, тұрмысы-мыздың, қарым-қатынасымыздың үлкен өлшемі — коллективтік, коммунистік принцип. Сыйласу, сырласу, көмектесу-өсер жастың “жан серігі, ең мықты буыны.

Сол буынға ақау түсірмендер, жас қауым!”» [159] деген сөзінен қандай коммунистік астар іздеуге болады.

Мұның астарында керісінше Абай тағылымы, Абай өсиеті жатқан жоқ па? «Жетпесе біріндікін бірін жеткіз», «Бірінді қазақ бірін дос — көрмесең істің бәрі бос» деген Абай сөзі Бөкетов публицистикасында дәуір тынысына сай орайластырып айтылып тұрған жоқ па?

Е. Бөкетов публицистикасы дәуір талғамына сай, соны пайымдау жаңа ұғымда айтылуы жағынан қазақ публицистикасының көсемдері А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, М. Әуезовтің, Ғ. Мүсіреповтің дәстүрлі сабақтастығын жалғайды. Дей тұрсақ та, публицист Е. Бөкетовтің өзіне тән даралық сипаттарын айырып қарағанда көптеген дәлелдер келтіруге болады.

Біріншіден, Е. Бөкетов кез келген тақырыпқа қалам сүйкей бермеген сыралғы публицист. Ол тек өз парасат-пайымындағы толғауы жетіп пісіп жетілген дүниелерді ғана ой таразысында екшей отырып, сол мәселе болмысының табиғатын жан-жақты ашып көрсете білген.

Екіншіден, мәселе етіп көтерген кез келген проблемасын, ғылыми негізде тұжырымдай отырып, одан шығудың концепциялық жолдарын қоса ұсынады.

Үшіншіден, публицистикалық шығармаларының қай-қайсында болмасын дидактикалық әсер, романтикалық сезім сияқты әсіре қызыл мінез жоққа тән. Келелі пікір, ғибратты қағидалары әр ойының мазмұнын айшықтап, көркемдігін арттыра түседі.

Төртіншіден, публицист шығармашылығының мәні қоғамдық қажеттіліктен туындауымен, оқырманның заманға сай рухани қажеттілігін қанағаттандыруымен құнды.

Замана үрдісі мен қоғамдық болмыс өлшеміне байыпты көзқарас, байсалды пікір айта білген Е. Бөкетов алғы күндердің еншісіне лайық жазылған өміршең публицистикаларын қалдырумен ерекшеленеді. Мысалы: «Табиғат тіршілік көзі», «Табиғат ананы аялай білейік», «Шедрость земли», «Қарағанды химиясы және оның болашағы», «Өндіріс пен ғылым егіз» сияқты көкейкесті мәселелерді қозғайтын мақалаларының

проблемалық қуаты бүгінгі күні де, болашақта да өз маңыздылығын жоғалтпақ емес.

Ал, жастар, өскелең ұрпаққа арнаған қаламгердің ішкі толғаныстары «Адам болам десеңіз», «Жас замандас келбеті», «Сыйлас, сырлас көмектес», «Алтын босағаны аттағандарға», «Алғашқы сабақ» сияқты тәлім-тәрбие, оқу-білімге, ғылымға деген құштарлық сезімдерін оятуға түрткі боларлық ғибратты мақала эсселерінің эстетикалық әсер-ләззатының қандайлық екендігін зерделеген жан-жақты түсінсе керекті.

Жастарды мәдениеттілік пен эстетикалық тәлім-тәрбиеге баулитын ағартушылық көзқарастағы Е. Бөкетов шығармаларын орта мектептер мен жоғарғы оқу орындарында педогогика-психология пәндеріне қосымша арнайы курс ретінде пайдаланса, нұр үстіне нұр болар еді.

Е. Бөкетов публицистикасының өміршеңдігі мен құндылығын, біз сол публицистиканың өзінің өн бойынан, айтар идеясы мен көтерген проблемасы төңірегінен іздеуіміз заңды құбылыс. Дегенменде, автордың ішкі-жан дүриесі мен толғанысын, дәл өзіндей дөп басып танып, сезіне алмайтындығымыз ақиқат. Е. Бөкетов өз шығармашылық мұраты туралы: «Мені бұл арада, жазушы інім, дұрыс түсініңіз. Өзімнің өткендегі өмірімді еске түсіргенде, соларға бір сіздерше ерекше көркемдік беріп, еске түсіргім келіп отырғам жоқ. Мен ондай ойдан аулақпын. Тек өз өмірімдегі болмашы оқиғалар мен адамдар мүлдем аталмай, не аз орын алып қалмасын деген ойым ғой», [160, 11] – деп ой түйеді.

Бір адамға жетерлік мансап пен атақ абыройы бола тұра, шығармашылық салада өзін соншалықты қарапайым сезінуі, Е. Бөкетов қаламгерлік қасиетінің тағы бір қырын танытқандай. Өрқашанда, адамзат ақыл-ойының данышпандарын тіліне тиек ете сөйлейтін автор өзінен гөрі, өзгелердің келелі пікірін алғышарт ете сөйлеуі, қаламгер болмысының азаматтық, адамгершілік сипатын аңғартады.

«Адамның бойындағы асыл қасиет — оның ойлары, сол ойларды туғызатын білімі», — дейді публицист [161, 156]. Сол ойлардан туатын сөздер жүзеге асатын әрекет қимылдар, оны қуанышқа, табысқа, бақытқа жеткізетін құрал, жол күш.

Е. Бөкетов публицистикасындағы негізгі пайымдауларда осы тұжырым төңірегінде өрбиді.

Оның публицистикалық мұрасын толық зерделген оқырманның (мейлі ол шығармалар көлемді немесе шағын болсын) ең бірінші аңғарары барлығының нақтылығы, документтілігі екендігі болар еді. Е. Бөкетов өз дәуіріндегі Қазақстан ғылымының белгілі бір уақыт ішіндегі болмыс-бітімін, тарихи бедерін насихаттаушы емес, сол саланы еркін меңгерген, зерттеген ғұлама ғалым ретінде қазақ публицистикасы тарихында өзіндік орны бар қаламгер екендігін танытты.

Алғашқы мақалалары жарық көре бастаған 1952 жылдан өмірінің соңғы кезеңіне (1983 ж.) дейін Е. Арыстанұлы баспасөзбен тығыз байланыста болып, өзінің творчестволық жұмысынан қол үзген жоқ. Сондықтан Е. Бөкетовтің публицистикасында 1950 жылдар мен 1980 жылдар аралығындағы еліміздің экономикалық ахуалы мен ғылыми-техникалық жетістіктерінің өсіп-өркендеуі, оқу-ағарту, ғылым саласының 30 жылдық бет-бейнесі, сондай-ақ түрлі әлеуметтік мәселелерімен қатар әдебиетіміз бен мәдениетіміздің болмыс-бітімі белгілі дәрежеде бейнеленген деп айтуға негіз бар.

Е. Бөкетов публицистикасын жүйелеп келіп, оны негізінен үш кезеңге бөліп қарастырамыз.

1952-1962 жылдарды қамтитын бірінші кезең Е. Бөкетовтің қаламгерлік қарымының қалыптасып, өсіп-өркендеу жолдарын көрсетеді. Бұл кезеңдегі Е. Бөкетов шығармалары негізінен әдебиет пен өнер тақырыбы аясында өрбіп, публицист қаламынан аударма, сын-рецензия сияқты көптеген мақала, заметкалар жарық көрді. Оның ішінде әсіресе автордың ден қойып, тұрақты қалам тартқан мәселесі театр қойылымдары мен олардың қазақ-орыс тілдерінде сахналануы туралы жазған сын-рецензиялары еді. Атап айтқанда, «Обличительная комедия», «Пьеса о Чокане Валиханове», «Народный артист», «Майра», «Легенда о любви Назыма Хикмета на казахской сцене», Спектакль «Вчера и сегодня», «В казахском академическом театре драмы», «Большие дубы: (Пьеса Каххара на казахской сцене)», «Пьеса о Токаше Бокине на русской сцене», «Қазақтың

академиялық театры» т.б. сияқты көптеген көкейкесті мақалаларын келтіруге болады.

Мәселе Е. Бөкетов мақалаларының қай тілде жазылғандығында емес, ең бастысы күні бүгінге дейін театр сыншыларына проблема ретінде кездесіп жүретін ұлт драмасының орыс театрындағы немесе шетел шығармаларының қазақ сахналарындағы қойылымдарының табиғилығы мен жасандылығының ар-жігі немесе басқалайда кейбір шешілмес түйіндері Е. Бөкетов мақалаларында тарқатылып көрсетілуінде жатыр.

Е. Бөкетов шығармашылығының екінші кезеңін 1963-1973 жылдар аралығында алып қараған дұрыс. Өйткені бұл жылдар Е. Бөкетовтің қаламгерлік қуаты мен қоса азамат ретіндегі толысып, қоғамдық көзқарасы мен парасат пайымдауының кемелденген кезеңі.

Өткен ғасырдың 1960 жылдарының аяғында жазылған «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін» атты мақаласы мен 1970 жылдардағы «Қараша үйден Қарағанды университетіне дейін» атты мақалалар аралығы оның қаламының қуаты мен шабытының кемелденген кезеңін көрсетеді.

Бұл жылдары Е. Бөкетов қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді көтерумен қатар, әдебиет пен өнер тақырыбында да бірнеше мақала-эсселер мен сын-зерттеу тұрғысында жазылған проблемалық шығармаларды жарыққа шығарды.

Е. Бөкетов публицистикасының ұлт ұғымы аясынан көтеріліп әлемдік, Адамзаттық ұлы идеялардың кеңістігіне қанат қағуы да осынау жылдар үлесіне жатады. Бұл кездегі ғалым-публицистің қаламынан туған «Атан қомында туған адам», «Пушкин мен Маяковский», «Сыйлас, сырлас, көмектес», «Ағадан — ақыл, ініден — ілтипат», «Жас замандас келбеті», «Көркем аударма, хал қалай?», «Облик нашего дня», «Стремиться к идеалу» сияқты мақалалары адам бойындағы ізгілік, адамгершілік, адалдық, мәдениеттілік сияқты игі қасиеттерге көбірек мән беруімен, оларды әлем ойшылдарының асыл ойларымен айшықтай түсуімен ерекшеленер еді.

